басқа да аурулар тобымен байланысты. Әрбір топ үшін баланың функциональдық қасиеттеріне әсерін тигізетін өз көріністері тән. Осыған байланысты тірек-қимыл аппараты бұзылған балалар контингенті клиникалық қатынаста да, психологиялық-педагогикалық қатынаста да өте әртекті болып келеді. Оларда психомоторлық бұзылыстардың ауырлық дәрежесі бір жағына өрескел бұзушылықтар, екінші жағында минималды бұзушылықтар бар үлкен диапазонда кұбылады [19; 20]. Жеңіл қозғалыс бұзылыстарында айқын интеллектуальдық және сөйлеу бұзылыстары, ал қозғалыс патологиясының ауыр дәрежесінде интеллектуальдық және сөйлеу тілінің дамуындағы елеусіз ауытқулар байқалуы мүмкін. Церебральды сал ауруы бар балаларда қозғалыс үйлесімінің бұзылыстары жиі байқалып, спастикалық диплегия, атоникалық және астатикалық түрлері өзгешеліктермен ерекшеленеді. Осындай қимыл-қозғалыс ерекшеліктерімен қатар, психикалық дамудағы айрықша ауытқулар (танымдық қызметтің, эмоциональдық-ерік аясының және тұлғаның қалыптасуының бұзылулары) тән. Балаларда сөйлеу тілінің барлық жағының, яғни лексикалық, грамматикалық және фонетико-фонематикалық қалыптасуында тежелу мен бұзылу байқалады.

Жұлын жарақаттары немесе аурулары бар балаларда мүгедектер арбасын немесе балдақтарды қолданумен, өз қатарластары сияқты ойнауға мүмкіндік болмауымен байланысты жабығу сезімі байқалады. Қозғалу қабілетінің бұзылуы балалардың тіршілік кеңістігін шектейді, әлеуметтік депривацияға әкеліп соқтырып, айналасындағылармен қарым-қатынас жасауға қажетті дағдыларды машықтандыруды және күйзеліс жағдаяттарын жеңудегі бейімдік копинг-стратегияларын қолдану мүмкіндігін тежейді.

Балаларда ампутациямен байланысты психо-эмоциялық жағдайдың бұзылуы ұжымға қайта келгенде дамиды. Бұл кезеңде 16,8% жағдайларда кездесетін невроздық реакциялар пайда болуы мүмкін. Мүгедек

бала адамдардың алдында, әсіресе балалар ұжымында ұялу, кемсіну және үрей сезімдерін сезулері мүмкін.

Бұл санаттағы мүгедектермен дене тәрбиесі сабақтарын өткізу барысында жаттықтырушы мұғалім балаға әрбір жаттығуды орындалып жатқан қимылдың сипатын көрсететін сөздермен жеткізуі керек. Мысалға, тиісті қимылдар кезінде «қолды көтеріміз, басты еңкейтеміз» және т.б. Мүмкіндігінше, барлық жаттығуларды айна алдында орындаған жөн, бұл дене сұлбасын және қалпын, ал содан соң оптико-моторлық және есту-моторлық байланыстар көмегімен қозғалыс үлгілерін де сезінуді меңгеруге және бекітуге қажет болады. Қандай да бір қимылды қалыптастыруға бағытталған барлық жаттығулар тыныс алу гимнастикасы жаттығуларымен кезектестіріліп отыру керек.

Тірек-қимыл аппаратының қазіргі кезде балалар арасында жиі тараған кейбір бұзылуларын түзетуде жүру, саптағы жаттығулар, арқа бұлшық еттерінің, құрсақ тығыршығының жалпы және күш төзімділігін жаттықтыруға, бас пен қол-аяқтарды қалпына келтіруге, қоғалыс үйлесімділігі, тепе-теңдік функцияларын дамытуға, мүсін мен жүрісті түзетуге, ырғақты дамыту мен қимылдардың кеңістіктік бағдарлануына арналған жаттығулар аса жоғары маңызға ие [21].

Пікір алмасу. Мүмкіндігі шектеулі балаларға дене тәрбиесі сабағын, көбіне, олардың жанына жақын болып келетін ойын түрінде өткізу тиімді. Өйткені, мүмкіндігі шектеулі балалардың эмоциялық көңіл-күйі көбінесе ойын және қимыл-қозғалыс әрекетіне көрініс береді. Ойынның психологиялық негізіне бала жанының сезімдер басымдылығы, оны айқындаудың еркіндігі, шынайы күлкі, көз жасы, қуаныш, яғни, дене тұрғысынан да, психикалық аяда да көрініс беретін баланың табиғи буырқанды сезімдік іс-қызметі болып табылады. Бұл үдерістің құпиясы адамның психофизиологиялық аясында жатыр. Шынымен де, егер де бала бір қалыпты отырыста ұзақ уақыт бойы отыра берсе, онда

оның қимыл-қозғалысқа деген қажеттілігін сезе бастайды да, еш бір мақсатсыз қимыл-қозғалыстар жасай бастайды: жүгіреді, секіреді, жұлмаласа итереді.

Дене шынықтыру сабағында эмоциялық тонусты ерекше күшейтетін ойындардың ішінде секіріп ойнауды, қуып жетуді, ұстап алуды әртүрлі нұсқаларымен пайдалану тиімді болады. Барлық балаларды ширақ қимылға тарта отырып, бұл ойындар қан айналымын күшейтеді, тыныс алуды тереңдетеді, құрсақ қуысындағы, бас сүйегі мен аяқтағы қанның үю құбылыстарын жоюға көмектеседі. Жаттығулардың ішінде иық, белдеу еттерінің, кеуде, аяқтың негізгі топтарын интенсивті жұмыс істеуге тартатын, тұлғаны түзейтін, жүйке жүйесінің қызметін жандандыратын балаларға таныс жаттығулар қолданылады. Мысалы, қолдарды жоғары көтеру, оларды бұлғау, жан-жаққа созу, төмен түсіру; тартылу, жартылай отыру, отыру, аяқты тізеден бүгу; кеудені жан-жаққа қисайту, алғатөмен иіліп, ізінше бойды тіктеп түзеу, т.б. Мүмкіндігі шектеулі балалардың танымдық күзіреттілігін қалыптастыру мақсатында арт-терпиялық әр түрлі әдістерді де қолдану аса маңызды [22].

Нәтижелері. Мүмкіндігі шектеулі балаларға сабақ жүргізетін дене тәрбиесі оқытушысына қойылатын талаптар да аса жоғары ерекшеліктермен сипатталады [23]. Бейімдік дене шынықтыру мұғалімінің басшылыққа алатын негізгі ұстанымдары:

- мүмкіндігі шектеулі бала мен жаттықтырушы-ұстаз арасындағы педагогикалық әдеп пен ынтымақтастықтың сақталуы;

- балалардың психологиялық жағдайы және мүмкіндік деңгейлерін ескеру;

- оқушы балаларға берілген тапсырманың шектен тыс ауыр болмауы;

- оқушылармен сабақ жүргізу барысында тапсырманың бала зердесіне әсер етуін, оның қабылдауын, есте сақтауын назардан тыс қалдырмау;

- мүмкіндігі шектеулі баланың ата-ана-

сымен тығыз байланыста болу.

Біздің пайымдауымызша, денсаулығы мен дамуында кемістігі бар балалармен жұмыс істейтін педагог-маманның бейімдік дене шынықтырудың теориясы мен әдістемесінен, анатомия, физиология, түзету педагогикасы мен психологиясы, спорт медицинасынан кәсіби дайындығы терең, ал балалардың көру, есту, сөйлеу, тірек-қимыл аппараты және жүйке жүйесі қызметінің бұзылулары мен оларды емдеудің заманауи әдістерінен хабардарлығы жоғары болуы керек. Осындай жан-жақты білімді болуымен қатар, оның бойында мейірімділік, ұстамдылық, төзімділік, қайырымдылық, жанашырлық және кішкентай балаға құрмет көрсете білу сияқты жеке бас қасиеттері тән болғаны дұрыс. Ол мінезі байсалды, эмоциональдық және психологиялық тұрғыдан тұрақты, өзін өзі бақылай алатын жаттықтырушы-ұстаз болуы қажет.

Қорытынды. Сонымен, мүмкіндігі шектеулі балалардың бейімдік дене шынықтыруы барысында ағзаның физикалық және психикалық қасиеттері дамиды, функциональдық мүмкіндіктері артады, оларда арнайы білім, қозғалыс дағдылары мен машықтарының кешені қалыптасады. Дене жаттығуларымен айналысу мүгедек балалар үшін аса маңызды, себебі олар біруақыттағы дене, психикалық және әлеуметтік бейімделудің өте тиімді амалдары мен әдістері болып табылады.

Мүмкіндігі шектеулі балалармен жүргізілетін бейімдік дене тәрбиесі сабақтарының әдістемесі жаттығушыларының бірдей мүмкіндіктерін ескеретін базалық және ауруына сәйкес жекеленген қозғалыс пен психологиялық қасиеттерін есепке алатын белгілі бір топқа байланысты бағытталған вариативтік құрылымды құрамына кіргізіледі. Базалық құрылымына жүру, жай жүгіру, бір орында тұрып жасалатын жалпы дамытушылық жаттығулар, иілу, бұрылу, айналу, секіру, тыныс алу жүйесіне арналған жаттығулар, қайта қалыпқа келтіруге бағытталған жаттығулар икемділік, жүктемені біртіндеп

арттыру негізінде ойын түрінде қайталау әдісі арқылы жасалатын жаттығулар кіреді. Ал, мүгедек баланың денсаулығындағы кемшілікке тән бұзылым белгілерін есепке алатын вариативтік құрылымға емдік дене шынықтыру: біртіндеп жүктемені арттыру негізінде секіртпемен, доптармен, спорттық жаттығу құрылғыларында біркелкі, қайталанып орындалатын түзетуші гимнастика жаттығулары енгізіледі.

Педагогикалық білім берудің гуманистік мақсаты бейімдік дене шынықтыру психологиялық ерекшеліктерін ескеруге міндетті.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

[1] ҚР Президентінің «Қазақстан Республикасының дене шынықтыру мен спортты дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы» 2016 жылғы 11 қаңтардағы № 168 Жарлығы /Астана, Ақорда.

[2] Лебедева Н.Н. Организация специальных образовательных условий для детей с ограниченными возможностями в учреждениях образования Казахстана /Актуальные проблемы теории и практики инклюзивного образования: Материалы международной научно-практической конференции, 20 октября. – Уральск, 2016. – С.13-15.

[3] Сыздыкова С.Ж., Марчибаева У.С. Развитие адаптивной физической культуры в Казахстане на современном этапе /Адаптивная физическая культура и спорт: современное состояние и перспективы развития: Материалы I Международной научно-практической конференции, 19-20 сентября. – Нур-Султан, 2019. – С.53-57.

[4] Мовкебаева З.Б. Проблемы и перспективы развития инклюзивного образования в Республике Казахстан на современном этапе /Психология и педагогика. – 2016. – №3(28). – С.75-81.

[5] Тимурова А. За пять лет число инвалидов в Казахстане увеличилось на 7,5%. [Электронный ресурс]: URL: <https://inbusiness.kz/ru/news/za-pyat-let-chislo-invalidov-v-kazahstane-velichilos-na-7-5> (қаралған мерзімі: 02.03.2020).

[6] Қазақстан Республикасындағы балалардың жағдайы туралы баяндама. [Электронный ресурс]: URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/bala/documents/details/17155?lang> (қаралған мерзімі: 02.03.2020).

[7] Қазақстан Республикасының «Білім беру туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III Заңы, (8-бап, 4 тармақ, 21-5 тармақшасы).

[8] Выготский Л.С. Основы дефектологии. – Санкт-Петербург: Лань, 2003. – 654 с.

[9] Фильчаков С.А., Чернышева И.В., Шлемова М.В., Егорычев Е.В. Адаптивная физическая культура в жизни инвалидов /Международный журнал экспериментального образования. – 2014. – №7-2.– С.87-97.

[10] Литош Н.Л. Адаптивная физическая культура: психолого-педагогическая характеристика детей с нарушениями в развитии: Учебное пособие. – М.: СпортАкадемияПресс. – 2002. – 140с.

[11] Demirdzhi P. The impact of physical education and sport activities on the fitness level of children with special educational needs. Dissertation, NSA, Sofia, 2019.

[12] Anne Züll, Vera Tillmann, Ingo Froböse, Volker Anneken & Vassil Girginov (Reviewing editor) (2019) Physical activity of children and youth with disabilities and the effect on participation in meaningful leisure-time activities, Cogent Social Sciences, 5:1, DOI: 10.1080/23311886.2019.1648176

[13] Inoue, S., Kawashima, M., Hiratsuka, Y., Nakano, T., Tamura, H., Ono, K., Murakami, A., Tsubota, K., & Yamada, M. (2018). Assessment of physical inactivity and locomotor dysfunction in adults with visual impairment. Scientific reports, 8(1), 12032. <https://doi.org/10.1038/s41598-018-30599-z> (қаралған мерзімі: 02.03.2020)

[14] Tindall, Daniel & Foley, John & Beets, Michael & Lieberman, Lauren. (2017). Physical activity levels of children with visual impairments during an adapted sports camp. British Journal of Visual Impairment. 35. 143-153.

10.1177/0264619616674334.

[15] Omar, Shokhan & Yasin, Mohd & Razak, Mohd & Dauwed, Mohammed. (2019). Physical Activity Measurement for Hearing Impairments in Different Age Level. 8. 29-35.

[16] Barboza, Clévia & Ramos, Alex & Abreu, Paula & Castro, Helena. (2019). Physical Education: Adaptations and Benefits for Deaf Students. *Creative Education*. 10. 714-725. 10.4236/ce.2019.104053.

[17] Wouters, M, Evenhuis, HM, Hilgenkamp, TIM. Physical activity levels of children and adolescents with moderate to severe intellectual disability. *J Appl Res Intellect Disabil*. 2019; 32: 131– 142.

[18] Skordilis Emmanouil, Greenlees Iain, Chrysagis Nikolaos, Grammatopoulou Eirini, Arriaga Andres, Vaquero Fernandez Almudena, Gaillard Joel, Skordilis Antonios, Dias Joao, Papadopoulou Vassiliki and Serras Dionysios(2019). The effect of a European-based exercise program upon the health-related physical fitness of individuals with intellectual disabilities: The alive and kicking perspective, *Journal of Sports Medicine and Therapy*.4, 081-093. doi:10.29328/journal.jsmt.1001048

[19] Jaarsma, Eva & Smith, Brett. (2017). Promoting physical activity for disabled people who are ready to become physically active: A systematic review. *Psychology of Sport and Exercise*. 10.1016/j.psychsport.2017.08.010.

[20] Krops, L. A., Dekker, R., Geertzen, J., & Dijkstra, P. U. (2018). Development of an intervention to stimulate physical activity in hard-to-reach physically disabled people and design of a pilot implementation: an intervention mapping approach. *BMJ open*, 8(3), e020934.

[21] Балгимбеков Ш.А., Мухиддинов Е.М. Қазіргі кезде мектеп оқушылары арасында тірек-қимыл аппаратының жиі тараған бұзылуларын дене шынықтыру жаттығуларымен түзету /Адаптивная физическая культура и спорт: современное состояние и перспективы развития: Материалы I Международной научно-практической конференции, 19-20 сентября. – Нур-Султан, 2019. – С.76-81.

[22] Айтбаева А.Б., Рахматулла М. Мүмкіндігі шектеулі балалардың танымдық құзіреттілігін қалыптастырудағы арт-терапиялық әдістердің рөлі /Педагогика және психология. – 2017. – №1(30). – 113-119 бб.

[23] Моисеева Н.А., Токтарбаев Д.С., Тунгышмуратова Л.С. О проблемах профессиональной компетентности педагогов организаций образования в сфере адаптивной физической культуры в Республике Казахстан /Адаптивная физическая культура и спорт: современное состояние и перспективы развития: Материалы I Международной научно-практической конференции, 19-20 сентября. – Нур-Султан, 2019. – С.49-53.

References

[1] KR Prezidentinin «Kazakstan Respublikasynyn dene shynykturu men sportty damytudyn 2025 zhyлга dejingi tuzhyrymdamasyn bekitu turaly» 2016 zhylygy 11 kantardagy №168 Zharlygy /Astana, Akorda.

[2] Lebedeva N.N. Organizaciya special'nyh obrazovatel'nyh uslovij dlya detej s ogranichennymi vozmozhnostyami v uchrezhdeniyah obrazovaniya Kazahstana /Aktual'nye problemy teorii i praktiki inklyuzivnogo obrazovaniya: Materialy mezhdunarodnoj nauchno-prakticheskoy konferencii, 20 oktyabrya. – Ural'sk, 2016. – S.13-15.

[3] Syzdykova S.ZH., Marchibaeva U.S. Razvitie adaptivnoj fizicheskoy kul'tury v Kazahstane na sovremennom etape /Adaptivnaya fizicheskaya kul'tura i sport: sovremennoe sostoyanie i perspektivy razvitiya: Materialy I Mezhdunarodnoj nauchno-prakticheskoy konferencii, 19-20 sentyabrya. – Nur-Sultan, 2019. – S.53-57.

[4] Movkebaeva Z.B. Problemy i perspektivy razvitiya inklyuzivnogo obrazovaniya v Respublike Kazahstan na sovremennom etape /Psihologiya i pedagogika. – 2016. – №3(28). – S.75-81.

[5] Timurova A. Za pyat' let chislo invalidov v Kazahstane uvelichilos' na 7,5%. [Elektronnyj resurs]: URL: <https://inbusiness.kz/ru/news/za-pyat-let-chislo-invalidov-v-kazahstane-uvelichilos-na-7-5> (qaralfan merzimi: 02.03.2020).

[6] Kazakstan Respublikasyndary balalardyn zhardajy turaly bayandama. [Elektronnyj resurs]: URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/bala/documents/details/17155?lang> (qaralfan merzimi: 02.03.2020).

[7] Kazakstan Respublikasynyn «Bilim beru turaly» 2007 zhylygy 27 shildedegi №319-III Zany, (8-bap, 4 tarmak, 21-5 tarmakshasy).

[8] Vygotskij L.S. Osnovy defektologii. – Sankt-Peterburg: Lan', 2003. – 654 s.

[9] Fil'chakov S.A., Chernysheva I.V., Shlemova M.V., Egorychev E.V. Adaptivnaya fizicheskaya kul'tura v zhizni invalidov /Mezhdunarodnyj zhurnal eksperimental'nogo obrazovaniya. – 2014. – №7-2.– S.87-97.

[10] Litosh N.L. Adaptivnaya fizicheskaya kul'tura: psihologo-pedagogicheskaya harakteristika detej s narusheniyami v razvitii: Uchebnoe posobie. – M.: SportAkademiyaPress. – 2002. – 140s.

[11] Demirdzhi P. The impact of physical education and sport activities on the fitness level of children with special educational needs. Dissertation, NSA, Sofia, 2019.

[12] Anne Züll, Vera Tillmann, Ingo Froböse, Volker Anneken & Vassil Girginov (Reviewing editor) (2019) Physical activity of children and youth with disabilities and the effect on participation in meaningful leisure-time activities, Cogent Social Sciences, 5:1, DOI: 10.1080/23311886.2019.1648176

[13] Inoue, S., Kawashima, M., Hiratsuka, Y., Nakano, T., Tamura, H., Ono, K., Murakami, A., Tsubota, K., & Yamada, M. (2018). Assessment of physical inactivity and locomotor dysfunction in adults with visual impairment. Scientific reports, 8(1), 12032. <https://doi.org/10.1038/s41598-018-30599-z> (қаралған мерзими: 02.03.2020)

[14] Tindall, Daniel & Foley, John & Beets, Michael & Lieberman, Lauren. (2017). Physical activity levels of children with visual impairments during an adapted sports camp. British Journal of Visual Impairment. 35. 143-153. 10.1177/0264619616674334.

[15] Omar, Shokhan & Yasin, Mohd & Razak, Mohd & Dauwed, Mohammed. (2019). Physical Activity Measurement for Hearing Impairments in Different Age Level. 8. 29-35.

[16] Barboza, Clévia & Ramos, Alex & Abreu, Paula & Castro, Helena. (2019). Physical Education: Adaptations and Benefits for Deaf Students. Creative Education. 10. 714-725. 10.4236/ce.2019.104053.

[17] Wouters, M, Evenhuis, HM, Hilgenkamp, TIM. Physical activity levels of children and adolescents with moderate to severe intellectual disability. J Appl Res Intellect Disabil. 2019; 32: 131– 142.

[18] Skordilis Emmanouil, Greenlees Iain, Chrysagis Nikolaos, Grammatopoulou Eirini, Arriaga Andres, Vaquero Fernandez Almudena, Gaillard Joel, Skordilis Antonios, Dias Joao, Papadopoulou Vassiliki and Serras Dionysios(2019). The effect of a European-based exercise program upon the health-related physical fitness of individuals with intellectual disabilities: The alive and kicking perspective, Journal of Sports Medicine and Therapy, 4, 081-093. doi:10.29328/journal.jsmt.1001048

[19] Jaarsma, Eva & Smith, Brett. (2017). Promoting physical activity for disabled people who are ready to become physically active: A systematic review. Psychology of Sport and Exercise. 10.1016/j.psychsport.2017.08.010.

[20] Krops, L. A., Dekker, R., Geertzen, J., & Dijkstra, P. U. (2018). Development of an intervention to stimulate physical activity in hard-to-reach physically disabled people and design of a pilot implementation: an intervention mapping approach. BMJ open, 8(3), e020934.

[21] Balgimbekov SH.A., Muhiddinov E.M. Қазиргі кезде мектеп оқушылары арасында тірек-кімйіл аппаратунун zhii tararan byzylularyn dene shynykturu zhattyfularymen tyztetu /Adaptivnaya fizicheskaya kul'tura i sport: sovremennoe sostoyanie i perspektivy razvitiya: Materialy I Mezhdunarodnoj nauchno-prakticheskoy konferencii, 19-20 sentyabrya. – Nur-Sultan, 2019. – S.76-81.

[22] Aitbaeva A.B., Rahmatulla M. Mumkindigi shekteuli balalardyn tanyndyk kuzirettiligin kalypstastyrudagy art-terapiyalık adisterdin roli /Pedagogika zhane psihologiya. – 2017. – №1(30). – 113-119 bb.

[23] Moiseeva N.A., Toktarbaev D.S., Tungyshmuratova L.S. O problemah professional'noj kompetentnosti pedagogov organizacij obrazovaniya v sfere adaptivnoj fizicheskoy kul'tury v Respublike Kazahstan /Adaptivnaya fizicheskaya kul'tura i sport: sovremennoe sostoyanie i perspektivy razvitiya: Materialy I Mezhdunarodnoj nauchno-prakticheskoy konferencii, 19-20 sentyabrya. – Nur-Sultan, 2019. – S.49-53.

Психолого-педагогические особенности физического воспитания детей с ограниченными возможностями

Ш.А. Балгимбеков¹, К.Е. Кушназарова¹, Ш. Болаткызы¹

¹Казахский национальный педагогический университет имени Абая
(Алматы, Казахстан)

Аннотация

В статье изложены психолого-педагогические особенности физического воспитания детей с ограниченными возможностями. Отмечено, что за последние 5 лет в Казахстане количество инвалидов увеличилось на 7,5% и в настоящее время составляет 674,2 тыс., из них 86956 – лица в возрасте до 18 лет, из которых 90%

– дети в возрасте до 16 лет. Авторами описаны особенности моторно-психического развития детей с нарушениями зрения, слуха, речи, опорно-двигательного аппарата и нервной системы. Представлены сведения о методиках адаптивной физической культуры детей с различными нарушениями развития и здоровья. Предложены требования к профессиональной компетентности педагога-тренера образовательных организаций в области адаптивной физической культуры для работы с детьми с особыми образовательными потребностями.

Ключевые слова: физическое воспитание; дети с ограниченными возможностями; здоровье; психическое развитие; адаптивная физическая культура; физические упражнения; коррекция; методика; педагог-тренер.

Psychological and pedagogical features of the physical education of children with disabilities

Sh.Balgimbekov¹, K.Kushnazarova¹, Sh.Bolatkyzy¹

¹Abai University (Almaty, Kazakhstan)

Abstract

The article outlines the psychological and pedagogical features of the physical education of children with disabilities. It is noted that over the past 5 years in Kazakhstan the number of disabled people has increased by 7.5% and currently amounts to 674200. 86956 are people under the age of 18 years, of which 90% are children under the age of 16. The authors describe the features of the motor-mental development of children with visual, hearing, speech, musculoskeletal and nervous system disorders. Information is presented on the methods of adaptive physical education of children with various developmental and health disorders. The requirements to the professional competence of the teacher-trainer of educational organizations in the field of adaptive physical education for working with children with special educational needs are proposed.

Keywords: physical education; children with disabilities; health; mental development; adaptive physical education; physical exercises; correction; methodology; teacher trainer

Редакцияға 20.01.2020 қабылданды.

МРНТИ 14.25.07

А.А. ШАЯХМЕТОВА¹, А.Д. СИХЫНБАЙ¹

¹Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті

(Көкшетау, Қазақстан),

aisulu_sh@mail.ru; aidana.sihinbai@gmail.com

https://doi.org/10.51889/2020-3.2077-6861.12

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ КОММУНИКАТИВТІК МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Аңдатпа

Мақалада бастауыш сынып оқушыларының коммуникативтік мәдениетін қалыптастыру білім беру саласындағы өзекті мәселелердің бірі болып табылатын мәселелер қарастырылған. Бастауыш сынып оқушысының тілдік қарым-қатынасын жетілдіру, дамыту арқылы қоғамға жан-жақты дамыған, белсенді, сонымен қатар, шебер қарым-қатынас жасай білетін оқушыларды тәрбиелеу басты мақсаттардың бірі болып табылады. Бұл мақалада «коммуникация», «мәдениет» және «толеранттылық» ұғымдарын теориялық тұрғыда негіздей отырып, «коммуникативтік мәдениет» ұғымына анықтама берілген. Мақалада бастауыш сынып оқушыларының коммуникативтік мәдениеті жайлы зерттеушілер мен ғалымдардың ой-пікірлері, бастауыш сынып оқушыларының коммуникативтік мәдениетінің ерекшеліктері және коммуникативтік мәдениетті қалыптастыру бағыты көрсетілген. Сондай-ақ, коммуникативтік мәдениетке ие оқушы бойында болуы қажет қасиеттер мен негізгі компоненттер аталып өтілген. Оқыту процесінде бастауыш сынып оқушыларының коммуникативтік мәдениетін қалыптастырудағы әдістер мен тәсілдерді дұрыс таңдау арқылы дұрыс ұйымдастырылған оқу-тәрбие жұмысының қажеттілігі туралы негізгі ой айтылды.

Түйін сөздер: коммуникация; мәдениет; толеранттылық; қарым-қатынас; коммуникативтік мәдениет; бастауыш сынып оқушысы.

Кіріспе. Елбасы Н. Назарбаев өз жолдауында тұлға бойында ойлау, шығармашылық қабілеттері бала кезден қалыптасатынын атап өтті. Осы тұрғыда, білім беру ісінде 4К моделіне: креативтілік, сыни ойлау, командада жұмыс істеу және коммуникативтілікті дамытуға басты назар аударуымызды талап етті [1].

Білім туралы заңда білім берудің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарды, ғылым мен тәжірибе жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған. Ол үшін «жаңа технологияларды енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық желілерге шығу» деген міндеттер қойылады. Демек, оқу ағарту саласында өзекті мәселенің бірі оқушыны сапалы қарым-қатынасқа даярлап, тұлғаның коммуникативті мәдениетін қалыптастыру. Оқушының тілдік қарым-қатынасын жетілдіру, дамыту арқылы қоғамға жан-жақты дамыған, белсенді, өз бетімен, жасампаздықпен ойлай алатын және өз ойын шығармашылықпен жеткізіп, шебер қарым-қатынас жасай білетін, тілдік қатысымды тиімді қолдана алатын бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу [2].

Зерттеудің әдіснамасы. Бүгінгі таңда жаңартылған білім беру бағдарламасының ерекшеліктерінің бірі оқушылардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыруға негізделген. Сондай-ақ, тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым барысында оқушылардың өз ойын жетік жеткізу, еркін сөйлей білу дағдылары қалыптасады. Осыған сәйкес оқыту диалогтық сипатта орын алады. Оқыту мен тәрбиелеудің диалогтық сипаты бастауыш сынып оқушыларының коммуникативтік мәдениетін жалпы мәдениеттің құрамдас бөлігі ретінде қалыптастыру қажеттілігін туындатады.

Бастауыш сынып оқушыларының коммуникативті мәдениетін қалыптастыру белгілі бір кезеңдер арқылы жүзеге асады. Оқушылардың коммуникативті мәдениетін қалыптастыру деңгейінің динамикасы жеке тұлғаны әлеуметтендірудің негізгі шарттарының бірі болып табы-

лады. Оқушылардың коммуникативтік мәдениетін қалыптастыру педагогикалық және дидактикалық жағдайларды кешенді қолдануды, сонымен қатар оқытушының өзінде жоғары деңгейлі коммуникативті мәдениеттің болуын талап етеді. Бұл оқытудың оңтайлы әдістерін таңдауға мүмкіндік береді.

Біз «коммуникативтік мәдениет» ұғымының мазмұнын қарастырғанда коммуникация, мәдениет, толеранттылық ұғымдарына назар аударғанымыз жөн.

Психологиялық және социологиялық әдебиеттерде коммуникация ұғымы анықталады: ақпаратты адамнан адамға беру процесі; әлеуметтік процестерге ықпал ету мақсатында қоғамдағы ақпараттың берілуі мен алмасуы [3].

Коммуникация ұғымы туралы көптеген пікірлер бар: коммуникацияны қарым-қатынас түрі ретінде түсінуден бастап адамдардың бір-бірін қолдауына дейін. «Коммуникация» термині латын сөзінен шыққан және келесідей мағына білдіреді: байланыстыру; байланыс жолдары (ауа, су және басқа да коммуникациялар); байланыс формасы (телефон, радио), екі немесе бірнеше тұлғалар арасындағы байланыс [4].

Коммуникация оқушы өмірінің барлық салаларын қамтиды. Бұл тұлғаның қалыптасуы мен өмір сүру процесінде қарым-қатынастың атқаратын қызметімен анықталады. Осы тұрғыда Г.Н. Кобякова оқушылардың коммуникациясының маңызды функцияларын атап көрсетті:

- нормативті (оқушылардың әлеуметтік мінез-құлық нормаларын игеруін көрсететін, яғни коммуникация нормотивтік процесс ретінде);
- танымдық (оқушылардың коммуникация барысында әлеуметтік тәжірибелерді меңгеруі);
- эмоциялық (коммуникация аффективті процесс ретінде) [5].

Пікір алмасу. Мәдениет – қоғам өмірінің барлық салаларын қамтитын күрделі білім беру жүйесі. Сондықтан оның көптеген анықтамалары бар. Мәдениет-мінез-құлық

этикасы, өнернемесе гуманитарлық білім ғана емес, күрделі және көп жоспарлы құбылыс. Мәдениетті адам өзі қалыптастырады. Ол адамның табиғатқа деген қарым-қатынасын (экологиялық мәдениет) және табиғи дене ретінде өзіне деген қарым-қатынасын (дене шынықтыру мәдениеті) және әлеуметтік ортаға деген қатынасын (экономикалық, саяси және коммуникативтік мәдениеті) қамтиды [6].

Джон Бодлей [7] өзінің еңбектерінде мәдениет ұғымына келесідей анықтамалар береді (1 кесте):

Толеранттылықты біз басқа адамдарға, көзқарастарға, әдеттерге, ұлттарға деген төзімділік ретінде анықтауымызға болады. Толеранттылық дегеніміз – құрметтеу дегенді білдіреді. Қалыптасып қалған дәстүрлері,

мәдениеттері бар түрлі ұлт өкілдері өзара қарым-қатынас жасай отырып, бір-біріне адамгершілік, толеранттылық көзқарас танытулары қажет [8].

Толеранттылықтың негізгі принциптері:

- зорлық-зомбылықтан бас тарту;
- жеке тұлғаның таңдауының еріктілігі, оның наным-сенімінің шынайылығына баса назар аудару;
- қоғамдық қажеттіліктерді бұзбай, заңдарға, салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарға бағыну;
- нәсілі, мәдениеті, діні бойынша ерекшеленетін адамдарды қабылдау;
- өзіңізге қандай қарым-қатынас жасағанын қаласаңыз, өзгелерге де дәл сондай қарым-қатынас көрсету [9].

Кесте 1

Джон Бодлей бойынша мәдениет ұғымына анықтамалары

Бағыты	Анықтама
Тақырыптық	Мәдениет тақырыптар мен санаттардың (әлеуметтік ұйым, дін немесе экономика) тізімінен тұрады.
Тарихи	Мәдениет – бұл әлеуметтік мұра немесе болашақ ұрпаққа берілетін дәстүр.
Бихевиористік	Мәдениет – бұл жалпы, меңгерілген адам мінез-құлқы, өмір салты.
Нормативтік	Мәдениет – бұл идеалдар, құндылықтар немесе өмір сүру ережелері.
Функционалдық	Мәдениет – бұл адамдардың қоршаған ортаға бейімделуі немесе бірге өмір сүру барысында туындаған мәселерді шешуде қолданылатын әдіс.
Психологиялық	Мәдениет – бұл импульстарды басатын және адамдарды жануарлардан айыратын идеялар немесе игерілген әдеттер кешені.
Құрылымдық	Мәдениет өзара байланысты идеялардан, символдардан немесе мінез-құлық үлгілерінен тұрады.
Белгілік	Мәдениет қоғамда бөлінетін ерікті игерілген белгілерге негізделген.

Нәтижелері. Коммуникативтік мәдениет дегеніміз – білім беру алаңында тиімді орнығу үшін, әлеуметтік ортаға тез сіңу үшін, кәсіби

іс-әрекетінде өз білімін жетілдіру және өзін дұрыс көрсете алуындағы адамның жүйелік мінездемесі. Коммуникативті мәдениетке

жатады: қоғамдағы мәдениет, жеке адамның мәдениеті, кәсіби іс-әрекетінің мәдениеті.

Коммуникативті мәдениет мәселесі бойынша қазіргі заманғы зерттеулерді талдау барысында «коммуникативтік мәдениет» ұғымы «қарым-қатынас мәдениеті» (И.А.Ильева, Н.М. Смирнова және т.б.), «коммуникативтік құзыреттілік» (С.Л. Братченко, Г.С. Трофимова және т.б.) сияқты ұғымдармен жиі теңестірілгенін байқауға болады. Коммуникативтік мәдениет – бұл көп деңгейлі құрылымның өзара байланысы, динамикалық және интегративті білім беру, іс жүзінде әрекет етуші элемент ретінде субъектілердің гуманистік құндылықтар мен сезімдерді жүзеге асыруы негізінде өзара әрекеттесу сипатын көрсетеді.

Бастауыш сынып оқушыларының коммуникативті мәдениетін қалыптастыру оқытудың алғашқы сатыларынан басталады. Т.Е. Тихонованың пікірінше, «бастауыш сыныпта коммуникативті мәдениеттің қалыптасуы кейінгі білім беру деңгейлерінде сәтті дайындық пен білім алудың қажетті шарты». Ғалым бастауыш сынып оқушыларының коммуникативті мәдениетін «интегралды жеке білім беру процесінде баланың сөйлеу әрекетін мақсатты, әсерлі, үйлесімді етуге мүмкіндік беретін қасиеті» ретінде қарастырады.

Т.Е.Тихонова бастауыш сынып оқушыларының коммуникативті мәдениетінің келесі ерекшеліктеріне назар аударады: кең және алуан түрлі коммуникативті іс-әрекеттер диапазоны; ауызша қарым-қатынастың басымдылығы; эмоционалдылық, қарым-қатынас процесінде өзара түсінушілік пен жанашылдық [10].

Е.А. Рохлина бастауыш сынып оқушыларының коммуникативтік мәдениетінің компоненттерін бөліп көрсетті:

- коммуникативтік нормалар мен ережелерді білу;
- әңгімелесушінің жеке ерекшеліктерін білу;
- өзінің коммуникативтік қасиеттерін білу;
- коммуникативтік жағдаяттарды меңгеру;

– сұхбаттасушыға құндылық ретінде көзқарас таныту;

- коммуникативтік идеал [11].

М.Г. Руд коммуникативті мәдениет жеке мәдениеттің барлық қызмет түрлерінде қалыптасатын ажырамас бөлігі деп санайды [12].

Г.И. Саламатованың пікірінше коммуникативті мәдениетті тұлға қасиетінің жүйесі ретінде де қарастыруға болады: шығармашылық тұрғыда ойлау (стандартты емес); сөйлеу әрекетінің мәдениеті; қарым-қатынас жасау және өз жағдайын психоэмоциялық реттеу мәдениеті; қимыл пластикасы және ымдау мәдениеті; өзгелердің коммуникативтік әрекетін қабылдау мәдениеті; эмоциялар мәдениеті [13].

Коммуникативті мәдениетті қалыптастыру бағыты – тәртіп қағидасын, құндылықтар жүйесін, нормаларды айшықтайды және шығармашылық қызметте өзінің дербестігін көрсетуде қарым-қатынасты ұйымдастыруға, байланысты орнатуға, оларды дамытуға, келісуге, тәртіпке келтіруге және түзетуге көмек береді.

Бағыттың негізгі мақсаты – дені сау, ұлттық сана-сезімі оянған, рухани дәрежесі биік, мәдениетті, парасатты, ар-ожданы мол, еңбекқор, іскер, бойында басқа да игі қасиеттер қалыптасқан адамды тәрбиелеу, қарым-қатынас мәдениетін көтеру, тіл мәдениетін арттыру, дүниетанымын кеңейту және тәуелсіз жеке тұлғаны қалыптастыру [14].

Қорытынды. Жоғарыда айтып кеткендей, коммуникация – адамдардың бір-бірімен байланысы, қарым-қатынасы. Әлемдегі барша адамдардың қарым-қатынасының басты құралы ол – тіл. Тілдік қатынас арқылы адамдар арасында қарым-қатынастың бірнеше түрі орнатылады. Қазіргі таңда заманның өзі әр азаматтан оның өмірлік ісіне сәйкес келетін белсенді тілдік іс-әрекеттер жасауды талап етуде. Қоғам кәсіптік тілдік қатынасты әлеуметтік коммуникацияда қазақ әдеби тілінің нормаларына сәйкес кәсіптік этиканың заңдары бойынша құра алатын,

пікірталас, диспуттарды басқаруға қабілетті адамдарды қажет етуде [15].

Кіші мектеп жасы бала өмірінің ең маңызды, жауапты кезеңдерінің бірі болып табылады. Баланың дамуы барысында жеке басын түбегейлі өзгертетін барлық психикалық процестер орын алады. Бастауыш сынып оқушыларының коммуникативтік мәдениетін қалыптастыру үшін оқыту және тәрбиелеу жұмыстарын дұрыс ұйымдастыру, әдіс-тәсілдерді таңдай білу қажет.

Болашақ маман оқушының бойында коммуникативтік мәдениетін қалыптастырмас бұрын өзінің бойындағы коммуникативтік мәдениеті дұрыс жолға қойылған болуы тиіс. Жаһандану заманында бастауыш білім беруде ең басты

міндет баланы тұлға етіп дамыту. Білім алу мұғалімнің балаға тікелей тек білім беруімен шектелмейді, керісінше мұғалім мен оқушының білімді меңгерудегі, олардың шешімін табудағы әмбебап іс-әрекеттер барысында бірлескен жұмысы болып табылады. Баланың тұлға болып қалыптасуы көптеген факторлардың әсеріне байланысты болады. Осыған сәйкес, болашақ маманның кәсіби дамуына, шеберлігіне, құзыреттілігіне, эрудициясына, зияткерлігіне және жалпы мәдениетіне жоғары талаптар қойылады. Ұстаздың оқушылар бойында коммуникативті мәдениетті қалыптастырудың тиімді жолдары мен әдіс-тәсілдерін білуі тәрбие жұмыстарын жүргізуде үлкен жетістікке жеткізеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- [1] Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. 2018 жылғы 5 қазан: http://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-nanazarbaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-2018-zhylgy-5-kazan (қаралған күн: 25.11.2019).
- [2] Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары. – 01.11.2018: URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800017669> (қаралған күн: 25.11.2019).
- [3] Лыкова И.В. Информационно-коммуникационно-технологическая компетенция (ИКТ-компетенция) // Молодой ученый. – 2014. – № 4. – С.1016-1018.
- [4] Үсенова А.Қ., Рахатов Ш.Ш. Ақпараттық-коммуникативтік мәдениет жастарды кәсібитұлғалық дамыту негізі ретінде //Педагогика және психология. – 2016. – №3(28). – 27-33 бб.
- [5] Кобякова Г.Н. Особенности развития речевой коммуникации младших школьников //Вестник Таганрогского института имени А.П. Чехова. – Психология. – 2013. – №2. – 18-23 бб.
- [6] Мутанова Д.Ю., Беркимбаев К.М., Ауезов Б.Н. Culture and communication //Молодой ученый. – 2017. – №13. – С.660: <https://moluch.ru/archive/147/41233/> (қаралған күн: 25.11.2019).
- [7] John H. Bodley Anthropology and Contemporary Human Problems. Altamira Press, 2012. – 432 p.
- [8] Филимонова Е.Е., Сынова Н.А. Воспитание толерантности у младших школьников //Студенческий научный форум: Материалы VII Международной студенческой научной конференции: <https://scienceforum.ru/2015/article/2015016760> (қаралған күн: 28.11.2019).
- [9] Смирнова С.М. Искусство жить вместе: рекомендат. список литературы о толерантности //Информ.-библиогр. отдел ЦГБ им. Н.А. Некрасова. Краснодар. – 2014. – 43 с.
- [10] Тихонова Т.Е. Формирование коммуникативной культуры младших школьников в условиях полиязыкового образования: Автореф. дис. ...канд. пед. наук. – Сочи, 2011. – 23 с.
- [11] Рохлина Е.А. Исследование формирования коммуникативной культуры младших школьников //Молодой ученый. – 2014. – № 1. – С.636-639.
- [12] Рудь М.Г. Формирование коммуникативной культуры будущего учителя начальных классов в педагогическом колледже: Дис. ...канд.пед.наук: 13.00.08 /М.Г. Рудь. – Ростов н/Д, 1999. – 132 с.
- [13] Саламатова Г.И. Формирование коммуникативной культуры младших школьников в образовательном процессе начальной школы: <https://nsportal.ru/nachalnaya-shkola/obshchepedagogicheskie-tehnologii/2014/07/11/formirovanie-kommunikativnoy-kultury> (қаралған күн: 15.11.2019)
- [14] Утенова М.Ж., Көлкебаева Қ.Л. Мектеп оқушыларында коммуникативтік мәдениетті қалыптастыру: <https://infourok.ru/mektep-oushilarinda-kommunikativti-mdenietti-aliptastiru-273602.html> (қаралған күн: 15.11.2019)

[15] Омарова Р.С. Білім берудің жаңа парадигмасы жағдайында оқушылардың шығармашылық қызығушылық қалыптастырудың дидактикалық негіздері. Дипломдық жұмыс. – Түркістан 2008. – 49 б.

References

[1] Memleket basshysy N.A. NazarbaevtyнҚазақстан halkyna zholdaуy. 2018 zhygry 5 kazan: http://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-nazarbaevtyн-kazakstan-halkyna-zholdaуy-2018-zhylgy-5-kazan (karalґan kun: 25.11.2019).

[2] Bilim berudin barlyk dengejinin memlekettik zhalpyga mindetti bilim беру standarttary. – 01.11.2018: URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800017669> (karalґan kun: 25.11.2019).

[3] Lykova I.V. Informacionno-kommunikacionno-tehnologicheskaya kompetenciya (IKT-kompetenciya) // Molodoj uchenyj. – 2014. – № 4. – S.1016-1018.

[4] Ucenova A.K., Rahatov Sh.Sh. Akparattyk-kommunikativtik madeniet zhactardy kacibitulgalyk damytu negizi retinde //Pedagogika zhane psihologiya. – 2016. – №3(28). – 27-33 bb.

[5] Kobyakova G.N. Osobennosti razvitiya rechevoj kommunikacii mladshih shkol'nikov //Vestnik Taganrogskogo instituta imeni A.P. Chekhova. – Psihologiya. – 2013. – №2. – 18-23 bb.

[6] Mutanova D.Yu., Berkimbaev K.M., Auezov B.N. Culture and communication //Molodoj uchenyj. – 2017. – №13. – S.660: <https://moluch.ru/archive/147/41233/> (karalґan kun: 25.11.2019).

[7] John H. Bodley Anthropology and Contemporary Human Problems. Altamira Press, 2012. – 432 r.

[8] Filimonova E.E., Synkova N.A. Vospitanie tolerantnosti u mladshih shkol'nikov //Studentcheskij nauchnyj forum: Materialy VII Mezhdunarodnoj studentcheskoj nauchnoj konferencii: <https://scienceforum.ru/2015/article/2015016760> (karalґan kun: 28.11.2019).

[9] Smirnova S.M. Iskusstvo zhit' vmeste: rekomendat. spisok literatury o tolerantnosti //Inform.-bibliogr. otdel CGB im. N.A. Nikrasova. Krasnodar. – 2014. – 43 s.

[10] Tihonova T.E. Formirovanie kommunikativnoj kul'tury mladshih shkol'nikov v usloviyah poliyazykovogo obrazovaniya: Avtoref. dis. ...kand. ped. nauk. – Sochi, 2011. – 23 s.

[11] Rohlina E.A. Issledovanie formirovaniya kommunikativnoj kul'tury mladshih shkol'nikov //Molodoj uchenyj. – 2014. – № 1. – S.636-639.

[12] Rud' M.G. Formirovanie kommunikativnoj kul'tury budushchego uchitelya nachal'nyh klassov v pedagogicheskom kolledzhe: Dis. ...kand.ped.nauk: 13.00.08 /M.G. Rud'. – Rostov n/D, 1999. – 132 s.

[13] Salamatova G.I. Formirovanie kommunikativnoj kul'tury mladshih shkol'nikov v obrazovatel'nom processe nachal'noj shkoly: <https://nsportal.ru/nachalnaya-shkola/obshchepedagogicheskie-tehnologii/2014/07/11/formirovanie-kommunikativnoy-kultury> (karalґan kun: 15.11.2019)

[14] Utenova M.Zh., Kolkebaeva K.L. Mektep okushylarynda kommunikativtik madenietti kalypstasyru: [https://infourok.ru/mektep-oushilarinda-kommunikativtik-mdenietti-alipstasyru-273602.html](https://infourok.ru/mektep-oushilarinda-kommunikativti-mdenietti-alipstasyru-273602.html) (karalґan kun: 15.11.2019)

[15] Omarova R.S. Bilim berudin zhana paradigmasy zhagdajynda okushylardyn shygarmashylyk kzygushylyk kalypstasyrudyn didaktikalыk negizderi. Diplomdyk zhumys. – Turkistan 2008. – 49 b.

Формирование коммуникативной культуры учащихся начальных классов

А.А. Шаяхметова¹, А.Д. Сихынбай¹

¹Кокшетауский государственный университет имени Ш. Уалиханова
(Кокшетау, Казахстан)

Аннотация

Одним из актуальных вопросов в сфере образования является формирование коммуникативной культуры младших школьников, так как современное образование ставит цель воспитать всесторонне развитое молодое поколение, которое активно будет реализовывать себя в различных сферах деятельности общества. Автор определяет сущность понятия «коммуникативная культура», опираясь на теоретически обоснованные определения таких основных понятий, как «коммуникация», «культура» и «толерантность».

В статье представлены вопросы исследования особенностей и направлений формирования коммуникативной культуры младших школьников, а также описаны свойства и компоненты личности учащихся, обладающих коммуникативной культурой. Отмечена основная мысль о необходимости правильно организованной учебно-воспитательной работы через адекватный выбор методов и приемов в формировании коммуникативной культуры младших школьников в процессе обучения.

Ключевые слова: коммуникация, культура, толерантность, общение, коммуникативная культура, ученик начальных классов.

The formation of communicative culture of primary school students

A. Shayakhmetova¹, A. Sikhynbai¹

*¹Kokshetau state University named after Sh. Ualikhanov
(Kokshetau, Kazakhstan)*

Abstract

One of the most topical issues in the field of education is the formation of a communicative culture of primary school children, since modern education aims to educate a well-developed young generation that will actively implement itself in various spheres of society. The author defines the essence of the concept of «communicative culture», based on theoretically justified definitions of such basic concepts as «communication», «culture» and «tolerance».

The article presents the issues of research of features and directions of formation of the communicative culture of primary school children, as well as describes the properties and components of the personality of students who have a communicative culture. The main idea of the need for properly organized educational work through an adequate choice of methods and techniques in the formation of the communicative culture of younger students in the learning process is noted.

Keywords: communicative, culture, toleration, dialogue, communicative culture primary, school student.

Редакцияға 01.06.2020 қабылданды

МРНТИ 14.25.05

Л. В. ГОНТОВАЯ

*Днепропетровская академия музыки имени М.И. Глинки
(Днепропетровск, Украина), dneprlara@gmail.com
<https://doi.org/10.51889/2020-3.2077-6861.13>*

ЗНАКОВО-СИМВОЛИЧЕСКАЯ ИНТЕРПРЕТАЦИЯ ПРОИЗВЕДЕНИЯ ИСКУССТВА В СТРУКТУРЕ СОЦИОКУЛЬТУРНОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ ШКОЛЬНИКА-ПОДРОСТКА

Аннотация

Статья посвящена проблеме формирования социокультурной компетентности учеников основной школы в процессе изучения художественной культуры и одному из критериев ее многокомпонентной структуры – знаково-символической интерпретации художественного произведения. В статье обращено внимание на критику компетентностного подхода в образовании, необходимость в уточнении и ограничении его теоретического освещения на основе специфики предметов образовательного цикла. Высказывается предположение, что именно особенность каждой предметной области позволит выявить ее преимущества в формировании определенных компетентностей. Рассматривается одна из ключевых компетентностей современного школьника, социокультурная, подчеркивается ее интегративный характер и междисциплинарность в научных подходах, что отражает сложность феномена. качестве одной из наиболее важных для этой компетентности рассматривается художе-

ственная культура и искусство, которые в силу особенностей художественного выражения как символизации духовного мира личности воздействуют как на социальные, так и ценностно-смысловые установки подростка.

Ключевые слова: социокультурная компетентность; художественная культура; знаково-символическая интерпретация; семантическое пространство.

Актуальность исследования. Педагогика искусства на современном этапе радикального обновления школьного образования устремлена к новым задачам и одновременно к сохранению специфики своего предметного содержания. В научных исследованиях в 80-90-х годах прошлого века влияние художественного произведения на личность школьника расценивалось как необходимое условие формирования креативной личности [14; 15]. Несмотря на кризис образования 2000 годов и, в частности, художественного, в работах этого периода продолжали звучать идеи об «искусстве как универсальном механизме «трансляции социокультурных идей и смыслов», [11, С.25], «разрешения проблем своего духовного развития», инициация переживания как внутренней деятельности и высшего психического процесса [3, С.160]. Сегодня педагогика искусства рассматривает воздействие искусства на школьника прежде всего в контексте компетентностного подхода, что соответствует одной из главных целей образования – формированию личности, которая сумеет использовать приобретенные знания в быстро меняющемся мире и строить эффективную деятельность. Вместе с тем, по мнению Н. Коломеец, отсутствие единого подхода к пониманию компетентностного подхода затрудняет его исследование: при анализе трех зарубежных подходов (поведенческого, функционального и целостного) отмечено, что в рамках американского и европейского подходов ответ на вопрос о том, что является критерием эффективной деятельности, звучит по-разному: в первом случае – это проявляемое поведение, во втором – характеристики деятельности. Более того, это разногласие порождает дискуссию по поводу соотношения понятий «компетенция» и «компетентность» [4, С.81].

Таким образом, возникает необходимость в обновлении и, возможно, переосмыслении тех положений компетентностного подхода, которые оказываются «неуловимыми» для

современного исследовательского инструментария. Таким положением оказывается прежде всего, неустойчивость собственного существования субъекта образования, что подтверждается результатами педагогических наблюдений. Возникает необходимость в более точном понимании сути, возможностей и границ компетентностного подхода, а именно на примере формирования социокультурной компетентности ученика основной школы и ее критериев.

Научная значимость. Система компетенций современного выпускника средней школы включает в себя социокультурную компетентность, в которой отражается взаимодействие школьника и социума в его различных масштабах, его социальный интеллект в тесном взаимпроникновении с творческой преобразующей основой культуры, особенно художественной. Это обусловило широкий междисциплинарный характер исследования социокультурной компетентности, которое возникает на пересечении философско-антропологических, культурологических, психосемантических, нейроэстетических, психологических, педагогических, искусствоведческих исследований, что обеспечивает глубокое понимание сути феномена. Однако, например, в обобщающем исследовании украинских ученых о внедрении компетентностного подхода охвачены все предметы школьного цикла, но искусство и художественная культура, как факторы социокультурной направленности, в этот перечень не вошли [17]

Вместе с тем есть все основания считать эти области наиболее важными не только для использования данного подхода, но и для новых ракурсов его исследования. Более того, внедрение сталкивается с трудностями и противоречиями, что подчеркивает на практике слабую сформированность этой компетентности: педагоги искусства наблюдают отсутствие мотивации современного школьника к общению с искусством и

культурой. Поскольку мотивами становятся сами предметы жизненного пространства (окружающей среды) в силу потребностно-го отношения к ним человека [7], то можно констатировать, что произведение искусства не становится для большинства школьников предметом этого пространства, частью его жизнедеятельности, оставаясь проходящей мимо информационной единицей. Несмотря на большой пласт исследований, посвященных социокультурной компетентности как интегративного качества личности, необходимого для ее самореализации, проблема ее формирования у школьников остается актуальной для педагогики искусства. Процесс же наблюдения за формированием социокультурной компетентности школьника может, на наш взгляд, уточнить сущность этого понятия.

Цель исследования – знаково-символическая интерпретация произведения искусства в структуре социокультурной компетентности школьника-подростка и методы ее диагностики.

Основная часть. Определение сути социокультурной компетентности обусловлено как классическими идеями гуманитарного знания, так и современными подходами: взаимосвязь социального контекста и художественной культуры связаны с процессами понимания и интерпретации как процессов жизнедеятельности личности (М. Бахтин, В. Библер, В. Бычков, А. Лосев, Ю. Лотман), коммуникативность и деятельность взаимно мотивированы (А. Вербицкий, Б. Гершунский, С. Савченко, А. Хуторской). Проблеме социокультурной компетентности посвящены диссертационные исследования Н. Муравьевой, которая подчеркивает ее многокомпонентную структуру, объединенную содержательным опытом личности, Н. Калинина рассматривает социальную компетентность как основной индикатор результативности деятельности учебного заведения; Е. Прямова и Н. Нагайченко считают социальную компетентность выстраиванием стратегии взаимодействия с другими людьми; Т. Закутная и И. Левицкая исследуют социокультурную компетентность студентов, Н. Ефремова

и Н. Бабкова-Филипенко акцентируют лингвистический и краеведческий аспекты.

Подчеркнем, что большинство работ рассматривают данную компетентность прежде всего на базе лингвистической деятельности [2], межкультурной коммуникации, как результат формирования профессиональных компетенций (Т. Закутная, И. Левицкая, Н. Ефремова, Н. Бабкова-Филипенко). Искусство и художественная культура как основа для формирования социокультурной компетентности чаще являются предметом социологии, психологии, арт-менеджмента, нежели педагогики.

Страновые подходы формируют политику интернационализации высших учебных заведений и дают ответ на закономерный вопрос: что же реально дает и что меняет интернационализация в жизни университетов? Однозначного ответа нет, тем не менее уже сегодня можно назвать те характеристики интернационализации, которые положительно сказались на образовательном процессе. Прежде всего, это конкурентноспособность современного университета и показатели интернационализации в этом плане обладают большим весом среди прочих показателей эффективности деятельности вуза. В Стратегии интернационализации высшего образования Республики Казахстан приводится обзор международных инициатив в этой области, показаны конкурентные преимущества Казахстана, в частности, открытость новым знаниям и технологиям, а также международная стабильность. На основе SWOT-анализа разработана Дорожная карта национальной политики интернационализации высшего

образования [13], определены аспекты содержания интернационализации вузов и типы ориентации стран в процессе предоставления образовательных услуг (импорт, импорт-экспорт, экспорт) [14].

Еще один немаловажный аспект – это качество образования. Для ясности связи процесса интернационализации вуза и повышения качества выпускника можно обратиться к триаде объектов управления качеством А.И.Субетто. Кольцо интернационализации представлено тремя компонентами: качество образовательного процесса, качество образовательной программы и качество выпускника вуза. Основным объектом управления выступает качество образовательного процесса в широком смысле как единства основных и вспомогательных процессов вуза. Содержание образовательного процесса определяется образовательной программой, учебными планами [15]. Сопряженным качеству образовательного процесса выступает качество выпускника вуза в соответствии с Национальной рамкой квалификаций для высшего образования (НРК ВО), отчет о самосертификации которой принят Секретариатом Болонского процесса 15.09.2020 года [16]. Управление триадой качества обеспечивается через воздействие на потенциалы вуза, главным из которых является качество кадрового потенциала вуза и качество профессорско-преподавательского состава; а также научно-исследовательский и учебно-методический потенциал вуза.

Дискуссия. Таким образом, интернационализация университетов представляется сложным и динамичным процессом, который предвосхищает его успешность на мировом рынке. Очевидно, что сосредоточенность на внутреннем образовательном рынке просто невозможна и замкнутость неизбежно приведет к вымиранию в современном глобальном мире. Если в этом контексте говорить об интернационализации казахстанских университетов, то здесь, при имеющемся потенциале, недостаточно четко представлена системная деятельность

по интернационализации. Примеров множество: асимметрия входящей и исходящей мобильности обучающихся, отсутствие национальной маркетинговой онлайн платформы высшего образования, недостаточная развитость инфраструктуры вузов, отсутствие их филиалов и представительств за рубежом.

Слабым звеном остается спрос на программы казахстанских университетов в странах дальнего и ближнего зарубежья в связи с недостаточным количеством англоязычных образовательных программ и англоязычного профессорско-преподавательского состава. Недостаточное владение английским языком не позволяет преподавателям и ученым участвовать в международных проектах, финансируемых международных программах и грантовых исследованиях. Логично возникают вопросы: какой путь интернационализации наиболее оптимален для казахстанских университетов, и какие результаты он может дать? Своевременность вопросов отчетливо звучит на фоне неопределенности и глобальных вызовов настоящего времени. Поиск ответов на заданные вопросы актуализирует заявленную проблему и подчеркивает необходимость целенаправленного методологического исследования в рамках проекта «Теория и практика интернационализации университетов в условиях глобальных вызовов времени».

Отмеченные выше проблемы определяют такие подходы к проведению исследования, как аналитический обзор имеющегося потенциала, выявление проблемных зон и практическая разработка системной программы по интернационализации казахстанских университетов, готовящих педагогические кадры.

Результаты. Цель проекта – разработка методологии интернационализации университетов, повышения качества образования, конструктивная практическая деятельность по развитию международного сотрудничества и повышению конкурентоспособности педагогической профессии.

Задачи проекта:

1. Анализ реальных вызовов XXI века, воздействующих на процесс интернационализации современных университетов. В результате анализа будет выявлено текущее состояние системы образования Республики Казахстан и существующих платформ дистанционного обучения, степень разработанности цифрового контента, подготовленность ППС и др. На основе анализа будут определены предпосылки для дальнейшей интернационализации высшего образования.

2. Теоретическое обоснование интернационализации как глобального ресурса развития университетов. Изучение нормативно-правовых документов и психолого-педагогических исследований в сфере интернационализации образования, существующего опыта вузов по внедрению цифровых и дистанционных технологий позволит определить принципы и условия формирования развивающей образовательной среды для иностранных обучающихся, структуру ее организации и содержание структурных компонентов.

3. Определение условий, факторов и эффективных путей успешной интернационализации современных университетов. Анализ состояния интернационализации вузов и использования цифровых и дистанционных технологий для иностранных обучающихся позволит сформировать подходы к созданию образовательной среды в соответствии с действующими государственными общеобязательными стандартами образования и правилами деятельности вузов.

4. Характеристика особенностей и реальных механизмов интернационализации вузов, ориентированных на подготовку будущих педагогов. Изучение существующих технологий и алгоритмов позволит определить основные механизмы привлечения иностранных обучающихся и ППС, разработать методику внутренней и внешней интернационализации вузов, разработки англоязычных дудипломных и сетевых образовательных программ,

создать Региональный (Республиканский) центр дистанционного образования для иностранных обучающихся, Международный научно-образовательный центр «International Educational Center».

5. Проектирование развивающей образовательной среды, разработка системной программы, оптимальных путей интеграции иностранных обучающихся в вузовскую среду (на примере КазНПУ имени Абая). Внедрение Регионального центра и создание на его базе Республиканского центра дистанционного образования для иностранных обучающихся, разработка Student ID Card, создание Центра адаптации и поддержки иностранных обучающихся «International students' office» позволит апробировать регистрационную платформу для иностранных обучающихся, создать алгоритм и разработать методические рекомендации по привлечению и работе с иностранными обучающимися, по осуществлению трудовой деятельности иностранными обучающимися.

Отличительной особенностью и преимуществом проекта от существующих аналогов является разработка и реализация деятельности международного научно-образовательного центра «International Educational Center», разработка образовательных международных англоязычных программ, сетевых программ по оценке качества образования «Педагогические измерения в дистанционном обучении», «Основы предпринимательства» и «Дистанционный менеджмент».

С начала 2020 года МОН РК проведена большая работа по проработке подходов и требований к формированию Реестра казахстанских вузов, предоставляющих образовательные услуги иностранным студентам. Создание Регионального (Республиканского) центра дистанционного образования для иностранных обучающихся способствует всеобъемлющему охвату иностранного контингента вузов путем внедрения единой системы онлайн регистрации иностранных абитуриентов. На этой регистрационной платформе все

желающие в течение года смогут подавать документы согласно утвержденному регламенту, проходить профориентацию и первичную регистрацию с дальнейшим направлением на Foundation или оформлением по выбранной специальности и вузу. Формат дистанционного образования не предполагает обязательного нахождения на территории Казахстана, оформления учебной визы и временной регистрации.

Предлагаемая Student ID Card иностранного студента призвана заменить паспорт и позволяет совершать все необходимые действия (временная регистрация, пропуск в кампус и библиотеки, информация об учебном процессе, оценках и т.д., взаимодействие с банками и государственными органами, организациями и учреждениями, медицинская страховка и др.). Для скорейшей социализации планируется разработать модель Центра адаптации и поддержки иностранных

обучающихся «International students' office».

Заключение. Таким образом, анализ существующих страновых подходов, стратегии интернационализации высшего образования, существующие международные инициативы показывает, что у казахстанского высшего образования имеются конкурентные преимущества и необходимое качество образования, а процесс интернационализации представляется многоступенчатым и сложным процессом.

Архитектура и содержание проекта основаны на материалах диссертационного исследования докторанта 3 курса КазНПУ имени Абая Исалиевой С.Т. (специальность 6D010300 – Педагогика и психология) по теме: «Проектирование развивающей образовательной среды вуза для иностранных обучающихся». Любое использование идеи проекта и содержания настоящей статьи невозможно без ссылки на авторов.

Список использованных источников

[1] Исалиева С.Т., Кошербаева А.Н., Малахова И.А., Танабаева А.С. Привлечение иностранных обучающихся: стратегия интернационализации высшего образования // Педагогика и психология. – 2020. - № 2(43). – С.76-83.

[2] Об утверждении Государственной программы развития образования и науки Республики Казахстан на 2020-2025 годы: Постановление Правительства Республики Казахстан. – 27.12.2019. – №988 [Электронный ресурс]: URL: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/P1900000988> (дата обращения: 08.09.2020).

[3] Мясникова В.С., Франц С.В. Сущность и проблемы формирования компетенции межкультурного взаимодействия преподавателя с иностранными студентами в условиях интернационализации вузов // Молодежь в меняющемся мире: вызовы современности: Материалы IX Международной научно-практической конференции молодых ученых: в 2 выпусках. – УрГПУ, 14.12.2017. – Екатеринбург, 2018. – С.122-136 [Электронный ресурс]: URL: https://www.elibrary.ru/download/elibrary_35642433_76782815.pdf (дата обращения: 18.09.2020).

[4] Söderqvist M. The Internationalisation and strategic planning of Higher Education Institutions. An analysis of Finnish EPS strategies, Helsinki School of Economics and Business Administration, HSE Print, 2007, 212 p. [Электронный ресурс]: URL: <https://aaltodoc.aalto.fi/bitstream/handle/123456789/10994/isbn9789524881739.pdf?sequence=1> (дата обращения: 18.09.2020 г.).

[5] Шумейко А.А. Интернационализация и регионализация высшего образования как важный фактор развития конкурентоспособности университета // Современные проблемы науки и образования. – 2015. – №6 [Электронный ресурс]: URL: <http://www.science-education.ru/ru/article/view?id=23862> (дата обращения: 18.09.2020).

[6] Алексанков А. Интернационализация высшего образования: вызовы и реалии: Тезисы. – Санкт-Петербургский образовательный форум – 2013 // Аккредитация в образовании [Электронный ресурс]: URL: https://akvobr.ru/internacionalizacia_vysshego_obrazovania.html (дата обращения: 04.09.2020 г.).

[7] Knight, J. (2015). Updated Definition of Internationalization. International Higher Education, (33). DOI: <https://doi.org/10.6017/ihe.2003.33.7391> [Электронный ресурс]: URL: <https://ejournals.bc.edu/index.php/ihe/>

article/view/7391 (дата обращения: 18.09.2020).

[8] Копусь Т.Л. Практики интернационализации учебных дисциплин //Современные проблемы науки и образования. – 2019. - № 6 [Электронный ресурс]: URL: <http://www.science-education.ru/ru/article/view?id=29276> (дата обращения: 18.09.2020).

[9] Современные проблемы и перспективы интернационализации интеллектуальных ресурсов России (вызовы, стратегии, модели, интересы национального, регионального и отраслевого развития): коллективная монография /Под ред. А.Р.Грошева, С.О.Крамарова, В.М.Круглова, Н.В.Пелихова. – Москва: РИОР, 2019. – 287 с. (Международная деятельность). DOI: <https://doi.org/10.29039/02021-0> (дата обращения: 18.09.2020).

[10] Internationalization in Kazakhstan universities: learning from the regions. Project: Assessing Internationalization Strategies at Kazakhstan universities – British Council, 2018. – 72 p. [Электронный ресурс]: URL: https://www.britishcouncil.kz/sites/default/files/_booklet_222h304_pravka_2108_.pdf (дата обращения: 18.09.2020).

[11] Нурлигенова З.Н., Сагатова А.С. Интернационализация высшего образования Республики Казахстан как фактор конкурентоспособности //Инновационные технологии в науке и образовании: Сборник статей XIII Международной научно-практической конференции. – Пенза, 05.10.2019. – Пенза: Наука и просвещение (ИП Гуляев Г.Ю.), 2019. – С.58-60 [Электронный ресурс]: URL: https://www.elibrary.ru/download/elibrary_41107833_85968758.pdf (дата обращения: 18.09.2020).

[12] Прогрессивные модели лучших практик интернационализации высшего образования в Казахстане: Описание проекта. – Nazarbayev University. Graduate School of Education [Электронный ресурс]: URL: <https://gse.nu.edu.kz/ru/progressivnyye-modeli-luchshih-praktik-internalizatsii-vysshego-obrazovaniya-v-kazahstane.html> (дата обращения: 18.09.2020).

[13] Стратегия интернационализации высшего образования в Республике Казахстан до 2025 года. – Нур-Султан: ЦБПиАМ МОН РК, 2019. – 33 с. [Электронный ресурс]: URL: https://drive.google.com/file/d/19ymnPapZPgwwHCSOmh_KrfU3_ouV7y_/view (дата обращения: 18.09.2020).

[14] Методические рекомендации по реализации стратегии интернационализации. – Астана: Центр Болонского процесса и академической мобильности МОН РК, 2018. – 43 с. [Электронный ресурс]: URL: https://enic-kazakhstan.kz/uploads/additional_files_items/53/file/realizaciya-strategii-internacionalizacii.pdf?cache=1574332976 (дата обращения: 18.09.2020 г.).

[15] Краснощек В.В. Интернационализация вуза как фактор повышения качества выпускника // Фундаментальные исследования. – 2014. – №6-5. – С.1045-1048 [Электронный ресурс]: URL: <http://www.fundamental-research.ru/ru/article/view?id=34289> (дата обращения: 20.09.2020).

[16] Квалификации выпускников казахстанских вузов будут признаны за рубежом: Пресс-релиз, 17.09.2020. – МОН РК: Пресс-служба [Сетевое издание]: URL: <https://www.zakon.kz/5040326-za-rubezhom-budut-priznany.html> (дата обращения: 18.09.2020).

References

[1] Issaliyeva S.T., Kosherbayeva A.N., Malahova I.A., Tanabayeva A.S. Privlechenie inostrannyh obuchayushchihsya: strategiya internacionalizacii vysshego obrazovaniya // Pedagogika i psihologiya. – 2020. - № 2(43). – С.76-83.

[2] Ob utverzhdenii Gosudarstvennoj programmy razvitiya obrazovaniya i nauki Respubliki Kazahstan na 2020-2025 gody: Postanovlenie Pravitel'stva Respubliki Kazahstan. – 27.12.2019. – № 988 [Elektronnyj resurs]: URL: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/P1900000988> (data obrashcheniya: 08.09.2020 g.).

[3] Myasnikova V.S., Franc S.V. Sushchnost' i problemy formirovaniya kompetencii mezhkul'turnogo vzaimodejstviya prepodavatelya s inostrannymi studentami v usloviyah internacionalizacii vuzov //Molodezh' v menyayushchemsya mire: vyzovy sovremennosti: Materialy IX Mezhdunarodnoj nauchno-prakticheskoy konferencii molodyh uchenyh: v 2 vypuskah. – UrGPU, 14.12.2017. – Ekaterinburg, 2018. – С.122-136 [Elektronnyj resurs]: URL: https://www.elibrary.ru/download/elibrary_35642433_76782815.pdf (data obrashcheniya: 18.09.2020).

[4] Söderqvist M. The Internationalisation and strategic planning of Higher Education Institutions. An analysis of Finnish EPS strategies, Helsinki School of Economics and Business Administration, HSE Print, 2007, 212 p. [Elektronnyj resurs]: URL: <https://aaltodoc.aalto.fi/bitstream/handle/123456789/10994/isbn9789524881739>.

pdf?sequence=1 (data obrashcheniya: 18.09.2020).

[5] Shumejko A.A. Internacionalizatsiya i regionalizatsiya vysshego obrazovaniya kak vazhnyj faktor razvitiya konkurentosposobnosti universiteta // *Sovremennye problemy nauki i obrazovaniya*. – 2015. – №6 [Elektronnyj resurs]: URL: <http://www.science-education.ru/ru/article/view?id=23862> (data obrashcheniya: 18.09.2020).

[6] Aleksankov A. Internacionalizatsiya vysshego obrazovaniya: vyzovy i realii: Tezisy. – Sankt-Peterburgskij obrazovatel'nyj forum – 2013 // *Akkreditatsiya v obrazovanii* [Elektronnyj resurs]: URL: https://akvobr.ru/internacionalizatsiya_vysshego_obrazovania.html (data obrashcheniya: 04.09.2020).

[7] Knight, J. (2015). Updated Definition of Internationalization. *International Higher Education*, (33). DOI: <https://doi.org/10.6017/ihe.2003.33.7391> [Elektronnyj resurs]: URL: <https://ejournals.bc.edu/index.php/ihe/article/view/7391> (data obrashcheniya: 18.09.2020).

[8] Kopus' T.L. Praktiki internacionalizatsii uchebnyh disciplin // *Sovremennye problemy nauki i obrazovaniya*. – 2019. – №6 [Elektronnyj resurs]: URL: <http://www.science-education.ru/ru/article/view?id=29276> (data obrashcheniya: 18.09.2020).

[9] *Sovremennye problemy i perspektivy internacionalizatsii intellektual'nyh resursov Rossii (vyzovy, strategii, modeli, interesy nacional'nogo, regional'nogo i otraslevogo razvitiya): kollektivnaya monografiya / Pod red. A.R.Grosheva, S.O.Kramarova, V.M.Kruglova, N.V.Pelihova*. – Moskva: RIOR, 2019. – 287 s. (Mezhdunarodnaya deyatel'nost'). DOI: <https://doi.org/10.29039/02021-0> (data obrashcheniya: 18.09.2020).

[10] *Internationalization in Kazakhstan universities: learning from the regions. Project: Assessing Internationalization Strategies at Kazakhstan universities* – British Council, 2018. – 72 p. [Elektronnyj resurs]: URL: https://www.britishcouncil.kz/sites/default/files/_booklet_222h304_pravka_2108_.pdf (data obrashcheniya: 18.09.2020).

[11] Nurligenova Z.N., Sagatova A.S. Internacionalizatsiya vysshego obrazovaniya Respubliki Kazahstan kak faktor konkurentosposobnosti // *Innovacionnye tekhnologii v nauke i obrazovanii: Sbornik statej XIII Mezhdunarodnoj nauchno-prakticheskoy konferencii*. – Penza, 05.10.2019. – Penza: Nauka i prosveshchenie (IP Gulyaev G.Yu.), 2019. – S.58-60 [Elektronnyj resurs]: URL: https://www.elibrary.ru/download/elibrary_41107833_85968758.pdf (data obrashcheniya: 18.09.2020).

[12] *Progressivnye modeli luchshih praktik internacionalizatsii vysshego obrazovaniya v Kazahstane: Opisanie proekta*. – Nazarbayev University. Graduate School of Education [Elektronnyj resurs]: URL: <https://gse.nu.edu.kz/ru/progressivnye-modeli-luchshih-praktik-internationalizatsii-vysshego-obrazovaniya-v-kazahstane.html> (data obrashcheniya: 18.09.2020).

[13] *Strategiya internacionalizatsii vysshego obrazovaniya v Respublike Kazahstan do 2025 goda*. – Nur-Sultan: CBPiAM MON RK, 2019. – 33 s. [Elektronnyj resurs]: URL: https://drive.google.com/file/d/19ymnPpZPgwwHCSeOmh_KrfU3_ouV7y_/view (data obrashcheniya: 18.09.2020).

[14] *Metodicheskie rekomendatsii po realizatsii strategii internacionalizatsii*. – Astana: Centr Bolonskogo processa i akademicheskoy mobil'nosti MON RK, 2018. – 43 s. [Elektronnyj resurs]: URL: https://enic-kazakhstan.kz/uploads/additional_files_items/53/file/realizatsiya-strategii-internationalizatsii.pdf?cache=1574332976 (data obrashcheniya: 18.09.2020).

[15] Krasnoshchekov V.V. Internacionalizatsiya vuza kak faktor povysheniya kachestva vypusknika // *Fundamental'nye issledovaniya*. – 2014. – №6-5. – S.1045-1048 [Elektronnyj resurs]: URL: <http://www.fundamental-research.ru/ru/article/view?id=34289> (data obrashcheniya: 20.09.2020).

[16] *Kvalifikatsii vypusknikov kazahstanskih vuzov budut priznany za rubezhom: Press-reliz, 17.09.2020*. – MON RK: Press-sluzhba [Setevoe izdanie]: URL: <https://www.zakon.kz/5040326-za-rubezhom-budut-priznany.html> (data obrashcheniya: 18.09.2020).

**Жаһандық уақыт сұранысы жағдайында университеттерді
интернационалдандыру теориясы мен практикасы**

А.Н.Кошербаева¹, С.Т.Исалиева¹, Г.А.Мусабекова²

¹Абай атындағы ҚазҰПУ (Алматы, Қазақстан),

²ҚР ББЖҒМ Болон процесі және академиялық ұтқырлық орталығы

(Нұр-Сұлтан, Қазақстан)

Аңдатпа

Мақалада Қазақстанның әлемдік білім беру ортасына интеграциялану мәселелер және жаһандандудың негізгі тенденцияларының бірі – білім беруді интернационалдандыру туралы қарастырылады. Білім мен ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасына сәйкес шетелдік студенттерге білім беру қызметін көрсететін ЖОО-ға талдау жүргізіліп, шетелдік университеттерге критерийлер және Қазақстандық ЖОО-ның тізілімдері жасалады. Факторлар мен жаһандық тенденцияларға шолу, негізгі елдік тәсілдер мен тұжырымдамалар, Стратегия мен Интернационалдандырудың жол картасы келтірілген, олардың арасындағы айырмашылық аталған және білімнің қажетті сапасына ие Қазақстанның бәсекеге қабілетті артықшылықтары, сондай-ақ интернационализация процесінің күрделілігі мен динамикасы көрсетілген. «Жаһандық уақыт сұранысы жағдайында университеттерді интернационалдандыру теориясы мен практикасы» жобасының негізгі мазмұны ұсынылған, онда осы саладағы барлық мүмкін қызмет салалары қамтылған.

Түйін сөздер: интернационалдандыру, жоғары білім беру, жобалық қызмет, шетелдік білім алушылар, білім беру ортасы.

**Theory and practice of internationalization of universities in the context
of global challenges of the time**

A.Kosherbayeva¹, S.Issaliyeva¹, G.Mussabekova²

¹Abai University (Almaty, Kazakhstan)

²Bologna Process Center and academic mobility MES RK

(Nur-Sultan, Kazakhstan)

Abstract

The article discusses the problems of integration of Kazakhstan into the world educational environment and one of the main trends of globalization – the internationalization of education. In accordance with the State Program for the Development of Education and Science, an analysis of universities that provide educational services to foreign students is carried out, criteria for foreign universities and the Register of Kazakhstan' universities are created. An overview of the factors and global trends, the main country approaches and concepts, the Strategy and the Internationalization Roadmap is given, the difference between them is indicated and the competitive advantages of Kazakhstan, which has the necessary quality of education, as well as the complexity and dynamism of the internationalization process, are shown. The following is the main content of the project “Theory and practice of internationalization of universities in the context of global challenges of the time”, which covers all possible areas of activity in this area.

Keywords: internationalization, higher education, project activity, international students, education environment.

Поступила в редакцию 17.07.2020.

Абай әлемі: білім беру, ғылым, мәдениет және өнер
Мир Абая: образование, наука, культура и искусство
The world of Abai: education, science, culture and art.

МРНТИ 14.01.01

Р.К.КЕРИМБАЕВА¹, Г.С.ИМАМБЕКОВА¹, Қ.А.САЙЛЫБАЕВА¹

*¹М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті
(Тараз, Қазақстан), risti1971@mail.ru; Gglz1966@mail.ru; , kuralai_55@mail.ru.
<https://doi.org/10.51889/2020-3.2077-6861.25>*

**АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗІНДЕГІ
«ТОЛЫҚ АДАМ» БЕЙНЕСІ**

Аңдатпа

Мақала Абай шығармаларындағы «Толық адам» ілімінің қалыптасуын психологиялық тұрғыда зерттеуге арналады. Абайдың еңбектерінің философиялық-психологиялық негізіндегі «Толық адам» концепсиясы теориялық талдау, саралау, салыстыру, жіктеу, жүйелеу әдістері арқылы жүргізілді. Ақынның адамның тұлғалық құнды сапаларын дамыту арқылы ақылды, білімді биік деңгейге көтеру, «адам» болып өмір сүру, халыққа, қоғамға пайданды тигізу, адамды құрметтеу, адам мен табиғат тұтастығын сақтау туралы ой-тұжырымдары сараланды. Абай еңбектеріндегі сана, ақыл-ой, мінез-құлық, сезім, көңіл-күй сияқты психологияның қарасытатын мәселелері тәлім-тәрбиелік бағытта берілуінің қоғамдық-тарихи мәні ашылады.

Зерттеу нәтижесі бүгінгі жас ұрпаққа ұлттық құндылықтарды дәріптеу, оларды оқыту және тәрбиелеуде, рухани жаңғыруда, Абай ілімінің негізгі принциптерін қолдануды ұсынады. Абай идеясының «Толық адам» концепциясы, өмірдің барлық саласында, мемлекетті басқару мен білім беру жүйесі, әлеуметтік-қоғам мен отбасы институты, тіпті әрбір адамның өмірлік ұстанымына айналдырудың практикалық маңыздылығы айқындалды.

Түйін сөздер: «Толық адам»; «кемел адам»; «адам болу»; ілім; рухани жаңғыру.

Кіріспе. Бүгінгі таңда жаһандану заманы сағат санап өзеріп, үздіксіз даму үстінде. Дамыған өркениетті елдер қатарына қосылу үшін, заманауи өзгерістер мен технологияларға ілесе аларлықтай қауһарлы болу қоғам талабы. Ал өркениетті қоғам дегеніміз – материалдық игіліктері рухани құндылықтармен бір арнада тоғысып, адами қадір-қасиеттерді алғашқы орынға қоятын қоғам.

Осы тұрғыда адами капиталды қалыптастыру мен дамыту негізі ретінде, тағылымы мол асыл мұра қалдырған ойшыл Абайдың «Толық адам» ілімін зерттеу мақсатын қойдық. Абайдың ардақты ілімі, теңдесі жоқ «Адам болу» қағидасынан бастау алып, халқымызды рухани тазару жолы екендігіне көз жеткізу үшін зерттеу жүргіздік.

Жастайынан үш рухани бұлақтан нәр алып өскен Абай, ана сүтімен халқымыздың

ұшан-теңіз ауыз әдебиетімен сусындап, орыс ойшылдарының туындыларымен танысып, батыстың тың философиясын оқып, адамдықтың шыңы болар «толық адам» концепциясын жасап шығарды. Мұндағы толық адам анықтамасы – ақылды, ой-парасаты биік, халқын қадірлейтін адам.

Осы тұрғыда ақынның шығармаларын тереңінен зерттеу арқылы санаға сіңдіріп, философиялық ой-тұжырымдарын ақылмен зерделеуді өмір сүру салтымызға айналдырсақ, Абай айтқан «толық адамға» айналып, рухани жаңғырған, жан-жақты бәсекеге қабілетті Қазақстанның жаңа тұғырға шығуына ықпал етер еді. Абайдың еңбектерінің психологиялық маңызына талдау жасай отырып, «толық адам» бейнесін анықтау, жас ұрпақты тәрбиелеуде рухани жаңғыру негізі ретінде қолданудың ғылыми маңызы зор.

Зерттеу әдіснамасы. Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласында атап өткеніндей Абайдың «Толық адам» ілімі – халқымыздың рухани тазару жолындағы теңдесі жоқ құрал»-деді [1].

Кеңес дәуірінде дініміз бен ана тіліміздің құлдырауы, халқымыздың ұлттық болмысы мен мінез-құлқы, санада рухани құндылықтардың жоғалып кету салдарына әкелгені мәлім. Бүгінгі таңда халқымыздың рухани қазынасын қайта жаңғырту, бұлжытпай сақтау дәрежесіне көтеру – баршамызға ортақ мақсат. Бұл мәселенің шешімін іздеуде, осыдан екі ғасыр бұрынғы бабалар мұрасын ғылыми тұрғыда зерттеп, теориялық талдау жасай отырып, «кемел адам» ілімін жазған Абайдың еңбегін сараладық.

«Толық адам» деген сөз ағылшын тіліндегі «A man of integrity» түсінігімен сәйкес келеді екен. Бұл – ақылды, қайратты, ізгілікке ұмтылатын адамдарға ғана тән сипаттама. Бүгінде философия мен психология ғылымында үлкен мән беріліп отырған осы ұғымға ойшыл Абай өз дәуірінде «толық адам» деген атау беріп, оны – еліне қызмет етуші, еңбексүйгіш, ойлы, жігерлі, қажырлы, парасатты, терең білімді, жүрегі нұрлы, мейірімді адам деп түсіндірген.

Адамзатқа ортақ «толық адам» тәрбиелеуді мақсат еткен Абай ілімі – бүгінгі рухани жұтаған қоғам үшін теңдесіз қымбат қазына. Халықтың түбегейлі мүддесін, арман-тілектерін ойшылдық деңгейге көтеріп, көркемдік қуатпен бейнелеуі – ұлы Абайдың философиялық тұлғасы.

Абайды «ойшыл» ақын, парасат падишасы дейміз. Себебі, ақынның өмір құбылыстарын терең толғап айту қасиеті, адамдардың ішкі тұлғалық болмысын суреттеуі, оның бүгінгі заманмен астасуы, ерекше көрегенділіктің белгісі. Оған дәлел, Абайдың өмір, адам тағдыры, дүние, заман ағымы жайлы пікірлері, дүниетанымдық өлеңдері мен қара сөздері. Қазақ халқының ұлттық санасының оянуы, рухани қайта жаңғыруы, қоғамның озық күштерінің өркениеттілікке ұмтылысы мен әлеуметтік

әділдіктің орнауы Абай есімімен тікелей байланысты.

Ақынның шығармалары өзі өмір сүрген тұтас бір тарихи кезеңді жан-жақты, барынша толық бейнелеп береді. Сол дәуірдегі қоғамдық өмір салтының, ой-сана, ұғым-түсініктердің қаншама ғасырлар бойы қалыптасқанын, түп-тамырын тереңнен алатынын ескерсек, Абай поэзиясы қоғамның қалыптасып дамуындағы ерекше елеулі кезеңді, халықтың тағдырын, ұлттық мінез-құлқын, тарихи тұрғыдан сипаттайды.

Қаншама дәуірлер алмасып, уақыт өтседе, қоғам өміріндегі әділдік, бірлік, достық, еңбексүйгіштік, талаптылық, адалдық сынды адамгершілік, моральдық құндылықтар, озбырлық, жауыздық, екіжүзділік секілді сан түрлі мінез-құлық дерттері толассыз болатын – заман шындығы. Ал ақынның поэзиясы кейінгі дәуірлердің, оның ішінде бүгінгі замандағы өмір шындығын танып-білуге себін тигізеді. Олай болса, Абайдың еңбектері сол кезеңнің ғана емес, өскелең ұрпақ үшін тарихи маңызды, қоғамдық ой-санаға ықпалы мол асыл мұра.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев өзінің халыққа жолдауында: «...Біз қазақ халқының сан ғасырлық дәстүрін, тілі мен мәдениетін сақтап, түлете береміз...» – дейді [2].

Осындай міндеті жүзеге асыруда ұлы тұлғалардың өнегелі өмірі мен тағылымы мол мұрасы арқылы жас ұрпақты тәрбиелеу, ұлттық коды қалыптасқан тұлғаны дамыту қажет. Абай шығармаларының негізгі идеясы, адамзат пен оның ақыл-ойы. Ақынның еңбектерінің алтын қазығы – Адам. Абай өзінің саналы ғұмырын нағыз адам, толық адам, кәміл адам тұлғасын зерттеуге арнаған.

Абайдың шығармаларында адам жаратылысы һәм, оның жан сыры жайындағы терең философиялық, психологиялық ой толғаулары таным теориясының негізін құрайды. Ол өзіне дейінгі өмір сүрген Әл-Фараби, Жүсіп Баласағұн, Махмұт Қашқари, Қ.Яссауи және Ж.Румидің кемел адам жайлы ой-пікірлерін талдап, салмақты тұжырымдар жасады. VIII-IX ғасырда ғұмыр кешкен Әл-Фараби ұсынған моральдық-этикалық ілім

негізіне, түркі халықтарының мінез-құлық, ой-сезімдерін, сергіту идеясы мен парасатты адам (инани фазыл) туралы танымы жатады. Әл-Фараби өзінің «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары» атты философиялық трактатында «Қайрат», «Ақыл» және «Жүрек» сияқты ұғымдарға түсінік бере келіп: «Жүрек – басты мүше, мұны тәннің ешқандай басқа мүшесі билемейді. Бұдан кейін ми келеді. Бұл да басты мүше, бірақ мұның үстемдігі бірінші емес» [3], – дейді.

Әл-Фараби түркі әлемінде өз философиясының негізі жүрекке баса мән беруі, Абай негізін қалаған «толық адам» ілімінің түп төркінін білдіретін құнды дерек көздеріне жатады. Әл-Фарабидің осы философиялық тұжырымы Абайдың «Он жетінші» кара сөзінде логикалық жалғасын тапқан. Ғақлияшы осы сөзінде «Қайрат», «Ақыл» және «Жүрек» үшеуі әрқайсысы өзін мықты санап, айтысып, таласып, соңында «ғылымға» келіп жүгінеді. Сонда ғылым бұл үшеуінің сөзін тыңдай келе: – Сен үшеуіңнің басыңды қоспақ – менің ісім, – депті. Бірақ билеуші, әмірші жүрек болса жарайды. Ақыл, сенің қырың көп, жүрек сенің ол көп қырыңа жүрмейді: жақсылық айтқанына жаны – діні құмар болады. Көнбек түгіл қуанады. Жаманшылық айтқанына ермейді. Ермек түгіл жиреніп, үйден қуып шығарады. Қайрат, сенің қаруың көп, күшің мол, сенің де еркіңе жібермейді. Орынды іске күшіңді аятпайды. Орынсыз жерге қолыңды босатпайды. Осы үшеуің басыңды қос, бәрін жүрекке билет, – депті. Осы үшеуің бір кісідей менің айтқанымдай табыссаңдар, табанының топырағы көзге сүртерлік қасиетті адам сол. Үшеуің ала болсаң, мен «Жүректі» жақтадым. Құдайшылық сонда, қалпыңды сақта, құдай тағала қалпыңа әрдайым қарайды» – деген қорытындыға келеді [4].

Мұнда қазіргі таңда психология ғылымының қарқынды зерттеу нысанына айналып отырған «эмоционалды интеллект»

феноменін байқай аламыз. Осы мәселені анағұрлым терең зерттеген ғалымдардың бірі Г.Доулманның пікірінше: «эмоциялық интеллект – тұлғаға өзін-өзі сезінуге, түрткілендіруге, көңіл-күйін басқаруға, импульстік көріністерді бақылауға, фрустрациядан бекіну, күнделікті өмірде табыстарға қол жеткізуге мүмкіндік беретін факторлар жиынтығы» [5].

Яғни психологиялық процестердің бірі – ерік-жігермен астарлас болған «қайратты», сол секілді ой-қиялмен мағыналас болған «ақылды» адам бойындағы эмоцияның қайнар көзі болған «жүрекке» басқартқанда адамның ішкі әлемімен қоса тұлға аралық әрекеттесуінде де үйлесімділік орнайтынын заманынан оза туған ойшыл ақын болжай білген.

Пікірталас және нәтижелері. Ұлы ақын шығармаларында психология ғылымының негізі – жан мен тәннің байланысы, адамның тұлғалық дамуына тәрбие мен білімнің әсері, баланың ішкі болмысы, әлеуметтік, ұлттық психология ғылымының өзекті мәселелері ерекше көрініс береді. Нақтырақ айтсақ, психология ілімі адамның ішкі дүние сырларына тереңінен бойлататын барлық тіршілігінің ілкі бастауы. Демек, адам тек өзін, өзінің ішкі сезімдері мен ойларын өз ырқына бағындырып қана қоймай, қоршаған айналасын ақыл ойы мен парасатына сүйене отырып өз қалауынша өзгертуге қауқарлы. Мұндағы жетекші идея – психология ғылымының адамтану пәндері арасындағы сабақтастықты көрсетеді. Осындай тұжырымды М.Әуезовтің мына пікірі толықтырады: «Абай сөзінің негізін адамгершілікке тірейді. Барлық өсиет ой-толғау еңбектерінің қорытындысы тағы да адамгершілік тәрбие екенін танытады» [6].

Абай адам бойындағы адамгершілік, ізгілік пен әділдік сезімдерін барлық поэзиялық туындылары мен кара сөздерінің негізгі моральдық принципі ретінде сипаттаған. Ақын «Әсемпаз болма әрнеге» өлеңінде:

Қайрат пен ақыл жол табар,
Қашқанға да, қуғанға.

Әділет, шапқат кімде бар,
Сол жарасар туғанға.

Бастапқы екеу соңғысыз,
Біте қалса қазаққа,

Алдың – жалын, артың – мұз,

Болар едің қай жаққа? – дей келе,
әділеттілік пен мейірбандық жоқ болса,
асқан ақыл мен құрыш қайрат та, адам
баласын жақсылыққа жеткізе алмайды деп
ой түйеді.

Абай өзінің өлең-жырларында ғылым мен
білімді қатар қосқан адам ақылды, саналы
болады деп, ерекше бағалаған. Ақыл –
қайсібір нәрсеге болмасын мизан (таразы),
ғаламның ғажайып қырларымен ашылмаған
сырларын танып білуде біліммен қаныққан
ақылдың мүмкіндігі мол деп санайды.
Ақынның пайымдауынша «нағыз адамды»
ақыл, білім, білік, ғылымға құштарлық
қасиеттері қалыптастырады.

Ойшыл ақын өз шығармаларында ой мен
сезімді бір-біріне қарама қарсы мағынада
емес, бірін-бірі толықтыратын қос ұғым
ретінде келтіреді.

Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,
Сонда толық боларсың елден бөлек.
Жеке-жеке біреуі жатыртпайды,
Жол да жоқ жарыместі жақсы демек.

Бұл өлең шумақтарынан біз бүгінгі
таңда үлкен сұранысқа ие болып отырған
позитивті психологияның «Әр күніңді, әр
сәтіңді сергек сезіне отырып, саналы өмір
сүр», «Ақыл-ойың мен сезімдеріңді тең
ұста» секілді жетекші идеяларын байқай
аламыз.

Кемеңгер ақын адам жүрек пен сананы тең
ұстағанда, оның өміріне үйлесімділік орнап
кемел адамға айналатындығын айтады.
Мұндағы кемел адам деп отырғанымыз –
араб тілінде, «инсан-и камил» – толық адам.

Тамырын тарихтың терең қатпарларынан
алған бай қазақ әдебиетінде ізгілік идеясына
сүйенген кемел адам (инсан-и камил) туралы
ой алыптарынан қалған рухани мұралар
желісінің іздері:

1) Алып Ер Тоңаның «Ақи немесе
жомарттық» ілімі (б.з.д.VII ғасыр),

2) Әл-Фарабидің «парасатты адам» ілімі
(X ғасыр),

3) Жүсіп Баласағұнидің «жәуанмәрттік»
ілімі (XI ғасыр),

4) Ясауидің «хәл» ілімі (XII-XIII ғасыр),

5) Абайдың «толық адам» ілімі (XIX
ғасыр соңы),

6) Шәкәрімнің «ар» ғылымы (XX ғасыр
басында).

Осынау терең философиялық мән-
мағына мен даналық ойларға толы теңдесіз
ізгіліктің өзекті ғылыми негізін қамтыған
бабаларымыз көреген болған. Бүгінгі таңда
асыл қазыналар халқымыздың рухани
жаңғыру жолында жаңа заман адамдарын
тәрбиелеуде маңызы зор.

Абай отыз жасында өз ұлтының рухани
құндылықтарын жетік меңгеріп, Шығыс
әлемінің әдебиетімен де қаныққан еді. Бұл екі
алтын бұлақ ойшыл ақынның дүниетанымын
орнықты қалыптастырды. Үшінші бұлақ
көзі орыс әдебиеті арқылы жеткен батыс
ағартушыларының туындылары болды.
Жан-жақты шет ел әдебиеттеріне қанығып
өскен Абайдың отыз сегізінші ғақлиясында
атап көрсеткен «толық адам» ілімі өзіндік
жеке жүйесі бар дербес таным. Толық адам
ілімі ұзақ уақытты ізденіс пен зерттеулер
нәтижесінде, төрт бөліктен құралғаны
анықталды:

1) Жүрек кілті;

2) хауас;

3) жәуәнмәрттік;

4) иманигүл деп аталатын терең ғылыми
мәні бар ой танымы [7].

Ұлы Абай сарқылмас рухани мол
мұрасының шарықтау шыңы – «толық адам»
ілімі екені анық. Ал ақынның бұл ілімді
жасауына түрткі болған дүние, ол отаршыл
патша үкіметінің қазақ халқын біртұтас етіп
ұстап тұрған, ұлттық құндылықтарымыз бен
қадір-қасиеттерімізді жою арқылы ел билеу
саясаты еді.

Батыс Сібір генерал-губернаторы
М.Сперанский сияқты озбыр саясаткерлер
«қазақ даласында өсетін сексеуіл деген
ағашты балталасаң да сынбайды, оны тек
өзіне-өзін ұрып қана сындыруға болады
екен» [8] деп, осы әдісті қолдануы себебінен
бұрынғы рухани тұтас халықтың арасына
іріткі түсіп, алауызданып, мінез-құлқы
бұзылған, бәлекор, арызқой, тобырға
айналды. Осы жағдайды тереңінен түсіне

білген қайраткер ақын қарапайым халықты мұндай індеттен сақтап қалудың бірден бір жолы, осынау албырт кезеңде ұлт өзегін берік сақтайтын «толық адам» ілімін жасауы еді.

Абайдың «толық адам» туралы концепциясының түп төркіні «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінен бастау алады. Бұл өлең жыл өткен сайын өзінің философиялық, психологиялық, педагогикалық мән-мағынасын арттырып, қырлана түспесе, құнын жоғалтқан емес. Мұндағы «егер дүние бейне жүзік болса, онда адам оның бетіндегі гауһар» идеясы – гуманистік психологияның ең асылы, ең ардақты саналатыны «Адам». Сол адамның бойындағы болатын мінез-құлықтың ең басты сипаты неден тұрады? – деген сұраққа, әр заман ойшылдары өздері өмір сүрген дәуір талабына орай жауап бермекке ұмтылған. Исламият әлемінде, әсіресе, Түркістан өлкесінде бұл өзекті мәселеге Әл Фараби бастаған XI ғасырдағы Жүсіп Қас Хаджиб, XII-XIII ғасырлардағы Ясауи, Ш.Табризи (Тарази), Ж.Руми жалғастырған жәуанмәртлік, хал ілімі, камили инсани жайындағы тың идеяларымен, ой-толғаныстарымен жаңа дем берген болса, ал XIX ғасырдың екінші жартысында Абай бұл мәселеге ерекше назар аударып, өзіне дейінгі ойшылдар дәстүрін өзіндік дүниетанымдық тұжырыммен қорытады.

Абай адам болу хақысында «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінде көп нәрсені жүйелей қамтып, толық адамға айналу формуласын дәл сипаттайды. М.Әуезов Абайдың бұл өлеңін мән-мағынаға толы, қорытынды ой түюге көмектесетін бағдарламалық өлең деп жоғары бағалайды [9].

Абай өлең жолдарында жазылған «адам болудың» шарты замана көшін бір жарым ғасыр ілгерілетсе де өз құндылығын жоғалтпай емес. Себебі, біз әлі күнге дейін өсек пен өтірікке құмартып, оған мақтанымызды қоса айтып, іс бастауға кегенде ерініп, арзан ойын-күлкіге беріліп, жиған малды бекер шашып жүрген сүреңсіз өмір салтынан арыла алар емеспіз. Әрине, ойын тереңге бойлатып,

таудай талап қойып, ерте еңбектеніп, қанағат пен рақымды да ойлай жүретін ойлыларымыз аз емес. Дегенмен, тұлғамызды ұлы Абай атаған бес дұшпаннан қашық, бес асылға асық етіп тәрбилесек, адамдықтың негізін қалыптастыратынымыз анық.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында XXI ғасырда қоғамдық сананы қайта қалыптастырып, рухани жаңғыруды заман талабына сай бейімдеу арқылы халыққа жаңа серпін беру жолын айтады. Әрбір адамның өз бойындағы мінмен алысып, Абай көрсеткен, ізгілік қасиеттерді, асыл құндылықтарды жинай отырып, қазіргі заман ағымына икемдеп, жаһандану дәуірінің белесіне шығар көшбасшы болатындығымыз айтылған [10].

Абай өлеңдерінің психологиялық мәні ақынның жетінші қара сөзінде сипатталып «жанның тамағы» – деген философиялық мағынадағы ұғыммен астасып жатыр. Абай түсінігіндегі «жанның тамағы» дегеніміз – жанның қуаты арқылы толығын рухани байлық негізі, өзегі болып отыр. Себебі, Абай: «...Құмарланып жиған қазынамызды көбейтсек керек, бұл жанның тамағы еді», – деп көрсетуі арқылы жас ұрпақ, өзінің саналы өмірін, дүниетанымын қалыптастыру жолында жанын пайдалы тамақпен сусындауға бет бұрса ғана, толық адам жолына түседі деген. Яғни Абай танымы толық адамдық қасиетті баланың жас кезінен сіңіру керектігі идеясын меңзейді.

Адамзатты адамдыққа жетелейтін Абай еңбектері, бүгінгі таңда ел арасында нақылға айналған «Атаңның баласы болма, адамның баласы бол», «Атымды Адам қойған соң қайтып надан болайын», «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп...», «Адамды сүй, Алланың хикметін сез, не қызық бар өмірде одан басқа» – деген өлең – жырларының тармақтары бар. Абайдың «адам бол, адамды сүй, адам болып қал»-деген ой-пікірлерінің негізі, бүгінгі таңдағы гуманистік педагогика ғылымында кеңінен қолданылып жүрген ұстанымдарға жатады. Осы тұрғыда, жас ұрпақты тәрбиелеуде ең алдымен, оларды адамды сүюге баулудан басталуы керек деген

тұжырымнан шығады. Абай үшін дүниенің басты құндылығы – адам, жәй ғана адам емес, рухани тұрғыда, кемелденген толық адам. Адамзат өркениетіндегі барлық игі қасиеттер: дін, иман, ғылым, білім, тәрбие, әдеп, өнер, құқық, іскерлік, тапқырлық, қайраткерлік, азаматтық, жомарттық, әділеттік т.б. сапаларды бойын жетілдіре білген, дамыған адам – Абай ұсынған «толық адам» концепциясы.

Осындай тұжырымның Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Интеллектуалды ұлт – 2020» ұлттық жобасының «адами капитал» идеясымен өзектесе құрылуы, жас өркеннің осынау терең тағылымды ілімінің мәңгілік екендігін көрсетеді [11].

Адам өмірі біртұтастық түрлі қарым-қатынастардан құралады, осыз адам қоғамнан бөлініп қалады. Адам қоғамның бір бөлшегі, құрамдас бөлігі, құрастырушы, құрылысшысы деп қарастырады. Аайдың отыз жетінші қара сөзінде «Дүниеде жалғыз қалған адам – адамның өлгені. Қапашылықтың бәрі соның басында дейді».

Бұл неміс философы Гетенің «Адам жалғыздықта өмір сүре алмайды, ол әлеуметке мұқтаж» деген даналық нақылымен үндесіп жатыр. Бригам Янг университетінің (Юта штаты, АҚШ) психологтар бірлестігінің зерттеу нәтижелері бойынша жалғыздықта өмір сүретін адам көптеген ауруларға бейім келеді екен. Олардың қатарындағы ең жиі ұшырасатыны депрессия мен психикалық бұзылыстар көрінеді. Яғни Абай айтқан «қапашылық» осы дерттерге, жан күйзелістеріне апарып соқтырса керек.

Абай поэзиясындағы психологизм, әр түрлі адамдардың мінез-құлқын, жан-дүниесін, қандай жағдайда, қандай әрекет ететіні ашып көрсету шеберлігімен ерекшеленеді. Мысалы «Бөтен елде бар болса», «Сабырсыз, арсыз, еріншек» секілді өлеңдерін атауға болады. Қиын-қыстау жағдайда жалтарғыш, «бір сөз үшін жау болып, бір күн үшін дос болып» қырық құбылып жүретін адамдардың мінезін, іс-әрекетін ақын дөп басып, надан адам бейнесінде сипаттайды.

Абай шығармаларында қазақ әкімдерінің,

ел билеушілерінің бейнесін көрсетуде де мысқылшыл, сатирик ақын, психолог-суреткер ретінде танылады. Мысалы, «Болыс болдым мінекей» өлеңінде ақын сол уақыттағы қазақ қоғамында белең ала бастаған мансапқорлық психологиясы ашық, әрі айқын суреттелген. Билікке ұмтылу, жақсы өмірге құштарлық, адамның бойындағы жағымсыз қасиет ретінде бейнеленген. Дегенмен де, бұл қасиет ақыл-санаға бойұсынуы тиіс, себебі ақыл адамның мінезі мен іс-әрекетін басқарушы күш.

Ал адамның билікке деген құштарлығын ақылға бағындырғанда, онда жауапкершілік сезімі күшейеді. Ал жауапкершілік сезімі адамнан көркем мінезді, адалдықты, шынайы білім мен іскерлікті қажет ететін болғандықтан осының барлығын ескеріп, бойына жиған адам ғана қоғамда тура басшылық жүргізе алады.

Осы негізде жоғарыда айтылған асыл қасиеттерді бойына терең сіңіріп, өзін уақыттың талабына икемдей алатын адам, қоғамды алға жетелеуші тұлғаға айналмақ. Ал сол кезеңде болыстық билік үшін барын салып, жанын салып, таласып, мінез дертіне шалдыққан қазаққа Абайдың ұсынған рухани емі - «толық адам» ілімі еді. Осындай рухани ілімі арқылы әр қазақтың бойын ізгілік тұрғысынан жаңғырту, іс-әрекетті ар таразысына салуға ұмтылған Абайды, өз заманында қалың көпшілік түсіне қоймады.

Ақынның жиырма бірінші қара сөзінде адамның мақтан деген қасиетін толық адам сипатына келмейтін көрініс ретінде талдайды. Мұнда Абай адамның мақтангершілік қасиетінен аман болуы өте қиын іс екендігі, бөтен адамдарға мақтанғандық ләкин нағыз надандық дейді. Ал екінші адамдар өз елінің, жұрттың ішінде мақтан іздейді, ол толық адамға лайық емес, надан дейді. Ал үшіншісі өз үйіне, немесе ауылына келіп айтпаса, өзге адамдар қостамайтын мақтанды іздейді дейді, ол наданның наданы.

Абай адам бойындағы қасиеттерді ұғынықты тілмен көркем талдай отырып, ұлттық болмыс пен ұлттық мінез де, сапалық қасиеттер арқылы көрініс табатындығын түсіндірген. Қырық төртінші қара сөзінде

«адам баласы я талапты, я талапсыз болсын, әйтеуір «бәрекелдіні» керек қылмайтұғыны болмайды. Әрнәшік, орынсыз ба, орынды ма, «бәрекелді» деушіні көңіл іздеп тұрады» деп адам баласының әлсіз тұсын баса көрсетеді. Бұл қарасөзінде Абай қазақ халқының бойына сіңген даңдайлық, мақтаншақтық, мақтан сүйгіштік сезімі адами құндылықтардың ең төменгі дәрежесі, ол адамды толық адам сипатына әкелмейтіндігі айтылған.

Расымен-ақ, Абай шығармаларынан адам бойынан тұлғалық келбеттің сан түрлі үлгілерін, байқаймыз. Олай дейтініміз, ақын өз заманы, қоршаған ортасы арқылы адам болудың, адамша өмір сүрудің жолдары мен бағытын көрсетеді. Әр өлеңінде адами болмыстың сыры, әр қырынан танылады. Ол адамдықтың басты қасиеті – адамгершілік екенін жиі айтады, оның дүниетанымында ізгілік, парасаттылық мәселесі негізгі орынды алады. Абай – адамның өзін-өзі танып білуін, ашылып түсінуін, өмірдегі орны мен деңгейін дұрыс бағалайтын, әрекет-қимылдарын сын тұрғысынан саралай алатын қабілетін адамгершіліктің түпнұсқасына балайды.

Оған дәлел ретінде «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат» өлеңін келтіруге болады. «Интернатта оқып жүр» деген өлеңінде ақын қазақ жастарының жоғары шенге ұмтылатынын, жан байыту қаперіне кірмейтінін ашына сынады. Ақын тілегі бүгінгі жас сараңдықтан, дүние қоңыздықтан сақтанып, білім теріп өз еліне адал көңілмен қызмет етсе, деген арманымен ұштасады.

Түп нұсқасында, адам мінезінің жақсыға да жаманға да тез үйренетінін ақын ерекше ескерте келе, адам бойындағы сапалық қасиеттердің ең биігінде тұратын – ар мен намыс, деп баға береді. Осы ойды негіздей келе Абай өзінің отыз сегізінші қара сөзінде «Мал, мақтан, ғиззат-құрмет адамды өзі іздеп тапса, адамдықты бұзбайды һәм көрік болады. Егер де адам өзі оларға табынып іздесе, тапса да таппаса да адамдығы жоғалады». Расында, осы сөздерді байқап, терең саралай білген адамға мұнда өте үлкен өмірлік өнеге бар.

Абай шығармаларынан әр түрлі

адамдардың психологиялық бейнелерін, сан алуан мінез-құлық қасиеттерін кездестіруге болады.

Кей жігіт мақтан үшін қылық қылмай,

Бойына майдалықпен сыр сақтаған,

Кей жігіт арсыздықпен ұятсынбай

Қолы жетпес нәрсеге тыртақтаған... – деп ер жігіттің нашар сипаттарын әшкерелесе, келесі бір өлең жолдарында:

Ақылды қара қылды қырыққа бөлмек,

Әр нәрсеге өзіндей баға бермек.

Таразы да, қазы да өз бойында,

Наданның сүйенгені көп пен дүрмек, – деп ақылды адамның артықшылығына назар аудартады. Солай болмаққа ұмтылтады. Тіпті халық арасында жігіт адамға жар таңдауда ақыл мен пайым-парасаттың адам бойындағы ерекше қымбат қасиет екенін ескертеді.

Ақын сол дәуірдің өзінде адам мінезінің қалыптасуы тәрбиеге, ортаға байланысты екенін ашып жазады. Өзінің отыз жетінші қара сөзінде: «Егер мен қолында заң қуаты бар кісі болсам, адам мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім», – деп нық сеніммен айтады.

Абайдың философиялық-психологиялық «толық адам» концепциясының негізі, отыз сегізінші ғақлиясында күллі адам баласын қор қылатын үш нәрсені сипаттап, одан қашпақ керектігін айтады: «әуелі – надандық, екіншісі – еріншектік, үшінші – залымдық. Мұндағы надандық – білім ғылымның жоқтығы, дүниеде ешбір нәрсені оларсыз біліп болмайды. Білімсіздік хайуандық болады. Еріншектік – күллі дүниедегі өнердің дұшпаны. Талапсыздық, жігерсіздік, ұятсыздық, кедейлік – бәрі осыдан шығады. Ал Залымдық – адам баласының қас дұшпаны. Адам баласына дұшпан болса, адамнан бөлінеді, жыртқыш хайуан қисабына қосылады»- дейді [12].

Қорытынды. Белгілі Абайтанушы М.Мырзахметов ғұламаның бүкіл еңбегі мен өмір жолын зерттеп, бүкіл саналы ғұырын осы ізденіске арнағанын жазған. Мекемтас Мырзахмет ұлы бір сұхбатында, Абайдың жұмбақ адам екендігі, оның еңбегінің негізгі құпия сыры «Толық адам» ілімінде екендігі

туралы тұжырым жасаған. Расында да, Абайдың «толық адам ілімін» жас ұрпақтың тәлім-тәрбиесіне, қазақ және бүкіл түркі халықтарының санасына сіндіру, рухани жаңғыру жағынан жаңа сатыға көтерілу деген тұжырым жасайды [13].

Білім берудің аймақтық аспектісінде ұлттық мәдениеттің, салт-дәстүр, құндылық пен рухани дамудың бүкіл байлығы жатыр, мұнда оқушының рухани мәдениетін, өзбетіндігін, шығармашылығын, белсенділігін, ақыл-ойын дамыту мәселелерін алға қоя отырып, білім берудегі адамзаттық факторлардың рөлін күшейтеді. Кез келген оқыту жас өспірімге адамзаттың ғұмыр бойы жинақтаған мәдениеттің беруі керек. Яғни, қоршаған орта – табиғат, қоғам, адам, оның тарихы мен мәдениеті туралы білімі болмаса баланы оқыту мүмкін емес. Біз қоғам тарапынан ұлттық салт-дәстүрлер мен әдеп – ғұрыптарды зерттеуге қызығушылықтарын артқанын байқаймыз. Бұл қызығушылық әбден заңды құбылыс, өйткені қоғамның тарихи ұрпақтар сабақтастығына, ұлттық мәдениеттің сақталуына, таралуына және дамуына, халықтың мәдени және тарихи мұрасына ұқыпты қарауды тәрбиелеуге байланысты екенін байқағанымызда болып отыр.

Қазақстан Республикасының құқықтық және нормативтік-әдістемелік құжаттарында аймақтық, ұлттық қажеттіліктерді және халықтардың ерекшеліктерін есепке алу мәселесі мектептерде білім беру жүйесін жетілдірудің маңызды аспектісі ретінде көрсетіледі.

Ұлт-белгілі бір аумақты мекен еткен, өзіне тән шаруашылық жүргізу ерекшелігі бар, өзінің тарихи салт-дәстүрі қалыптасқан, тілі, мәдениеті, ұлттық психологиясы ортақ көрініс беретін, адамдар қауымдастығының тарихи қалыптасқан бірлестігі.

М.Т. Дьячковская зерттеуінде «Ерекшелік» деген терминге тән бір адамның немесе бір нәрсенің ерекшелік қасиеті деген ой айтады. Кейде ерекшелік деп «тән сипат»,

«ерекше қасиет», «ерекше белгі», «өзіндік ерекшелігі» деген мағына береді дейді [4].

Шет ел зерттеушілерінің еңбектерінде ұлттық ерекшелікке берілген анықтамаларға талдау жасайық.

С.Д.Яковлева Якутия мектебінің биология курсына аймақтық компонентті жүзеге асырудың әдістемелік ерекшеліктерін зерттей келе, аймақтық компонент аймақтың климаттық, табиғи, экологиялық, тарихи және экологиялық ерекшеліктерін қамтиды, ал, ұлттық ерекшелік сол аймақта мекендейтін ұлттың тілі, әдебиеті, ұлттық мәдениеті, ұлттың салт – дәстүрі мен этносын қамтиды деген пікір айтады [5].

А.С.Монгуш өзінің еңбегінде Тыва республикасындағы оқушылардың математика пәнінде ұлттық-аймақтық мазмұнды есептерді пайдалана отырып, оқушылардың білім деңгейін көтеру мәселесін қарастырады. Ол аймақтық ерекшелікке: - тарихи және ұлттық мәдени; - табиғи географиялық; әлеуметтік – географиялық; әлеуметтік – демографиялық; әлеуметтік – экономикалық; аймақтың экономикалық салалары; әкімшілік саяси; саяси ерекшеліктер жатады дейді [6].

САТ Саяна Коколовна өз зерттеуінде аймақтық ерекшеліктер деп осы аймақтағы құбылыстар, оқиғалар, өзекті ақпараттар, климаттық, табиғаттық, экологиялық, тарихи және экономикалық ерекшеліктер жатады, ал, ұлттық ерекшеліктерге тұрмыстық ерекшеліктер, тілдің, әдебиеттің, ұлттық мәдениеттің ерекшеліктері, ұлттың этносты мен салт-дәстүрі жатады деген пікір айтады [7].

Аль Баттауй Газван Азиз Мухсен өзінің зерттеу жұмысында ұлттық ерекшелікке төмендегідегілер кіреді дейді:

- ирак халқының ұлттық менталитетінің ерекшеліктері;
- елдегі демографиялық жағдай;
- аймақтағы климаттық ерекшеліктер;
- елдегі әлеуметтік – саяси жағдай, мемлекеттегі әлеуметтік саяси жағдай;
- елдегі әлеуметтік – экономикалық жағдайды жатқызады [8].

З.С.Бадмаева зерттеу жұмысында

калмыктардың белгілі бір әлеуметтік – тарихи, саяси, экономикалық, мәдени және табиғат факторларының әсерінен қалыптасқан өздеріне тән ұлттық психологиялық ерекшеліктері бар дейді. Бұл ұлттық психологиялық ерекшеліктер қабылдау, ойлану, іс әрекеттерді мотивациялауда, эмоциональды және ерік белсенділігінің өзіндік ерекшеліктерінде, калмыктардың тұлғалық және топтық өзара қарым – қатынасында байқалады деген пікірін айтады [9].

М.Д. Дьячковская зерттеуінде ұлттық ерекшелікке төмендегідей анықтама береді. Ұлттық ерекшелік дегеніміз – бұл халықтың спецификалық қасиеті. Ол – организмнің әртүрлі физиологиялық жүйесінде әрекеттерде байқалады (этнофизиологиялық ерекшеліктер); – қатынас, қарым-қатынас және өзара іс-әрекеттің психологиялық үрдістері мен жағдайында байқалады, дейді [4].

О.Л. Григорева зерттеу жұмысында халықтың ұлттық ерекшеліктері сол елдің өмір сүру территориясының ерекшеліктерімен, тарихи салт-дәстүрлерімен, өмірлік ұстанымдарымен және діни сенімдерімен өзгешеленеді деген пікір айтады [10]

Ұлттық ерекшеліктерге атақты орыс педагог, психолог К.Д. Ушинский үлкен мән берген. Ол әрбір халықтың өзіндік ерекшеліктері мен ақыл-ой ерекшеліктеріна назар аударған және осы факторлардың жас ұрпақтарды тәрбиелеу үдерісіне тигізер әсерін қарастырған. К.Д. Ушинскийдің пікірінше ұлт ұғымына әрбір халықтың ұлттық сипаттамасын, өзге ұлттардан айрымашылығын анықтайтын халықтың психологиялық ақыл ой ерекшеліктері жатады.

Солтүстік халықтарының зерттеушісі В.Х. Нерадовский «әр түрлі этностық топтардың оқушыларына оқу процесін ұйымдастыру кезінде біркелкі емес көзқарас талап етіледі – бұл кез-келген халықтың өмірінде сыртқы әлемді қабылдаудың өзіндік, ғасырлар бойы қалыптасқан табиғи, табиғатқа сай психологиясы, ерекше менталитет, өмір салты, биологиялық және

әлеуметтік негізделген руханилық, ойлау тәсілі, ақыл-ойы, адамгершілік көңіл-күй, әлемдік қабылдау бар деген пікір айтады.

Ресей федерациясының ұлттық ерекшеліктері мен мінез құлықтарын олардың Солтүстік Еуразия климатындағы суық қысымен, Ресей территориясының кең аумағымен, көпұлттылығымен, сыртқы шекараларын қорғау ерекшеліктерімен өзгешеленеді. Сонымен қатар, Ресей жерін мекендейтін халықтың ұлттық киімдері, ұлттық тағамдары, ұлттық мейрамдары, діні, салт – дәстүрлері, әдет – ғұрыптары, мәдениеті, әлеуметті экономикалық жағдайы географиялық орналасу жағдайына байланысты екенін байқаймыз. Сондықтан Ресей территориясында тұратын кез келген ұлттың салт – дәстүрі мен мәдениетіне құрметпен қарайды.

Отандық зерттеушіміз Қ.А. Утееваның пікірінше ұлттық ерекшелік дегеніміз әр ұлтты өзге ұлттардан өзгешелендіріп тұратын өзіне тән ерекшеліктер дейді. Олар көбінесе халықтың психологиясында, әлеуметтік – экономикалық өмірінде және тіл ерекшеліктерінде байқалады деген пікір айтады. Зерттеушінің пікірінше зерттеу жұмысында ұлттық ерекшеліктерді ескеру себебі оқу мазмұнына қазақ халқының мәдени – ұлттық құндылықтарын бейнелеу, республиканың және оның әрбір аймақтарының әлеуметтік – экономикалық даму факторларын ескеру, оқушыларға ана тілі мен өзге де тілдерді оқыту болып табылады [11].

Пікірталас және нәтижелер. Ұлттық ерекшеліктерді ескеру дидактикалық ережеге сәйкес «белгіліден белгісіздікке», «жақыннан алысқа» қарай оқытуды жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Оқу-тәрбие үдерісінде ұлттық ерекшелікті ескеру бір жағынан нәтиже ретінде, екінші жағынан мақсатқа жету құралы ретінде әрекет етеді. Ұлттық ерекшелік мектептің өмірмен байланысы, теорияның практикамен байланысы арқылы мазмұнын нақтылайды, сондай-ақ оқытудың мазмұндық жақтарын іске асыру арқылы оқушылардың қызметін ұйымдастыру кезінде педагогикалық

жүйенің барлық компоненттерін саралауға және дараландыруға бағыттайды.

Біздің пікірімізше ұлттық ерекшеліктер дегеніміз төменде келтірілгендермен сипатталады [12]:

– тілі мен әдебиеті (әр түрлі ұлт бір тілде сөйлесе де, олардың психологиялық ақыл-ой ерекшеліктері мен ұлттық сипаттамалары әр түрлі болады; қазақ тілін латын әліпбиіне ауысуы)

– тарихы және ұлттық–мәдениеттік (салт-дәстүр, әдет – ғұрпы, адамгершілік, ырымдары, өмір сүру салтының ерекшеліктері және тән құндылықтары);

– табиғи-географиялық (климат, пайдалы қазбалар, экология мәселелері);

– әлеуметтік-географиялық (қоныстардың сипаты, дәстүрлі іс-әрекеттер, қатынас құралдары);

– әлеуметтік-демографиялық (ұлттың құрамы, жыныстық-жастық құрылымы, халықтың көбею сипаты, отбасы типтері және т. б.);

– әлеуметтік-экономикалық (өндіріс түрлері мен сипаты, кәсіби құрылымы, халықтың өмір сүру деңгейі, экономикалық даму жетістіктері және т. б.);

– өңірдің экономикалық салалары (ауылшаруашылық, құрылыс, химия-технологиялық және т.б.), өнеркәсіптік және ауыл шаруашылық өндірісі;

– әкімшілік-саяси (аумақтық орналасуы және өңірдің шекарасы, инфрақұрылым түрі, басқару органдарын ұйымдастыру және олардың жұмыс істеуі);

– саяси (аймақ өміріндегі саяси факторлардың рөлі, егемендік үрдістері, өңіраралық және мемлекетаралық байланыстар және т. б.);

– ұлттық рухы, ұлттық сана – сезімі, ұлттық өнері, ұлттық ою өрнегі;

– мемлекеттің цифрлық мемлекетке көшу бағдарламасы;

– Қазақстан халықтарының ортақ мейрамдары (наурыз мейрамы, діни мерекелер, отан қорғаушылар күні, Қазақстан халықтарының бірлік күні, жеңіс күні, Астана күні, Конституция күні, құрбан айт мейрамы, ҚР-ның тұңғыш президент күні, тәуелсіз күні);

– заманауи білім беру нарығына кадрларды дайындау.

– елімізде тату – тәтті бірге өмір сүріп жатқан барлық халықтардың ұлттық мәдениеті, ырымдары, салт – дәстүрлері, тарихы, тіліне құрметпен қарау;

– жер бетіндегі бейбітшілікті, тыныштық пен зорлық-зомбылықты сақтауға ықпал ететін негізгі жалпыадамзаттық құндылықтарды (өмір, еркіндік, бейбітшілік, ар-ождан, сенім, махаббат, бақыт, денсаулық) ұстану.

Білім берудің жеке тұлғаға бағытталуы үшін адамның нақты-сезімтал тәжірибесін ұйымдастыру, оның рухани өмірін нақты проблемалармен толықтыру, оны өзінің жеке тұрмысын қайта құруға тарту қажет. Сондықтан Қазақстан Республикасының информатика курсының алгоритмдер және программалауды оқыту процесін құру кезінде мекендеу ортасының ерекшеліктерін, өмір салтын, ұлттық мәдениетті және т. б. ескеретін тәсілдер қажет [13].

Кез келген дәстүрлі пәнді ұлттық ерекшелендіру «нақты және абстрактілі бірлік», «оқытудың өмірмен байланысы», «ғылым, мәдениет, қызмет тәжірибесі жетістіктерін меңгерудегі жүйелілік және бірізділік», «оқытудың қолжетімділігі» деген оқытудың негізгі принциптерін ескеріле отырып дидактикалық үдерісті ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Ұлттық ерекшеліктерді ескеру дидактикалық ережеге сәйкес «белгіліден белгісіздікке», «жақыннан алысқа» қарай оқытуды жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Оқу-тәрбие үдерісінде ұлттық ерекшелікті ескеру бір жағынан нәтиже ретінде, екінші жағынан мақсатқа жету құралы ретінде әрекет етеді. Ұлттық ерекшелік мектептің өмірмен байланысы, теорияның практикамен байланысы арқылы мазмұнын нақтылайды, сондай-ақ оқытудың мазмұндық жақтарын іске асыру арқылы оқушылардың қызметін ұйымдастыру кезінде педагогикалық жүйенің барлық компоненттерін саралауға және дараландыруға бағыттайды [14].

Қорытынды. Соңғы кездері біз қоғам тарапынан ұлттық салт-дәстүрлер мен әдеп – ғұрыптарды зерттеуге қызығушылықтарын

артқанын байқаймыз. Бұл қызығушылық әбден заңды құбылыс, өйткені қоғамның тарихи ұрпақтар сабақтастығына, ұлттық мәдениеттің сақталуына, таралуына және дамуына, халықтың мәдени және тарихи мұрасына ұқыпты қарауды тәрбиелеуге байланысты екенін байқағанымызда болып отыр [15].

Мектеп пәндерін, соның ішінде, информатика пәнін дәстүрлі түрде оқыту әдісі оқушының тұлғалық қасиетін толығымен ашып көрсете алмайды. Мектеп информатикасының мазмұнында (теориялық және есептер жүйесі) Қазақстан Республикасында тұратын ұлттарының тілі, салт-дәстүрі, әдет-ғұрыптарының ерекшеліктері

ескерілмейді. Бүгінгі күнде информатиканы оқытудың теориясы мен әдістемесіндегі этникалық аспект және оны оқу үрдісінде ескеру мәселесі ғылыми еңбектерде зерттелген. Елімізде информатика пәні бойынша ұлттық ерекшеліктерді ескеретін мектеп бағдарламалары жоқтың қасы деп айтуымызға болады.

Негізгі мектептегі информатиканың «алгоритмдер және программалау» бөлімшесін оқыту үдерісін құруда өмір сүру салтының, ұлттық мәдениеттің, мекендеу ортасының және т.б. ерекшеліктерін ескерсек оқушылардың оқуға деген қызығушылығы артады деген сенімдеміз.

Пайдаланылған әдеби қайнар көздер тізімі

[1] Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын [Электронный ресурс] URL: <http://adilet.zan.kz> (қаралған күні 18.01.2020).

[2] Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты [Электронный ресурс] URL: <https://www.akorda.kz> (қаралған күні 17.01.2020).

[3] Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері: Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2018 жылғы 10 қаңтар.

[4] Дьячковская М.Д. Этнометодическая система обучения математике учащихся школ малочисленных народов севера (на примере Республики Саха (Якутия): Дисс... канд.пед.наук – Чебоксары, 2017. – 274 с.

[5] Яковлева, С.Д. Методические особенности реализации регионального компонента курса биологии в школах Якутии (раздел «Животные») [Текст]: Дисс... канд. пед. наук: 13.00.03. – М., 2004. – 167 с.

[6] Монгуш А.С. Использование прикладных задач с национально-региональным содержанием как фактор повышения качества математических знаний учащихся 5-9 классов (на примере Республики Тыва): Дисс. канд.пед.наук – Новосибирск, 2002. – 145 с.

[7] Сат С.К. Региональные особенности методической системы формирования основных понятий базового курса информатики в национальных школах Республики Тыва: Дисс... канд.пед.наук – Омск, 2006. – 129 с.

[8] Аль Баттауи Газван Азиз Мухсен Национальные особенности становления и развития системы физического воспитания в Ираке: Автореф. дис... канд.пед.наук. – Тамбов., 2015. – 24 с.

[9] Бадмаева, З.С. Национально-психологические особенности калмыков: Автореф. дис.... канд. психол. наук. – М., 1997. – 23с.

[10] Григорьева О.Л. Национально-региональные особенности развития системы специального образования Забайкалья; аксиологический подход [Текст]: Автореф. дис... канд. пед. наук. – Б., 2004. – 24 с.

[11] Утеева К.А. Методические условия учета национальных особенностей в обучении математике в начальной казахской школе: Дисс.канд.пед.наук – Алматы, 1994. – 176 с.

[12] Ошанова Н.Т., Ануарбекова Г.Ж. Ұлттық ерекшеліктер негізінде алгоритмдеу мен программалауды оқытудың жолдары //Интеллектуалдық ақпараттық және коммуникациялық технологиялар – «Қазақстан – 2050» стратегиясы аясында үшінші индустриалды революцияны жүзеге асырудың құралы: V Халықаралық ғылыми –практикалық конференция еңбектері. – Астана, 2018. – Б.163-166.

[13] Ошанова Н.Т., Ануарбекова Г.Ж. Негізгі мектепте алгоритмдер мен программалауды оқытуда ұлттық ерекшеліктер негізіндегі есептердің алатын орны //Математикалық модельдеу мен ақпараттық технологиялар білімде және ғылымда»: Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің 90 жылдығына арналған VIII Халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары. – Алматы, 2018. – Б.290-294.

[14] Ануарбекова Г.Ж. Ұлттық құндылықтарды цифрландыру заманауи Қазақстанның басты бағыты ретінде //Вестник-Хабаршы, Физика-математика сериясы Абай атындағы ҚазҰПУ. – 2018. – №2 (62). – Б 182-185.

[15] Oshanova N., Anuarbekova G., Shekerbekova S., Arynova G. Algorithmization and programming teaching methodology in the course of computer science of secondary school //Australian Educational Computing – 2019. – V.34. – Iss.1.

References

[1] Kazakstan Respublikasynda bilim berudi damytudyn 2011-2020 zhyldarga arналған мемлекеттік бағдарламасын [Elektronnyj resurs] URL: <http://adilet.zan.kz> (karalğan kuni 18.01.2020).

[2] Қазақтан Respublikasynyn Prezidenti – Elbasy N.A. Nazarbaevtyн Қазақстан halkyna Zholdauy «Kazakstan – 2050» Strategiysy kalypaskan мемлекеттин zhana sayasi bagyty [Elektronnyj resurs] URL: <https://www.akorda.kz> (karalğan kuni 17.01.2020).

[3] Tortinshi onerkasiptik revolyuciya zhagdaiyndagy damudyn zhana mumkindikteri: Kazakstan Respublikasynyn Prezidenti N. Nazarbaevtyн Kazakstan halkyna Zholdauy. 2018 zhylygy 10 kantar.

[4] D'yachkovskaya M.D. Etnometodicheskaya sistema obucheniya matematike uchashchihsya shkol malochislennyh narodov severa (na primere Respubliki Saha (YAkutiya): Diss... kand.ped.nauk – CHEboksary, 2017. – 274 c.

[5] Yakovleva, S.D. Metodicheskie osobennosti realizacii regional'nogo komponenta kursa biologii v shkolah YAkutii (razdel «ZHivotnyye») [Tekst]: Diss... kand. ped. nauk: 13.00.03. – M., 2004. – 167 s.

[6] Mongush A.S. Ispol'zovanie prikladnyh zadach s nacional'no-regional'nyim sodержaniem kak faktor povysheniya kachestva matematicheskikh znaniy uchashchihsya 5-9 klassov (na primere Respubliki Tyva): Diss. kand.ped.nauk – Novosibirsk, 2002. – 145 c.

[7] Sat S.K. Regional'nye osobennosti metodicheskoy sistemy formirovaniya osnovnyh ponyatij bazovogo kursa informatiki v nacional'nyh shkolah Respubliki Tyva: Diss... kand.ped.nauk – Omsk, 2006. – 129 c.

[8] Al' Battauj Gazvan Aziz Muhsen Nacional'nye osobennosti stanovleniya i razvitiya sistemy fizicheskogo vospitaniya v Irake: Avtoref. dis... kand.ped.nauk. – Tambov., 2015. – 24 s.

[9] Badmaeva, Z.S. Nacionpl'no-psiologicheskije osobennosti kalmykov: Avtoref. dis.... kand. psihol. nauk. – M., 1997. – 23s.

[10] Grigoreva O.L. Nacional'no-regional'nye osobennosti razvitiya sisitemy special'nogo obrazovaniya Zabajkal'ya; aksiologicheskij podhod [Tekst]: Avtoref. dis... kand. ped. nauk. – B., 2004. – 24 s.

[11] Uteeva K.A. Metodicheskie usloviya ucheta nacional'nyh osobennostej v obuchenii matematike v nachal'noj kazahskoj shkole: Diss.kand.ped.nauk – Almaty, 1994. – 176 c.

[12] Oshanova N.T., Anuarbekova G.Zh. Ul'ttyk erekshelikter negizinde algoritmdeu men programmalaudy okutudyn zholdary //Интеллектуалдык ақпараттық және коммуникациялық технологиялар – «Kazakstan – 2050» strategiysy ayasynda ushinshi industrialdy revolyuciyanı zhuzege asyrudyn kuraly: V Halykaralyk gylymi-praktikalık konferenciya enbekteri. – Astana, 2018. – B.163-166.

[13] Oshanova N.T., Anuarbekova G.Zh. Negizgi mektepte algoritmder men programmalaudy okytuda ul'ttyk erekshelikter negizindegi esepтердин alatyn орны //Математикалық модел'деу мен ақпараттық технологиялар bilimде және gylымда»: Abai atyndagy Kazak ul'ttyk pedagogikalık universitetinin 90 zhyldygyna arналған VIII Halykaralyk gylymi-adistemelik konferenciya materialdary. – Almaty, 2018. – B.290-294.

[14] Anuarbekova G.Zh. Ul'ttyk kundylyktardy cifrlandyru zamanauı Kazakstannyn basty bagyty retinde //Vestnik-Habarshy, Fizika-matematika seriyasy Abai atyndagy KazUPU. – 2018. – №2 (62). – B 182-185.

[15] Oshanova N., Anuarbekova G., Shekerbekova S., Arynova G. Algorithmization and programming teaching methodology in the course of computer science of secondary school //Australian Educational Computing – 2019. – V.34. – Iss.1.

Понятие и значение национальной особенности

Г.Ж. Ануарбекова¹, Ы.Бидайбеков¹, Н.Т.Ошанова¹

*¹Казахский национальный педагогический университет имени Абая
(Алматы, Казахстан)*

Аннотация

В данной статье научно обосновано значение понятия национальные особенности, уточнялись определения «национальные особенности». Были проанализированы определения понятия национальные особенности в трудах зарубежных и отечественных исследователей, приведены выводы. Раскрывается роль национальных особенностей обучения в разделе «алгоритмизация и программирование» в курсе информатики. Была рассмотрена характеристика национальной особенностей. Учет национальной особенности в учебно-воспитательном процессе с одной стороны выступает как результат, с другой – как инструмент достижения цели. Национальная особенность заключается в том, что школа имеет связь с жизнью, конкретизирует содержание теории через связь с практикой. А также при организации деятельности учащихся посредством реализации содержательных аспектов обучения на дифференциацию и индивидуализацию всех компонентов педагогической системы. Вопрос учета национальных потребностей и особенностей народов отражается как важный аспект совершенствования системы образования в школах.

Ключевые слова: национальность, особенность, национальная особенность, информатика, алгоритм, учебный процесс

Concept and meaning of national identity

G. Zh. Anuarbekova¹, E. Y. Bidaybekov¹, N. T. Oshanova¹

¹Abai University (Almaty, Kazakhstan)

Abstract

In this article, the meaning of the concept of national characteristics is scientifically justified and the definition of the meaning of the concept of national characteristics is clarified. The concepts of national peculiarities in the works of foreign and domestic researchers were analyzed, and conclusions were given. The role of national features of training in the section «algorithmization and programming» in the course of computer science is revealed. The characteristic of national characteristics was considered. Taking into account national characteristics in the educational process on the one hand acts as a result, on the other-as a tool to achieve the goal. The national peculiarity is that the school has a connection with life, concretizes the content of the theory through the connection with practice. And also at the organization of activity of pupils by means of realization of substantial aspects of training on differentiation and individualization of all components of pedagogical system. The issue of taking into account the national needs and characteristics of peoples is reflected as an important aspect of improving the education system in schools.

Keywords: nationality, a feature, national feature, computer science, algorithm, educational process

Редакцияға 10.07.2020 қабылданды.

FTAХР 14.25.05

Н. ОРДАБАЕВ¹, К. АБИШЕВ², Т. ҚАДЫРБАЕВ¹, Е.Н. ТУГЕЛБАЕВ²,
Т. БАЙМЫРЗАЕВ²

¹Аймақтық әлеуметтік инновациялық университеті (Шымкент, Қазақстан),

²Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті (Алматы, Қазақстан),
kulalbek@mail.ru.; asylkhan.a54@mail.ru.; kadyrbaev.talgat@mail.ru;
tugelbaev_erik@mail.ru.; take_bb@mail.ru.; <https://doi.org/10.51889/2020-3.2077-6861.30>

ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРЫН ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ САБАҚТАРЫНДА ӨТКІЗУ ӘДІСТЕРІ МЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа

Соңғы жылдары жас ұрпақтың дене тәрбиесі мәселесімен айналысатын ғалымдар халықтық ойындар мен дене қимылы жаттығуларының төл ерекшеліктеріне барған сайын айрықша қызығушылық танытуда. Шамасы, бұл өзгеше жағдайларда, мысалы, дала жер бедері, климаты, географиялық ерекшеліктері – дене қимылы қызметінің кез келген түрінің жеткілікті түрде тиімді болмауына байланысты. Спорттың көптеген классикалық түрлері – жүзу, шаңғы, коньки және т.б. жергілікті орындарда тиісті спорт алаңдары мен басқа да қымбат тұратын құрылыстардың болмауынан, оларды салудың жер бедеріне немесе елді мекендердің шашыраңқы болуынан қиынға түсуіне байланысты, кеңінен қолдау таппай отыр. Демек, ұлттық қимыл ойындары жас ұрпаққа қажетті дене қимылы қасиеттері мен дағды-машықтарын дамытудағы өзгертуге болмайтын құрал болып отыр. Сондықтан, педагогикалық жоғары оқу орындары жағдайында осы ұлттық қимыл ойындары қызметтерін ұйымдастыруға дене шынықтырудан болашақ мұғалімдерін мақсатты даярлау осы өзекті мәселені шешудегі жүйелі көзқарасты талап етеді. Мұндай мәселенің қойылуы әбден заңды. Өйткені, бұл қызметке мұғалімнің қандай дәрежеде даярланғанына оқу үдерісінің табысты болуына қатысты. Осыған байланысты, жоғарыда аталған жағдайларды ескере отырып, оқу үдерісіне ғылыми көзқарас туындайды, бұл ең алдымен қазіргі жастар дамып, жетіліп отырған жағдайлардың ерекшеліктерімен айқындалады.

Түйін сөздер: дене шынықтыру сабақтары; ұлттық ойындардың түрлері; өткізу әдістері.

Кіріспе. Қимыл ойындарының маңызы туралы теориялық та, сондай-ақ әдістемелік сипатта да көптеген арнайы әдебиеттер бар. Онда ойынның рөлі, оның таралуы, әртүрлі халықтардың ойын фольклорына ұқсастықтары мен айырмашылықтары, әдістемелік ерекшеліктері қарастырылады. Көрнекі педагогтардың, ғалымдардың пайымдауынша, балалардың ойын қызметінде екі негізгі фактор ұштасып келеді: бір жағынан – балалар сарамандық (практикалық) қызметке қосылады, дене қимылы қасиеттері жетіледі, дербес әрекеттер жасауға дағдыланады. Ал, екінші жағынан – орындалған жаттығу қызметтерінен моральдік және эстетикалық ләззат алады, өздерін қоршаған органы тану тереңдей түседі. Мұның бәрі, сайып келгенде, тұтастай алғанда жеке адамды тәрбиелеуге жәрдем береді. Сонымен,

ойын – тәрбиенің кешенді құрылымының бірі болып табылады: ол жан-жақты дене қимылы даярлығына, ұжымдық қызметтің өзгеріп отыратын жағдайларында қимыл негіздері мен күрделі әрекеттерді жанама түрде меңгеру арқылы, ағза функциясын, ойыншылардың мінез-құлық белгілерін жетілдіруге бағытталған [8; 16].

Мақсаты: ұлттық спорт түрінің белгілі бір түрімен қарқынды түрде айналысу кезеңі білім беру мекемелеріндегі кезеңге тап келіп, адам өміріндегі ағзаның жастық пісіп-жетілуінің аяқталу кезіне тура келеді. Ұлттық спорттың бұл түрлерінде жарыстар кезінде де, спорттық жаттықтырулар кезінде де ағзаға түсіп жатқан жүктеме көлемі төмендейді. Соңғы кездері спорттық жетістіктердің күрт өсуі жаттықтыру барысындағы жүктеме көлемінің күрт өсуі салдарынан болып отыр. Тіпті,

республиканың үздік спортшыларының жуырда ғана қол жеткізген жоғары жетістіктері мен көрсеткіштері, көп ұзамай-ақ мектептерде өткізілетін дене шынықтыру сабақтарында көптеген ұлттық спорт түрлері мен ойындары күнделікті құбылысқа айналып кетіп жатыр [5; 17].

Жас спортшының мектептік кезеңдегі спортта алға басуы, оның барлық жағынан дамуына байланысты, ал ұлттық спорт түрлерінің бұқаралық түрі білім беру мекемелеріндегі білікті ұстаздың немесе бапкердің әдістемелік тұрғыдағы нұсқауымен тандап алынған спорт түрінің мақсатына жауап беретін, дене қимылы қасиеттерін жан-жақты дамытудың негізгі жолы және әдісі болып саналады, ағза қызметтерінің жалпы деңгейлерін арттырады. Ұлттық спорттың және қимыл ойындарының бұл түрі спортшылар бойында ерекше дене қимылы және психикалық қасиеттер болуын талап етеді [6; 18].

Зерттеу әдістері мен оны ұйымдастыру: қазақтың ұлттық қимыл ойындары мен көңіл көтерулерінің шығу тегі мен қызметі жағынан

сан қилы және әртүрлі болып келетінін атай отырып, олардың тарихи жолды объективті түрде көрсететінін, Қазақстан Республикасы аймағында мекен еткен халықтар мен ұлыс өкілдерінің дене қимылының дамуының әр кезеңіндегі этникалық үдерістерді бейнелейтінін дене шынықтыру және спорт ғылымының осы саласында еңбектеніп жүрген ғалымдардың зерттеулерінен атап көрсетуге болады. Дәстүрлі ұлттық ойындар әртүрлі тарихи кезеңдерде пайда болып, осы кезге дейін сақталып қалды және жас ұрпақты тәрбиелеу ісінде бүгін де мәнін жоғалтқан жоқ. Осы ойындарға тарихи сипаттама бере отырып, мектеп жағдайында жас/жыныс [12; 19] ерекшеліктерін ескере, өткізуге боларлық түрлеріне тоқталып өтсек:

«Қыз қуу» – қазақ халқының өте көне ойындарының бірі, өзінің идеялық мазмұны жағынан бұрынғы кеңестік республикалардың мәдениетіне енген халықтық спорттың қай-қайсысынан болса да кем түспеген. Оны ұлттық спорт ойындарының қызғылықты бір түріне айналдыру үшін мүмкіншілік толық.

Қыз қуу «Манас» эпосында:

Боз бала, жігіт аралас,
Қыз-келінменен жарысып,
Қызық өзен бойласып,
Қызығысып қырандар
Қыз қууспай ойнасып,
Талықпай көшіп, бел байлап
Таласты көздей бет алып,
Ел шұркырап, шу болып
Ер қуанып, ду болып,
Кіндік кесіп, кір жуған
Жеріне көшіп келе жатад.

Қыз, жігіті қырғыздың,
Ғасырлап ойнайды қыз қуу!
Қыз қуу ойынын қарасаң,
Қызығына ел батып,
Қиқырып дулап тік тұрмай!
Қыз қуу ойыны қырғыздың,
Ежелден қалған салты екен!
Еңкейіп жандап жарысып,
Қызға жетсе жігіті,
Бұралтып тұрып қыз сүю,
Байырдан қырғыз нарқы екен!

Ал енді, қырғыз-қазақтың белгілі ақыны *Жалил Садықтың*:

Ойынның бірі қыз қуу,
Күліктер көкте сызшудай.
Тізгінді шауып жөнелсе,
Жігіті – сұңқар, қыз –
аққудай!

Ойын деп, шіркін, осыны айт,
Көргенде кімдер қызықпайды.
Жігіті жетіп қызды сүйсе,
Көзіңе сүйкім ұшырайды, –

деген жырынан аталмыш ойын жөнінде әдемі көркем елес беріп тұратынын аңғаруға болады.

Ол өзінің маңызы жағынан дене тәрбиесін беруде бүгінгі талапқа толық сай келеді. Және елімізде мекендеп жатқан халықтардың арасында кеңінен тараған ұлттық ат ойыны тобына жатады. Сонау ертеден келе жатқан спорт ойыны, ертеде «Қыз қашар», «Қыз қуалар» деп аталғаны болмаса, біздің заманымызға дейін оншама өзгеріссіз жеткенін атап өтуіміз керек. Бұл жарыс өзінің түрі жағынан біздің заманымыздан бұрын қандай болса, қазірде сол күйінде қалды. Сол заманғы тәртіп бойынша жарыс жігіт пен оның қалыңдығы арасында өткізілген (біздің заманымыздан бұрын VIII-VII ғасырларда Қазақстанның территориясын жайлаған кейбір рулардың арасында осындай тәртіп болған). Егер жігіт жарыста жеңілсе, ол өзіне қойылатын талапты ақтай алмағаны үшін оның қызбен некелесуге құқы болмаған. Ертедегі аңыз-ертегілерге қарағанда, қазақтарда тағы бір мынадай әдет-ғұрып болған. Осы әдет бойынша жарысқа екі рудың қыз бен жігіті түскен. Жігіттің жеңілуі оған салынатын айыппен қоса, өз руында еті тірі жігіт пен жүйрік атының жоқтығы үлкен кемістік болып табылған. Егер қыз жеңілген деп табылса, оның жағының келісімі бойынша, ешқандай қалыңсыз-ақ ол жеңген жігітке тұрмысқа шығады [2].

Қазіргі кездегі қыз қуу спорт жарысында күшті теңдестіру үшін әлсіз жаққа берілетін тиімді шартты еске салады. Жарыс мынадай тәртіппен өткізіледі. Сөреге қыз бен жігіт шақыралады. Жігіт қыздан 10-15 метр кейін тұрып жарысқа қосылады. Жігіт қызды қуып жетсе, өзінің жеңгендігін білдіру үшін оның білегінен орамалды алуға тырысады. Ал қыз оның керісінше, қуғыншыдан қашып құтылып, сөреге бұрын жетуге әрекет жасайды. Ал, қайтар жолда, егерде жігіт қызды қуып жетпесе, қыз оны немесе оның атын қамшыға алады. Мектептік жағдайда қыз қууды қазіргі бағытымен келешекте де дамытудың үлкен спорттық маңызы бар. Өйткені, бұл ойынды жаяу түрінде, түрлі сипатта, әдістер кешенін толық пайдаланған жағдайда дене қасиеттерін жетілдірумен қатар, өскелең ұрпақтың бойына рухани

даму, этикалық-серілік (ұлдар арасында), қазақ қызына тән ұяндық пен жібектей мінездердің қалыптасуына зор септігін тигізетінін қаперге алған жөн [1; 3; 7; 9].

«Теңге алу». Жерде жатқан теңгені атпен шауып келе жатып іліп алу үлкен ептілікті, ат құлағында ойнайтын шабондоздық тәжірибені талап етеді. Теңгені жерден іліп алғандарға бәйге беріледі. Бұрындары қазақ жігіттері атпен шауып келе жатып қолындағы қылышымен жерде жатқан тезекті түйреп алып көкке лақтырып жіберіп, оны жалмажан қылышымен екіге бөліп шауып түсіретін. Мектептік жағдайда, бұл ойынды қазіргі қолжалғау (эстафета), дене қасиеттерінің ішінде ең алдымен жылдамдық пен ептілікті дамытатын ойын түрі, кез келген жаста, яғни, жас пен жынысты талғамайтын ойын ретінде өткізе беруге болады [4; 10; 11].

«Көкпар». Қазіргі кезеңде ел арасында кең танымал болған ұлттық ат ойыны. Этнографтардың айтуынша, әуелгі атауы «көк бөрі» сөзінен шыққан. Бұрындары мал баққан көшпелі халықтар көк бөріні соғып алғанда өлігін ат үстінде сүйрелеп, бір-бірінен ала қашып, мәз-мәйрам болған. Кейін ол ұлттық ойынға айналған. Көкпар Орта Азия халықтарының да сүйікті ойыны. Көкпар жаппай тартыс және дода тартыс болып екіге бөлінеді. 1949 жылы елімізде көкпар жарысының жаңа ережесі бекітілді. Алаң көлемі қатысушылар санына сәйкес. Егер әр команда 5 адамнан болса, алаңның аймағының ұзындығы 300 метр, ені 100 метр; 10 адамнан болса, 500x200 метр; 15 адамнан болса 700x300 метр; 20 адам болса, 1000x500 метр. Көкпарда басы кесілген серке тартылады. Мектептік жағдайда бұл ойынды жоғары сынып оқушылары арасында, жаяу түрінде өткізуге болады. Егер де, жоғары сынып оқушылары өздерінің дене тұрқына қарай біреуі «ат», ал біреуі «ойыншы» болып, ойынды қызықты да, тартысты ету үшін біріне-бірі мінгесіп, күштілік пен төзімділік дене қасиеттерін тікелей дамытып жатса, орта немесе төменгі буын мектеп оқушылары үшін – жылдамдық, ептілік, икемділік пен төзімділік дене қасиеттерін дамытатын бірден-бір амал екені сөзсіз. Өйткені, дене

қасиеттерімен қатар, жас ұрпақта қайсарлық, батырлық және елін қорғар жауынгерлік қасиеттерін жетілдіреді [13].

«Ұшты-ұшты». Әлем халықтарының ішінде сөз маржанын дәл, әрі ұтқыр түрде тауып айтатын, импровизациялық қасиеті дамыған қазақ халқы секілді, халық кем десе де болады. Мағынасын дәл жеткізетін, сөз саптамасы дана халқымыздың мәнді де, бағалы ойларын ырғақты түрде жеткізетін зейіндік ойындар жеткілікті. Соның бірі – жоғарыда аталған «ұшты-ұшты» ойыны. Әдетте, аталмыш ойынды төменгі немесе орта буын мектеп оқушылары арасында, сабақтың немесе жаттықтырудың қорытынды бөлімінде, арпалысқа толы буырқандық сезімдік, дене қасиеттерін дамытатын негізгі бөлімдегі ойындардан соң өткізеді. Ойын шарты бойынша ойынды жүргізуші немесе бастаушы қатысушыларды жаңылыстыру үшін тез-тез ұшатын, ұшпайтын заттарды өлең түрінде, ырғақты шумақтатып, араластырып айтады [14]. Шарт бойынша ойнаушылар ұшатын заттарға ғана қолын көтеруге тиісті. Олар ұшпайтын затқа қолын көтеріп қалса, айыбына өз өнерін көрсетеді. Ойын бастаушы негізінен адамдарды, мысалы, былайша жаңылыстырады:

- Ұшты, ұшты – тарғақ ұшты! (ұшады).
- Ұшты, ұшты – жарғақ ұшты! (ұшпайды).
- Ұшты, ұшты – тырна ұшты! (ұшады).
- Ұшты, ұшты – тырма ұшты! (ұшпайды).

«Соқыртеке» – мектептік жағдайда төменгі мен орта буын оқушылары арасында тапқырлық пен зейіндікті дамытатын халықтық ойын. Ойын шарты бойынша ойыншылар дөңгелене тұрады. Ортаға орамалмен көзі байланған адамды – «соқыртекені» шығарады. Шеңбер бойынша тұрған ойынға қатысушылар «соқыртекені» түрткілейді. Ол сол кезде түрткен ойыншыны ұстап алып, атын айтуға тиіс. «Соқыртекенің» тыныш тұрған ойыншыны да ұстап алуына болады. Өзінің зейінсіздігінің арқасында абайсызда ұсталынып қалған ойыншы «соқыртекеге» айналып, ойын жалғаса береді [15].

«Асық ойыны». Қазақ халқында ертеден келе жатқан ойындардың бірі – асық ойындары. Кеңестік кезеңде «баймансаптардың ойыны» деп, қуғын-сүргінге ұшыраған, негізінде, балалардың мергендігін, өзара татулық пен сыйластыққа шақыратын, ұжымдық ұйымшылдық пен бірлікті дамытатын, мектептік жағдайда төменгі және ортаңғы буын оқушылары арасында кең тараған ойын түрі. Халық арасында асық ойындарының бірнеше түрі сақталған. Бұл ойынды тек асығы бар ер балалар ғана ойнаған. Асық ойнаушылардың саны 4-8-ге дейін барады. Бұл ойынның мақсаты – асық ұтып алу. Ойын ережесі: Көнге барлық ойыншы бір-бірден асық тігеді. Содан соң бір бала ойыншылардың кім-кімнен кейін ойнау керек кезектерін анықтау үшін басқалардың сақасын жинап алып иіреді. Иірген кезде алшы түскен сақаның иесі-бірінші, тәйке түскеннің иесі-екінші, бүк түскендікі – үшінші, шік түскендікі – төртінші болады.

Алынған нәтижелер мен қорытынды: ұлттық ойындарды білім беру мекемелерінде өткізудің педагогикалық мәні, оның өскелең ұрпақ арасында дене қасиеттерімен қатар, рухани-моральдік дамытудағы үлесін, жалпы және арнаулы жұмыс істеу мүмкіндіктерін арттыруға бағытталған, дене қимылы мүмкіндіктерін тәрбиелеудегі ең маңызды әдіс екенін атап көрсету қажет.

Адами қасиеттерді дамытуға негізделген ұлттық спорт түрлері мен халық ойындары мектеп оқушылары арасында барынша жоғары жетістікке деген ұмтылыспен тығыз байланысты.

Жүктеменің жоғары болуы бұл ұлттық спорт түрлерінің оқушы ағзасына тиімді әсер ететін басқа да әдістер мен жолдардан ерекшелендіріп тұрады. Жүктемені қатаң бақылап отырмайынша және ол жүктемелердің ерекшеліктерін білмейінше, денсаулықты шыңдау орнына зиян келтіріп алудан сақтанған жөн. Ал, спорттың бұл түрлерінің негізгі мақсаты – өскелең ұрпақтың денсаулығы. Сондықтан да, ұлттық спорт түрлерінен жаттығулар жүйесі дәрігерлік-педагогикалық бақылаусыз өтпеуі тиіс.

Пайдаланылган әдеби қайнар көздер тізімі

- [1] Bjelica B., Joksimović M., Seisenbekov Y., D'Onofrio R., Perovic T. The effects of pilates programs on motor skills and morphological characteristics of women //Ita. J. Sports Reh. – 2018. – Po. 5, 2. – P. 1063-1074.
- [2] Горелик В.В., Беляев В.С., Филиппова С.Н., Чумаков Б.Н. Особенности психофизиологической адаптации учащихся 11-16 лет к учебным и физическим нагрузкам, детерминированные типами их вегетативной регуляции //Человек. Спорт. Медицина. – 2018. – Т.18. – №1. – С.20–32.
- [3] Dill D. The economy of muscular exercise //Physiol. Rev.-Vol. 16. 1936. – P. 263-291.
- [4] Досқараев Б.М. Қазақстандағы Олимпиадалық білім және спорт тарихының очерктері /Б.М.Досқараев, Е.К.Сейсенбеков, Е.Т.Алтынбек. – Алматы. 2019. – С.400.
- [5] Дуркин П.К., Лебедева М.П. К проблеме воспитания личной физической культуры у школьников и студентов //Физическая культура: воспитание, образование, тренировка. –2000. – №2. – С. 50-53.
- [6] Iconomescu T.M., Mocanu G.D., Talaghir L.G. The development of conditional motor skills by means of courses and applicative circuits in 6th grade girls during the physical education class //Человек. Спорт. Медицина. – 2017. – №4. – Т.17. – С. 50-57.
- [7] Қаражанов Б. Қазақ дене тәрбиесі институты. – Алматы, 1991. – С.26-43.
- [8] Къчев О., Якимов М. Моделиране на адаптивна система за физическа дееспособност на студенти и курсанти /Материалы из IX-международной научной конференции по теме: «Съвременни тенденции на физическото възпитание и спорта». – София, 2017. – С.165-174.
- [9] Maslow A.H. Motivation and Personality /A.H.Maslow. – New York, 1954. – P.65-86.
- [10] Miyaznita M., Suadomoto T. The current problems of physical fitness in Japanese children /Journal of sports medicine. – 1987. – P. 40-45.
- [11] Мусина С.В. О некоторых особенностях физической подготовки студентов с избыточным весом / Физическое воспитание и спортивная тренировка. – Волгоград. – 2018. – №3(25). – С.23-27.
- [12] Olympic School Project. – Melbourn, 1989. – P.44.
- [13] Сапарбаев М.Б. Подготовка учителей физкультуры. – Алматы, 1992. – С.286.
- [14] Сейсенбеков Е.К. Дене шынықтыру мен спорт тарихы. – Шымкент, 2009. – С.144.
- [15] Сейсенбеков Е.К. Қазақтың ұлттық ойындарын оқу үдерісінде жастарды тәрбиелеу амалы ретінде қолдану /Сейсенбеков Е.К., Тастанов А.Ж., Дауленбаев М.Т. «ҚазҰУ Жаршысы», Педагогикалық серия. – 2016. – №1 (47). – С.118-123.
- [16] Сейсенбеков Е.К. Дене шынықтыру және спорт теориясы мен әдістемесі. – Астана: ЕҰУ баспасы, 2011. – С.431.
- [17] Сейсенбеков Е.К. Спорт теориясы мен әдістемесі. – Астана, 2013. – С.330.
- [18] Сейсенбеков Е.К. Білім алушының жеке дене мәдениетін тәрбиелеудің педагогикалық әдістері / Педагогика және психология. – 2016. – №1 (26). – С.118-122.
- [19] Тәнікеев М. Қазақстандағы дене шынықтыру мен спорт тарихы. – Алматы, 2002. – 254 бет.

References:

- [1] Bjelica B., Joksimović M., Seisenbekov Y., D'Onofrio R., Perovic T. The effects of pilates programs on motor skills and morphological characteristics of women //Ita. J. Sports Reh. – 2018. – Po. 5, 2. – P.1063-1074.
- [2] Gorelik V.V., Belyayev V.S., Filippova S.N., Chumakov B.N. Osobennosti psikhofiziologicheskoy adaptatsii uchashchikhsya 11-16 let k uchebnym i fizicheskim nagruzkam, determinirovannyye tipami ikh vegetativnoy regulyatsii //Chelovek. Sport. Meditsina. – 2018. – T.18. – №1. – S.20–32.
- [3] Dill D. The economy of muscular exercise //Physiol. Rev.-Vol. 16. 1936. – P. 263-291.
- [4] Dosqaraev B.M. Qazaqstandaғы Olimpiadalyq bilim және sport tarihyның очерктері /M. Dosqaraev, E.K. Seisenbekov, E.T. Altynbek. – Almaty, 2019. – S.400.
- [5] Durkin P.K., Lebedeva M.P. K probleme vospitaniya lichnoy fizicheskoy kul'tury u shkol'nikov i studentov // Fizicheskaya kul'tura: vospitaniye, obrazovaniye, trenirovka. – 2000. – №2. – S.50-53.

- [6] Iconomescu T.M., Mocanu G.D., Talaghir L.G. The development of conditional motor skills by means of courses and applicative circuits in 6th grade girls during the physical education class //Человек. Спорт. Медицина. – 2017. – №4. – Т.17. – С.50-57.
- [7] Qarajanov B. Qazaq dene tәrbiesi instituty. – Almaty, 1991. – S.26-43.
- [8] Kūchev O., Yakimov M. Modelirane na adaptivna sistema za fizicheska deesposobnost na studenti i kursanti. / Materialy iz İKH-mezhdunarodnoı nauchnoı konferentsii po teme: «Sūvremenni tendentsii na fizicheskoto v'zpitanie i sporta». – Sofiya, 2017. – S.165-174.
- [9] Maslow A.H. Motivation and Personality /A.H.Maslow. – New York, 1954. – P. 65-86.
- [10] Miyaznita M., Ssuadomoto T. The current problems of physical fitness in Japanese children /Journal of sports medicine. – 1987. – P.40-45.
- [11] Musina S.V. O nekotorykh osobennostyakh fizicheskoy podgotovki studentov s izbytochnym vesom / Fizicheskoye vospitaniye i sportivnaya trenirovka. – Volgograd. – 2018. – №3(25). – S.23-27.
- [12] Olympic School Project. – Melbourn, 1989. – P.44.
- [13] Saparbaev M.B. Podgotovka uĉitelei fizkultury. – Almaty, 1992. – S. 286.
- [14] Seisenbekov E.K. Dene shynyqtyru jane sport tarihy, Shymkent, 2009. – S. 144.
- [15] Seisenbekov E.K. Qazaqtyñ ulttyq ойындарын оқу үдерisinde jastardy tәrbieleu amaly retinde qoldanu / Seisenbekov E.K., Tastanov A.J., Daulenbaev M.T. «QazUU Jarshysy», Pedagogicalyk seriya. – 2016. – №1 (47). – S.118-123.
- [16] Seisenbekov E.K. Dene shynyqtyru jane sport teoriyasy men әdistemesi. – Astana: EEU baspasy, 2011. – S.431.
- [17] Seisenbekov E.K. Sport teoriyası men әdistemesi. – Astana, 2013. – S.330.
- [18] Seisenbekov E.K. Bilim alushynyñ jeke dene мәdenietin tәrbieleudiñ pedagogikalыq әdisteri /Pedagogika jәne psihologiya, 2016. – №1 (26). – S.118-122.
- [19] Tәnikeev M. Qazaqstandagy dene shynyqtyru men sport tarihy. – Almaty, 2002. – S.254.

Методы и особенности проведения казахских национальных игр на уроках по физической культуре

Н. Ордабаев¹, К. Абишев², Т. Кадырбаев¹, Е. Тугелбаев², Т. Баймырзаев²

¹Региональный социально-инновационный университет (Шымкент, Казахстан)

²Казахский национальный педагогический университет имени Абая (Алматы, Казахстан)

Аннотация

В последнее время ученые, занимающиеся проблемой физического воспитания подрастающего поколения, все больше уделяют внимание национальным особенностям народных игр и физическим упражнениям. Это было связано климато-географическим особенностям, рельефу местности, что затрудняло эффективность функций физических нагрузок в стандартных школьных условиях. Отсутствие дорогостоящих спортивных сооружений и спортплощадок, разбросанность населенных пунктов, сложности местного рельефа не давали возможности проведения многих классических видов спорта, как – плавание, конькобежный и лыжный спорт и др., не имеют широкой поддержки. В сложившихся обстоятельствах для поддержания физических навыков и умений, национальные игры и являются панацеей, выходом из положения. Поэтому, решение проблемы подготовки физкультурных кадров в педагогических ВУЗах, компетентных организовать внедрение национальных игр в учебный процесс, требует систематического пересмотра. Успешность учебного процесса напрямую связана со степенью подготовки учителя. В связи с этим, учитывая вышестоящие обстоятельства, в учебном процессе может зародиться новый научный взгляд, вносящий свой вклад для физического и духовного развития подрастающего поколения.

Ключевые слова: уроки по физической культуре, виды национальных игр, методы проведения.

Methods and features of the Kazakh national games in physical education lessons

N. Ordabayev¹, K. Abishev², T. Kadyrbayev¹, Yer. Tugelbaev², T. Baimyrzaev²

¹Regional Social Innovation University (Shymkent, Kazakhstan)

²Abay Kazakh National Pedagogical University (Almaty, Kazakhstan)

Abstract

Recently, scientists involved in the problem of physical education of the younger generation are paying more and more attention to the national characteristics of folk games and physical exercises. This was due to climatic and geographical features, the terrain, which hindered the effectiveness of the functions of physical activity in standard school conditions. The lack of expensive sports facilities and sports grounds, the scattered settlements, the complexity of the local terrain did not make it possible to conduct many classic sports, such as swimming, speed skating and skiing, etc., do not have wide support. In the circumstances, to maintain physical skills, national games are a panacea, a way out. Therefore, the solution to the problem of training physical education personnel in pedagogical universities that are competent to organize the introduction of national games in the educational process requires a systematic review. The success of the educational process is directly related to the degree of teacher training. In this regard, given the higher circumstances, a new scientific view may be emerging in the educational process, contributing to the physical and spiritual development of the younger generation.

Keywords: physical education lessons, types of national games, methods of conducting.

Редакцияға 10.01.2020 қабылданды

FTAХР 18.45

Е.А.БИЛАЛОВ

*Т.Қ. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы
(Алматы, Қазақстан), erlan.bilalov.71@mail.ru
<https://doi.org/10.51889/2020-3.2077-6861.31>*

ЗАМАНАУИ ТЕАТРДАҒЫ АКТЕР ТҮЛҒАСЫ

Аңдатпа

Зерттеу мақсаты – актердің сыртқы келбетінің негізгі ерекшеліктерін анықтау және оның бүгінгі сахна өнерінің таптырмас тасымалдаушысы екенін көрсету. Мақалада актер шеберлігіне, жалпы адамзаттық құндылықтарға және театр өнерінің ерекшеліктеріне назар аударылады. «Адамдарға арналған театр» тіркесі тұжырымдамасының мазмұны актерлердің ерекше миссиясында айқындалған және көрсетілген: тірі адамның сезімдерін, толқуын жеткізу және болып жатқан жағдайдың шынайы жай-күйін сездіру. Кәсіби актер ойынын ешнәрсе алмастыра алмайтыны, оның және көрермендердің арасындағы тікелей қарым-қатынас құралы ретінде, іс-әрекеттің барлық нюанстарын сезінуге мүмкіндік беретін идея негізделген. Мақаланың ғылыми жаңашылдығы технологияның дамыған дәуірінде және инновациялық арнайы эффектілерді енгізу жағдайында актерлік шеберліктің тозуы мен дамуын зерттеу болып табылады. Нәтижесінде, инновациялық технологиялар көрерменге шығарманың мәнін түсінуге көмектесуі керек екендігі айқындалып, сипатталады, ал актер шеберлігі өз кезегінде көрерменнің жалпыадамзаттық құндылықтарына бағытталуы керек екендігі анық көрсетіледі.

Түйін сөздер: театр; театр өнері; актер; режиссёр; спектакль; творчество; жаңа технологиялар; эмоция; актер шеберлігі; сахна шеберлігі.

Кіріспе. Театр – көркемдік ізденістер көркемдік даму жоқ. Ал, бұл ізденістерде аясы мен интерпретациялары шексіз өнер негізінен режиссура алдыңғы планда тұрі. Көркемдік-эстетикалық ізденістерсіз тұрады. Бұл – режиссура өнерінің өркендей

бастаған ХХ ғасырдан бері жалғасып келе жатқан үрдіс. Режиссерлік театрлар өткен ғасырдың екінші жартысынан бастап қатты қарқын алғаны белгілі. Режиссерлік театрлардың сахна өнеріндегі, ондағы жан-жақты ізденістердегі орны, әрине, ерекше. Айталық, Кеңес одағы театрларының бәрі іргетас етіп алған Станиславский жүйесі, қала берді Мейерхольд, Вахтангов, Товстоногов, берідегі Любимов, Захаров, Стурова, тағы басқалар, қазақ сахнасынан айтар болсам, Ж.Шанин, А.Токпанов, Б.Омаров мектептері, әсіресе, Ә.Мәмбетов мектебінен қаншама көрнекті актерлер шықты. Солардың ішінде қазақ театр өнерінде өзіне ғана тән орындаушылық ерекшелігімен, көркем-эстетикалық талғамымен дараланып есімі қазақ театр тарихында алтын әріппен жазылған ұлы тұлғаларымыздың бірі – Әнуар Молдабеков. Дарынды суреткер қазақ актерлік өнерін озық өреге, әлемдік тұғырға көтеріп, актерлік бақытты басынан кешкен, өз еңбегінің зейнетін көрген, халқына тынбай қызмет еткен, ұрпақтар зердесіне ұлағат сәулесін сепкен дара тұлға болып қалды [10].

Қазақ сахна өнерінде қойылымдық режиссураның көрнекті өкілі Ә.Мәмбетов мектебінің өкілдері, бүгінде қазақ сахнасының аға буыны М.Әуезов театрының ғана емес, жалпы ұлттық сахна өнеріміздің жоғарғы деңгейін күні бүгінге дейін ұстап келеді. Ал, Мәмбетовтің өзі самородок сары алтын актерлер, ұлттық сахна іргетасын қалаушылардан көп үйренген, оларды өзінің ұстаздары санағаны еске түседі. Жалпы қазақ сахнасында актерлік мектеп мықты саналады. Бұл, әрине, мақтанш. Дәстүр жалғастығы сақталып отырған театрымызда аға буыннан үйренгені, үйренері көп орта және жас буын өкілдері жақсы жарасыммен өнер көрсетіп келеді. Репертуардың негізгі жүгін көтеріп, заман талабына сай өнер көрсетіп келе жатқан да осылар. Ал, қазіргі заман актерден ерекше ізденіс пен жан-жақты еңбекті талап етіп отыр.

Зерттеу әдістері. Актердің жасампаздығы оған назар аударғанда барып іске асады [11]. Актердің сахнадағы ойыны – қиын да күрделі, өйткені сол кеш, сол сәтте роль

қалай өрнектеледі, солай шығады. Онда кинодағыдай екінші, үшінші дубль деген жоқ, монтаж кезінде түзетіп жіберу мүмкіндігі де жоқ. Актер өз ойынына, сахнада өтіп жатқан оқиғаға көрерменін сендіре білуі, көрермен залын еліте білуі шарт. Осы орайда, самородок сары алтындардың бірі Қалибек Қуанышбаевтың Абайы жайында айтылған сөз еске түседі. «Оны көргенде ұялас жауыз жандар жым-жырт болады. Ол қос ғашыққа арашаға келген Абай еді. Абай ұзақ толғанып, үнсіз тұрады. Ол өзгелердің де осы айуандық қылықтарын ойлануларына мүмкіндік береді. Осы көріністе Қуанышбаев өзінің үнсіз тұрыс, дыбыссыз сөзімен көрермен қауымның ақыл-ойын бірден билеп әкетеді. Данышпан дананың рухани құдіретті күйін актер асқан шеберлікпен жеткізеді» [10]. Және де бұл тұста актердің сахналық шындығы – үшінші-төртінші шындық (драматург-режиссер-сценограф-актер) және осының барлығына қарамастан басты шындық болып шығады. Жоғарыда атап өткеніміздей ішкі әлемі әрдайым мазмұнға толы, қарым қабілеті орныққан, жанары жасындай жарқылдаған сөзі мірдің оғындай – актер – негізгі идеяны жеткізуші, әлемнің образды картиналарын жасап шығарушы, театрдың негізгі тұлғасы, басты тірегі.

Осы тұста актер шығармашылығындағы негізгі құралының бірі – сөз өнері жайында бір ауыз айта кеткім келеді. Сөз арқылы шығарманың негізгі идеясын, болмысын танып білеміз [12]. Сөз мәдениеті адамның ойлау, логикалық мәдениетінің жоғары деңгейде болуын меңзейді. Сөз мәдениетіне қойылатын үлкен талаптың бірі – өз туған тілін құрметтеу, ардақтау, мақтан тұту болып табылады [6].

Абайдың «Құлақтан кіріп, бойды алар

Әсем ән мен тәтті күй» – дегеніндей сөздің де адам бойын билеп, оған әсер етудегі алар орны зор. Әдемі, құнарлы, мағналы, сөзді естіп отырып көрермен иә тыңдарман сан алуан күй кешеді, одан ғибрат алып, пайымы, өмірге деген көзқарасы өзгеріп, қалыптасады. Мысалы, М.Әуезовтың «Қарагөзінде» Сы-

рым мен Қарагөздің алғашқы кездесулерінде Сырым, Қарагөзге қарап: «Қара түндей қасірет ортасында, жалғыз шырақ жарығым, маңдайдағы жұлдызым, торға түскен ақ тотым, келші күнім» - дейді. Сонымен қатар, келесі кездесулерінде: «Сәулем Қарагөз! Мен сені үнемі көрем, далада ауылда, кара түнде иесізде, айдалада елсізде, әрбір салған әнімде, тартқан күйімде ұдайы көз алдымда өзіңсің, қарайсың да тұрасың, солайсың сен Қарагөз, Қарагөз ару, асығым» – дейді.

Өкінішке орай, бүгінгі күні ғашықтар арасында, маңдайдағы жұлдызым, ақ тотым, сәулем, аруым, асығым және жоғарыда айтылған теңеулердің бірі айтылса, бірі айтылмайды. Ал айтылған жағдайда, ғашықтардың жан жүрегі бір-біріне қаншалықты тазалықты жеткізер еді. Сөз құдіреті олардың бір-біріне деген сенімін соншалықты нығайтып, сезімнің тереңдігіне жетелейтін еді. Сонда араларындағы қарым – қатынастың баянды болары сөзсіз еді. Өзара сезімдеріне кәміл жастар көп болса, біз және біздің ұрпағымыз өмір сүретін қоғам, гүлденіп жақсармаса, жапа шекпесі анық емес па еді?

Актер үшін осынау сөздің құдіретін сезіну, маржандай тізіп, жан дүниесіне сіңіріп оны сахна төрінен айта біліп, көрермен көкейіне жеткізу қандай ғажап; себебі, көрерменге жеткізбес бұрын актер бұл сөздерді түсініп өзінің жадына сіңіру үшін қаншама жағымды, жақсы психологиялық өзгеріске енеді, саналы түрде, әлгі жазылған сөздерді өзі оқып, ести отырып пайымдағанда, оның санасында сан түрлі көріністер пайда болып (актер тілінде видение деп атайды) жаны елжіреп ләззатқа бөленіп, өзге адамға екібастан жақсылық жасағысы келіп тұратын күйде болады. Бұл сөз өнерінің тылсым күші. Сөзде сиқыр бар деп ықылым заманнан келе жатқан даналар бекер айтпаса керек. Яғни сөз көрерменге актер арқылы шығарманың идеясын жеткізуші құрал ғана емес, актердің адал адам, азамат ретінде қалыптасуына зор ықпал етуші күш. Ал сахна төрінен үлкен психологиялық мәні терең философиялық ауқымы кең ойларды жеткізетін актер болу үшін де, бүгінгі жас буынға алдымен адам

болып қалыптасу шарт. Ендеше ғұлама Әуезовтың шығармаларындағы сөзді санасына сіңірген жас актердің, өмірде адам, өнерде кәсіби маман болмасқа еш хақысы жоқ сияқты.

Сахнада керемет дикциясымен, қоңыр үнді даусымен осындай сөз маржанын көрермен көкейіне жеткізетін актердің орнын ешқандай бүгінгі сахнадағы технология, техника алмастыра алмайтынына тағы да кәмілмін.

Дей тұрғанда, заманауи өнер театрдағы режиссуралық, сценографиялық ізденістерге кеңінен жол ашты. Бүгінгі сахнада да өткен тарихымызды немесе қазіргі уақытты бейнелеу барысында режиссерлік қойылымдар басымдық алып отыр және бұл – бүкіләлемдік тенденция екенін жақсы білеміз. Режиссерлік эксперименттер жасау – қазіргі театрдың даму шарттарының бірі. Тәжірибелі театр қайраткерлері, режиссерлер де, режиссурадағы жас буын да өз туындыларын жаңаша формада беруге ұмтылады [5]. Эксперименттің жақсысы Асылбек Ихсанның айтуындағы таза ұлттық нақыштағы Белгі театрының шарттарымен жасалғаны ғажап болар еді. Оның айтуынша:

«Ал театр дегеніміз, уақыт пен кеңістікті көркемдік заңдарына сүйене отырып кері «пішіп», бір жарым сағаттың ішінде ғасырларға созылатын оқиғаларды көрермен алдында өткізіп шығатын болғандықтан театр тілі – тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін белгі арқылы жеткізетін көркемдігі ерекше күрделі тіл» [9].

Десекте, қазақ театры әлемдік сахна өнеріндегі ізденістерден шет қала алмайды. Оның үстіне театр өзге де мәдени үдерістермен қанаттаса дамитыны тағы бар. Сондықтан да республика театрларында дәстүрлі қойылымдармен қатар жаңа драма театры, деректі театр, визуалды театр көріністері бар, сондай-ақ мюзикл, шоу спектакльдер де баршылық [3]. Әрине, біздер әйтеуір бір жаңалықты емес, жаңа бір көркемдік сезім-танымдарды қолдау бағытын ұстанамыз.

Бұл тұста актерлер қауымы ре-

жиссер үшін небір ауыр салмақты жауапкершілікпен көтеретін Атланттар мен Кариатидалар болып шығады. Ал, мықты, актерлер режиссерлік ізденістерге тез бейімделіп, кез-келген күрделі міндеттер үдесінен шығып келеді. Мұндай міндеттер, сөз жоқ, актерлердің биік кәсіби шеберлігін танытса керек [2]. Сонымен қатар бүгінгі таңда актер – таусылмайтын бір сынақтар объектісіне айнала бастаған жоқ па деген алаң туындайды. Енді осы ойымды таратып көрейін.

Қанша жерден театрдың негізгі тұлғасы актер дегенімізбен бүгінгі таңдағы заманауи театр да – режиссерлік театр екенін және басымдық та осындай театрда екенін мойындауымыз керек [14]. Ал, режиссерлік театр көп жағдайда авторитарлық театр екені әмбеден аян. Бұл – қандай да қойылымның өзегі режиссердің қойылымдық концепциялары болып шығады деген сөз. Мұның өзі режиссердің диктатын барынша орнықтырды және актердің өзіндік төлтумалығына нұқсан келтіретін, өзіндік даралығын айқындауға кедергі болып жататын жағдайлары бар. Театр тарихында, оның ішінде қазақ театрының тарихында да осындай ахуал болмай қалған жоқ. Режиссер мен актердің тайталасына әкелетін жағдайларға кешегі өткен және жақын тарихымыздан мысалдар келтіруге болады. Актердің психологиялық комфортты зонада жұмыс жасауының маңызы үлкен [13]. Режиссуралық диктатқа көңісі келмейтін және өзінің идеяларын толықтай жүзеге асырғысы келетін актерлердің тәжірибе жинақтай келе режиссураға ауысатыны, мүмкіндік болып жатса, өз театрлары мен студияларын ашып, еркін театр қағидасымен жұмыс жасауға ұмтылатындары себепсізден себепсіз болмаса керек.

Режиссерлық шешімдегі спецэффектілер, тіпті шешімнің өзі үстемдік құрған жерде актердің рөлі жоққа тән. Бұлай дейтін себебім, театр сахнасындағы көркем туынды, яғни спектакль көрермен көкейіне эстетикалық талғам қалыптастыратын мектеп іспеттес десек, оның басты оқытушылық миссиясын орындаушы – актер дер едім.

Актер әдеби шығарма сахналанған кезінде, оның күллі идеялық мазмұнын, актер орындайтын кейіпкердің өмірбаянынан бастап, сол кейіпкердің жан сезімін, санасынан, өзегінен өткен бүкіл қақтығыс, қуанышын, өкінішін, құлау мен құлдырауын, ой-арманын, сезім дірілін, күйінішін өз бойына, болмысына сіңіріп, жадында сақтап, өзіне тән театрлық бояу-өрнекпен жаңа күйге түсіріп, кейіпкердің мінезі мен өзара қарым-қатынасынан туған қақтығысы, тартыс талас іс-әрекетіне жан бітіріп, тірілтіп жібереді [4].

Яғни сахнадағы жансыз режиссерлық шешім мен спецэффекті емес, тірі актердың жан сезімі, жүрек дүрсілі, толғанысқа толы көз жанары, эмоциялық тебіреніске толы үні, демі, және т.б. көрерменнің жадына ғана емес, күллі жан дүние – болмысына әсер етіп, есінен көп уақытқа дейін кетпеуі арқылы санасына эстетикалық талғам мен таным қалыптастыратыны хақ.

Пікірталас. Демек, театр атты бекзат өнерде, ондағы қойылатын көркем қойылымды құрайтын декорация, жарық, музыка, костюм, грим және басқа да режиссер қолданатын спецэффектілердің ішіндегі негізгі нысан мәртебелі актер болып қала бермек.

Бұл тұста мен режиссерлік театрға қарсы шығып тұр деген ой тумаса деймін. Мені алаңдататыны – режиссерлік ұстанымда жұмыс істейтін актерлердің қазіргі таңда тағы бір психологиялық стресске ұшырау мүмкіндігі. Бұл қазіргі таңда театр өнеріне де дендеп ене бастаған жаңа технологияларға байланысты мәселе. Актерлерге осы заманауи технологиялармен «бәсекелестікте» еркін жұмыс жасай білетін уақыт туып отыр. Өйткені бүгінде театрларда көптеген спектакльдердің идеялары мен сюжеттері, сондай-ақ визуалдық қатары айқындала түсуі үшін заманауи инновацияларды, кең экрандық, сондай-ақ 3D технологиялар пайдалану кеңінен етек жая бастады. Мақсат – қойылымдардың көркемдігін, көрермендерге әсер ету сапасын арттыру. Жаңа технологиялар спектакльдерге үлкен ауқым береді, визуалдық қабылдауға үлкен әсер етеді. Бүгінгі көрермен, әсіресе, жас

көрерменнің клиптік санасына, сондай-ақ ұжымдық санаға әсер ететін қойылымдарда жаңа технологиялардың алар орны маңызды.

Бүгінгі таңда спектакльдердің көркемдігін, көрермендерге әсер етуін сапасын арттыру мақсатында біздің Мұхтар Әуезов театрында да жаңа технологиялар тиімді пайдаланылып келеді. Ондай қойылымдарымыздың визуалды қатары өте көркем. Мысалы, «Бейбарыс сұлтан» және «Таңсұлу» спектакльдері – сахналық сымбаты жарқын; жаппай майдан, сондай-ақ жекпе-жек сахналары, өзге де пластикалық қатарлары көркем, сонысымен де бүгінгі көрермендер талабынан шығатын туындылар. Режиссерлік, актерлік шешімдер туған ел, жерге деген сүйіспеншілікке бастайтын үлкен идеясымен ершеленетін бұл қойылымдар панорамалы кинокартина сияқты әсер қалдырады. Мұннан көрермен жал-жал толқынды буырқанған теңізді де, алып кемелерді де, сайын даладағы шайқастар мен жекпе-жектерді де қызыға тамашалайды.

Панорамалы кинокартина сынды «Қорқыттың көрі» және «Ай мен Айша» спектакльдеріндегі ғарыштық кеңістіктер, ауысып отыратын пейзаждар көрерменнің қабылдау аясын кеңейтеді. Театр репертуары үшін, ұлттық тарихтың бояу-бедерін тану үшін тарихи-ғұмырнамалық драмалардың орны бөлек [14]. Мәселен, Қазақ хандығының 550 жылдығына көрнекті жазушы Илияс Есенберлиннің романы бойынша арнайы шығарылған «Алмас қылыш» қойылымында да сахна кеңістігі мейлінше пайдаланылады және үш өлшемде (жер үсті – жер асты – аспан көк) қабылдауға мүмкіндік тудырады. Бұл қойылымдардың жарық және дыбыстық эффектілері және музыкалық көркемделуіде ерекше.

Жаңа технологиялық жетістіктер еркін қолданылған «Бейбарыс сұлтан», «Таңсұлу», «Қорқыттың көрі» спектакльдері. Бұл спектакльдерде би және сахна сайысы жеткілікті қойылған. Ал сахналық барлық қимыл-қозғалыс *біріншіден* – жақсы көріну керек; *екіншіден* – композициясы әрқашан да аяғына дейін жетіп, дер кезінде тоқталуы

қажет; *үшіншіден* – соққыға қарсы реакция күші, жұлқу күшіне сай болу қажет; төртіншіден – серіктерінің бар қимыл әрекеті бір – бірімен қатаң түрде үйлесімді болуын – сахна сауаттылығы дейміз [8].

Зерттеу нәтижелері. Осы тұрғыдан келгенде, қимыл-қозғалыс сауаттылығы және пластикалық партитуралардың көркемдік деңгейі өте жоғары. Сахнада көркем де келісті көрінер әрбір сахна, әрбір эпизод нағыз кәсібилер еңбегінің жемісі.

Дегенмен де жаңа технологиялар актер өнерін кері ысыратын тенденция белең алып, жанды өнерге деген жанашырлықты азайтып кетпесе деген алаң бар екенін жасыра алмаймыз.

Небір жаңа технологиялар актердің жанды келбетін, жан дүние дірілін, сезім толқындарын, визуалды және вербалды қимыл-қарекеттерін, паралингвистикалық (дауыстың құбылуы, дыбыс үндестілігі мен үн тазалығы, т.б.) және экстралингвистикалық (сөз арасындағы пауза және күлкі, жылау, жөтелу, уілдеу, т.б. қосымшалар) ерекшеліктерін бере алмайтыны, актер ойынына жандылық және мағыналық ақпараттар беретін басқа да элементтер қоса алмайтыны анық. Әрине, сахна өнері қазіргі таңда әбден салтанат құрған бұқаралық мәдениет ахуалында уақыт талаптарын еске алмай дами алмайды. Дей тұрғанда бүгінгі заман жастарына клиптік сана өкілдері деп қарау – олардың саналы адам баласының орасан жетістігі – ойлау қасиет-құдіретін есепке алмау болып шықпауы тиіс.

Театрда жаңа технологиялар мен құралдар жалаң эффект тудыруға немесе режиссердің шығарманы интерпретациялаудағы әлсіздігін «жасыруға» көмектеспеуі тиіс. Мейлі драмалық спектакльде, мейлі заманауи мюзиклде болсын, заманауи техникалық құралдар көрерменнің дүние-ғаламды тани түсуіне, тиімді қарым-қатынас жасауға қызмет ететіндей деңгейде қолданылуы шарт, оларды пайдаланудағы негізгі мақсат та осы болса керек.

Қорытынды. «Театр – адамдар үшін» қағидасы өзінің маңыздылығын ешқашан жоғалтпақ емес. Театр қоғамның, адамның

өзін-өзі тануы, зерттеуі, жақсара түсуі жолында еңбек етеді; адам жанымен сырласады, жеке адамға қарата үн қатады [1]. Театр – сахнадан адамды өзін-өзіне таныта отырып адам табиғатының өзгермелілігін, нәзіктігін және рух мықтылығын бейнелейді. Мына элем-ғаламның, өмірдің көп қырлылығын, көп нұсқалылығын терең тани түсуге мүмкіндік ашады. Бұл тұста театрды, сахнаны психоаналитик деуге болар еді. Бұл тұста Е.Гротовскийдің актер орындаушыдан авторға айналатыны туралы пікірі еске түседі.

Театр – адамдарды ізгілік, игі мұраттар жолында біріктіреді, бұл, сөз жоқ, – ұжымдық сана қағидасынан өзгеше бірігу. Әрине, осының бәрінде актердің миссиясы үлкен. Көрерменге қай кезде де 3-D, 4-D жаңа технологиялардан, небір жаңа смарт-фондардан гөрі қашанда таза рухани күш-

куат, адами сұхбаттастық, қарым-қатынас, байланыстар қымбат. Мұндай күш-куатты, сұхбаттастықты, керек десеніз, өз өміріне проекцияны көрермен барлық оқиға, көңіл-күй, небір қақтығыстар «тап қазір және осы жерде өтетін» (здесь и сейчас по Хайдегеру – ЭБ) актер ойынынан, көркем спектакльден ғана ала алады.

XXI ғасырда театралдық формалар байытылып, әртүрлі бағыттағы театрлардың молаюы – уақыт талабы. Ал, бүгінгі сахнада актерлік өнер қайта түлеп, жаңаша жарқырауына бүкіл театрлық қоғамдастық мүдделі болса ғанибет. Бүгінгі сахна өнері өз көрерменін, әсіресе, жас ұрпақты жаңа технологияларды емес, адам баласының биік мұрат, асыл армандарын проекциялайтын актерлік өнер биігіне таң қалатындай жағдайға жету жолында еңбектенуді жазсын деп тілеймін.

Пайдаланылған әдеби қайнар көздер тізімі

1. Құндақбайұлы Б. Театр туралы толғаныстар. – Алматы: Өнер, 2006. – 320 б.
2. Немирович-Данченко В.И. Рождение театра. – Москва: Правда, 1989. – 576 с.
3. Шостак И. Режиссер Мамбетов. – Алма-Ата: Өнер, 1989. – 144 с.
4. Иовлева-Жантурина М.В., Кравцов А.М. Я – актер. Я – человек. Высшее достижение создателя: Сборник воспоминаний о народном артисте Казахстана, популярном актере театра и кино Нурмухане Жантурине. – Алматы: Атамура, 1997. – 256с.
5. Кнебель М.О. О действенном анализе пьесы и роли. 3-е изд. – М.: Искусство, 1982. 119 с.
6. Әбішева Р.Р. Сөз мәдениетін қалыптастырудың кейбір мәселелері /Педагогика және психология. – 2019. – №1(38). – с.....
7. Мұхтарханқызы З. Қазақ киносының анасы /Мәдениет. – 2020. – №8. – 168 б.
8. Құлбаев А. Сыр мен Сымбат. – Алматы: Мектеп – Болашақ, 2005. – 344 б.
9. Ихсанов А.М. Түркілердің «Белгі театры» /«Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында заманауи театр өнерінің даму тенденциялары: Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары, 19 қараша. – Алматы, 2018. – 398 б.
10. Нұрпейіс Б.К. Сахна шеберлігі. – Алматы, 2018. – 284 б.
11. Құлбаев А. Б. Сырлы сезімнің сыртқы иірімдері: Монография. – Алматы: Литера-М, 2016. – 262 б.
12. Тұранқұлова Д. Сахна тілі: Оқулық. – Алматы: Білім, 2011. – 264 б.
13. Мұқан А. Театрда туған толғамдар: Зерттеулер, мақалалар, рецензиялар. – Алматы: Балауса, 2019 – 386 б.
14. Исламбаева З.У. Ұлттық өнердің жауһарлары: Монография. – Алматы: Service Press, 2019. – 256 б. + 24б. сурет.

References

1. Qundaqbauly B. Teatr týraly tolǵanystar. – Almaty: Óner, 2006. - 320 b.
2. Nemirovich-Danchenko V.I. Rojdenie teatra. – Moskva: Pravda, 1989. – 576 s.
3. Shostak I. Rejiser Mambetov. – Alma–Ata: Óner, 1989. – 144 s.

4. Iovleva-Jantýrina M.V., Kravsov A.M. Ia – akter. Ia – chelovek. Vysshee dostizhenie sozdatelá: Sbornik vospominanií o narodnom artise Kazahstana, popýlárnom aktere teatra i kino Nýrmýhane Jantýrine. – Almaty: Atamýra, 1997. – 256 s.
5. Knebel M.O. O deistvennom analize pesy i roli, 3-e izd. – M.: Iskýsstvo, 1982. – 119 s.
6. Ábisheva R.R. Sóz mádenietin qalyptastyrdýdiń kebir máseleleri / Pedagogika jáne psihologiya. 2019. – №1(38). – s....
7. Muhtarhanqyzy Z. Qazaq kinosynyń anasy. – Mádeniet, 2020. – №8. 2020. – 168 b.
8. Qulbaev A. Syr men Symbat. – Almaty: Mektep – Bolashaq, 2005. – 344 b.
9. Ihsanov A.M. Túrkiilderdiń «Belgi teatry» / «Rýhanı jańgyry» baǵdarlamasyn júzege asyryú aiasynda zamańaı teatr óneriniń damý tendensialary: Halyqaralyq ǵylymı-praktikalıq konferensia materialdary, 19 qarasha. – Almaty, 2018. – 398 b.
10. Nurpeiis B.K. Sahna sheberligi. – Almaty, 2018. – 284 b.
11. Qulbaev A.B. Syrly sezimniń syrtqy iirimderi: Monografiya. – Almaty: Litera-M. – 2016. – 262 b.
12. Turanqulova D. Sahna tili. Oqýlyq. – Almaty: Bilim, 2011. – 264 b.
13. Muqan A. Teatrdá týǵan tolǵamdar: Zertteýler, maqalalar, reseńzialar. – Almaty: Balaýsa, 2019 – 386 b.
14. Islambaeva Z.Ý. Ulttyq ónerdiń jaýharlary: Monografiya. – Almaty: Service Press, 2019. – 256 b. + 24 b. súret.

Облик актера в современном театре

Е.А.Билалов

*Казахская национальная академия искусств имени Т. Жургенова
(Алматы, Казахстан)*

Аннотация

Цель исследования – определить главные черты облика актера и показать, что он является незаменимым носителем сегодняшнего сценического искусства. В статье, акцентируя внимание на мастерство актера, рассмотрены также общечеловеческие ценности и специфика театрального искусства. Определяется содержание понятия фразы «Театр для людей» и демонстрируется в особой миссии актёра: передать чувства, волнения живого человека и подарить истинные ощущения всей атмосферы происходящего. Обосновывается идея о том, что ничто не сможет затмить игру профессионального актера, как материал живого общения между ним и зрителем, позволяющего прочувствовать все нюансы действия. Научная новизна заключается в изучении перерождения и развития актерского мастерства на фоне развивающегося века технологий и внедрения инновационных спецэффектов. В результате, выделен и охарактеризован тот факт, что инновационные технологии должны способствовать пониманию зрителем сути постановки, а мастерство актера должно быть обращено к общечеловеческим ценностям зрителя.

Ключевые слова: театр, театральное искусство, актер, режиссёр, спектакль, творчество, новые технологии, эмоция, актерское мастерство, сценическое искусство.

The image of an actor in the modern theater

Bilal Yerlan

*Kazakh National Academy of arts named after T.Zhurgenov
(Almaty, Kazakhstan)*

Abstract

The purpose of the study is to determine the main features of the appearance of the actor and show that he is an indispensable carrier of today's stage art. In the article, focusing on the skill of the actor, universal human values and the specifics of theatrical art are also considered. The content of the concept of the phrase «Theater for people» is determined and demonstrated in the actor's special mission: to convey the feelings, excitement of a living person and give true feelings of the whole atmosphere of what is happening. The idea is substantiated that nothing can overshadow

the game of a professional actor, as a material of live communication between him and the audience, allowing you to feel all the nuances of the action. Scientific novelty lies in the study of the degeneration and development of acting skills against the backdrop of a developing age of technology and the introduction of innovative special effects. As a result, the fact that innovative technologies should help the viewer understand the essence of the production is highlighted and characterized, and the actor's skill should be directed towards the universal values of the viewer.

Keywords: theater, theatrical art, actor, director, performance, creativity, new technologies, emotion, acting, stage art.

Редакцияға 03.06.2020 қабылданды

FTAХР 14.35.07

Ә.Т. ИСАЛИЕВ¹, А.Б. АБАКАЕВА¹, А.Н. КАРЫМБАЕВА¹

*¹Т.Қ. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы
(Алматы, Қазақстан), galikman@mail.ru; assel-almaty1979@mail.ru;
na-aa@mail.ruhttps://doi.org/10.51889/2020-3.2077-6861.32*

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ СПОРТТЫҚ-БАЛ БИІНІҢ ДАМУЫНЫҢ НЕГІЗГІ КЕЗЕҢДЕРІ МЕН БАҒЫТТАРЫ (1968-1988 жж. кезеңі)

Аңдатпа

Мақалада Қазақстан Республикасындағы спорттық-бал биінің дамуының негізгі кезеңдері мен бағыттары сипатталған. Деректерді хронологиялық әдіс арқылы көрсету таңдалған, өйткені бұл спорттық-бал биі жаттықтырушыларының педагогикалық іс-әрекеті мен қалыптасуының динамикасын бақылауға мүмкіндік береді. Отандық спорттық-бал билерінің қалыптасуы мен дамуының негізгі екі кезеңі келтірілген. Леонид Петрович Векшин, Валентина Васильевна Евсеева, Валерий Валентинович Анцышкин секілді қайраткерлердің Республикамыздағы спорттық-бал билерінің дамуына қосқан үлестері баяндалған. Елімізде алғашқы еуропалық және латын американдық билер мектептерінің, спорттық-би клубтарының ашылуы және осы билер бойынша алғашқы жарыстарының өткізілуі белгіленген. Қазақстанда спорттық биді дамытуға көмектескен шетелдік мамандардың есімдері келтірілген. КСРО кезіндегі спорттық-бал билерінің қандай қиындықтармен кездесуі сипатталған. «Радуга» спорттық-би клубының қалыптасуы туралы деректер келтірілген.

Түйін сөздер: спорттық-бал биі; хореография; кезең; спорттық-би клубы; «Радуга».

Кіріспе. Мақала тақырыбының өзектілігі соңғы жылдардағы белгілі бір жетістіктерге қарамастан, қазіргі уақытта спорттық-бал биі мұғалімдер мен жаттықтырушылардың алдында жинақталған педагогикалық тәжірибені жалпылау және талқылау міндетін қоятындығына байланысты. Спорттық-бал бидегі жаттықтырушылардың педагогикалық іс-әрекеті мен педагогикалық қызметінің негізгі кезеңдерін тарихи тұрғыдан зерделеу қажеттілігі болғандықтан, біз бұл мәселеге бет бұрдық. Мақалада келтірілген фактография «Спорттық бал биі педагогикасы» мамандығының студенттері үшін дәріс курсы дайындауға және толықтыруға ғылыми

қызығушылық тудырады. Сондай-ақ, жүйелі материалды зерттеушілер таңдалған ғылыми мәселелерді кең аспектіде одан әрі дамыту үшін қолдана алады.

Спорттық-бал биін еденде дамыту процесінде екі негізгі кезеңге бөлуге болады. Әрине, мұндай градация (кез-келген периодтау сияқты) белгілі бір дәрежеде шартты: бал биі эволюциялық жолмен дамыды, және көбінесе жаңа тенденция бастапқы кездейсоқ құбылыстың өзіндік түрі ретінде пайда болды, ол бірінші кезекте даму векторына мүлдем сәйкес келмеді. Өз уақытынан едәуір бұрын, ол ұзақ уақыт бойына оқшауланған факт, прецедент болып қала

берді және көптеген жылдардан кейін оның әлеуетін одан әрі дамыту үшін жағдай туды. Сондықтан, спорттық-бал биін дамытуды ұсыну кезеңі ретінде критерийлер ретінде ең айқын және дәйекті трендтер таңдалды.

Зерттеу әдістері мен қалыптасу кезеңдері. Бірінші кезеңді (1968-1978 жж.) бал биінің пайда болуы мен қалыптасу кезеңі деп анықтауға болады. 1966 жылы Алматы қаласында жаңа үй құрылысы комбинатының Мәдениет сарайы («АДК») ашылды. Оның алдында бал билері клубы жұмыс істеді. Бұл үйірменің бастауында кім тұр деген сұраққа жауап беру мүмкін емес, өйткені мұғалімдер мен жаттықтырушылардың жұмысы туралы жазбалар іс жүзінде жоқ, өкінішке орай, көптеген нәрселер қайтарымсыз жоғалып кетті және кейбір оқиғалар Леонид Петрович Векшин, Валентина Васильевна Евсеева, Галина Дмитриевна Зайдентрумф секілді мұғалімдерінен еске түсірулеріне сәйкес қалпына келтірілді. Барлығы қалпына келтірілмеген, бұл Республикада спорттық-бал билерінің даму тарихының алғашқы кезеңдеріне қатысты материалдың үзіндісін түсіндіреді. Сонымен бірге, осы зерттеудің мақсаттарын іске асыру үшін салыстырмалы талдау жүргізу қажет, атап айтқанда: КСРО-да спорттық-бал билерінің қалыптасуы мен дамуы, өйткені Қазақстан посткеңестік кеңістіктегі одақтас республикалардың бірі болды. Сондықтан қалыптасу кезеңдері мен оның бағыттары одақтас республикалардың аумағында бал билерін ұйымдастырудың жалпы принциптері мен тәсілдеріне байланысты болды [1].

Өткен ғасырдың 30-жылдарында Еуропада бал билері күшті позицияға ие болғаны белгілі – әр түрлі елдердің ашық чемпионаттары жүйелі түрде өткізіліп отырды, ресми жарыстар – Еуропа және әлем чемпионаттары. Болашаққа көз жүгіртсек, КСРО-да 70-ші жылдарға дейін Батыста сияқты әуесқойлар мен кәсіпқойларға бөлу болмаған. Бірақ халықтың бал билеріне деген қызығушылығы өте жоғары болды. Бастапқы кезеңде бал билерімен негізінен мектептен немесе жұмыстан кейін еденге шыққан жастар мен зиялылар айналысқан.

Жас шектеуі болған жоқ. Бал биі ресми түрде 60-жылдардың аяғында дами бастағанына қарамастан, ұқсас кезең Қазақстанда да өтті.

Зерттеу көрсеткендей, Алматыда «АДК» Мәдениет сарайы ашылғаннан кейін, бірнеше айдан кейін бал билері сабақтарында би жұбы – Леонид пен Инесса Векшиндар пайда болды. Леонид Векшин Рига авиациялық институтын бітіргеннен кейін жұбайы Инесса Векшинамен бірге туған Алматыға оралды.

1968 жылдың 13 қазанында Леонид пен Инесса Векшиндар «АДК» Мәдениет сарайында еуропалық және латын американдық билер мектебін ашты. Осылайша республикада спорттық бидің бірінші тобы дүниеге келді. Бұл отандық хореографиялық мәдениеті тарихында жаңа құбылыс болды - аренада хореографияның бір түрі – спорттық-бал биі пайда болды. Векшиндар спорттық бидің болашақ табысының кілті, ең алдымен, оған кадрларды даярлауға байланысты екенін түсініп, оқу процесін ұйымдастыруда және оған билейтін жұптарды таңдауда белсенді қатыса бастайды. Векшиндардың педагогикалық жұмысындағы қағидалардың бірі стандартталған қимылдар мен байланыстарды үйрену принципі болды. Жас мамандар бірдеңке жаңа ойлап табуға тырыспады, негізгі міндетіне зиян келтірмеді. Олар еуропалық және латынамерикалық билердің бірыңғай бағдарламасын қатаң ұстанды [2].

Республикада Алма-Ата бишілерінің «ісінің» ізбасарлары, «стандарт» пен «латина» жақтаушылары пайда болды. Валерий мен Ольга Анцышкиндер өздерінің белсенді қызметін Қарағандыда бастады, олар 1970-ші жылдардың басында Кеншілер Мәдениет үйінде Бал-би ансамблін (кейіннен «Халық» атағына ие болды) құрды. Валерий мен Ольга Анцышкиндер Ленинградтан келген Александр Александровтан би билеуді үйренген. Бұл топқа Татьяна Тихонова, Валентина Суханова, Александр Бондаренко да қатысты.

Анцышкиндардың ұжымы негізгі және дайындық топтарына бөлінді. Олар кеңестік бағдарламаның билерімен, еуропалық, формейшн, диско және жеке, кейіннен латын америка билерімен айналысты [3, С.10, 14, 24.].

Олармен танымал халықаралық дәрежедегі бишілер, Еуропа билерінен КСРО-ның бұрынғы чемпиондары Станислав пен Людмила Поповтар, Мәскеуден Петр мен Алла Чеботаревтар, Ленинградтан Юрий және Ольга Симоновтар өздерінің тәжірибесін және педагогикалық атқарымдарын жаңадан бал биінен бастаушыларға өткізген.

1977 жылы Шымкент қаласында ерлі-зайыптылар Дмитрий мен Ольга Шуть «Дуэт» би клубын ашады. Олардың ұжымын Станислав пен Людмила Поповтар қадағалайды, олар Шымкент қаласында бал билерін дамытуға білікті көмек көрсетті. Поповтардың арқасында Шымкентке көптеген танымал дуэттер мен тәлімгерлер келді: Юрате және Чесловас Норвайша, Юрий және Ольга Симоновтар, Алла және Петр Чеботаревтар, Талат және Марина Тарсиновтар, Елена және Владимир Колобовтар және т.б. – бұл Қазақстанның оңтүстігінде де, республикада да спорттық биді дамытуға көмектескен шеберлердің толық тізімі емес [4]. Шуть оқушыларының арасында Ким Игорь да бар, ол кейінірек Қазақстан Республикасындағы Бал би ассоциациясын ұйымдастырушылардың бірі болды.

Дәл сол жылдары Жамбылда (қазіргі Тараз қ.) бал билері белсенді дами бастады. П.И. Якимов және оның жұбайының жетекшілігімен «Талисман» спорттық-би клубы ашылды. Якимовтардың оқушыларының арасында Музафьяров Юрий мен Юлия (қазіргі таңда Грецияда жұмыс істейді), Төребек (Кожмамбет) Аида және Светлана, Мирхамит Қуат болды. Кейін Якимовтар Ресейге жұмыс істеуге кетті.

Осылайша, 1968-1978 жылдар аралығында республикада алғашқы спорттық би үйірмелері ашылды, олар жылдан жылға орындаушылық шеберліктің дамуына ықпал етті. Даму векторының көрсеткіші болып Алматыда ұйымдастырылған жарыстар (қалалық деңгейден республикалық деңгейге дейін), (1969 ж. 27 сәуірде 1-ші конкурс) және Шымкентте (1-ші республикалық конкурс, 1970 жылдың

желтоқсаны) өтті, ал 10 жылдан кейін балдық билерді бүкіл Республика биледі [5].

Бұл кезеңдегі маңызды сәт, мамандандырылған оқу орындарындағы пән ретінде бал билерін зерттеуде алғашқы қадам жасалды. Дәлірек айтсақ, А. Селезнев атындағы Алматы хореографиялық училищесінде.

Бал биі дамуының **екінші кезеңі** келесі онжылдықты қамтиды (1978-88 жж.). Тек Қазақстанның ғана емес, бүкіл Кеңес Одағының идеологтары кеңес жастары үшін спорттық-бал билерін үйрену – әуес іс деп санайды. Бірте-бірте бал билері саласындағы қайраткерлер үнемі идеологиялық кедергілерді жеңіп, «жер астынан» шықты. Ресми құжаттарда «стандарт» бойынша жарыстарға деген құлшыныс пайда болып, «стандартқа» курс би әуесқойларының тар шеңберіне арналған курс болып табылады, бұл жаппай бал билерінің мүдделерін толығымен ескермеу болып табылады және бұл отандық хореографияның, отандық мектебінің дамуына тежегіш» деп айтылған [6].

Соған қарамастан, советтік жұптар социалистік елдердегі халықаралық турнирлерге қатыса бастады. 1980 жылдардың аяғы – 1990 жылдардың басында елдің ең жақсы жұптары ресми әуесқойлық және кәсіби турнирлерде (St, La және 10 бидегі әлем және Еуропа чемпионаттары) КСРО атынан үнемі қатыса бастайды. 1980 жылдары посткеңестік кеңістіктегі елдерде болған бал билерінің ұйымдастырушылық құрылымын қалыптастыру процесі бүгінгі күнге дейін жалғасып келеді [7]. Бұл клубтық жүйеге негізделген: топтық, жеке сабақтар; семинарлар мен шеберлік сыныптары.

1988 жылы Кәсіби орындаушылар мен бал биі мұғалімдерінің қауым-дастығы (АПИ-УБТ) және Бал биі қауымдастығы (КСРО ББК) құрылды [8]. Сол жылы Қазақстанда Республикалық бал билер қауымдастығы, кейіннен ҚР Спорттық би федерациясы құрылды. Алғашқы президент - жиырма жыл бойы осы ұйымның жетекшісі болған Валерий Валентинович Анцышкин.

Спорттық-бал би қайраткерлерінің қосқан үлесі

Қайраткерлер	Бал биінің қалыптасуы мен дамуына үлес қосуы	Ескерту
<i>Қазақстандағы қызмет ету кезеңі 1968-2010 жж.</i>		
Леонид Петрович және Лия Павловна Векшиндар	<p>Қазақстандағы бал биінің негізін қалаушылар;</p> <p>– Алғаш рет олар бал биін пән ретінде Алматы қаласының №1 орта мектебінде енгізді.</p> <p>– Алғаш рет спорттық-бал биі арнайы білім беру мекемесінде пән ретінде енгізілді – А.Селезнев атындағы Алматы хореографиялық училищесі.</p> <p>– Спорттық-бал биі бірінші рет пән ретінде жоғары оқу орнында енгізілді - ҚазҚызПИ, кейін Жоғары хореография мектебі.</p>	<p>«АДК» МС, Алматы, 1968 ж.</p> <p>1971 ж.</p> <p>1970 жылдардың ортасы. Сол кезде АХУ директоры С.И. Кушербаева болған</p> <p>1987 ж. Пәнді енгізуге бастамашы болған Д.Т. Әбіров. Жоғары хореография мектебі – қазіргі Т.Қ. Жүргенов атындағы ҚазҰӨА-ның «Хореография» факультеті,</p> <p>1994 ж.</p>
<i>Қазақстандағы қызмет ету кезеңі 1970 ж.-дан бастап - 2008 жылға дейін</i>		
Анцышкин Валерий Валентинович	<p>В.В. Анцышкиннің «Бал биінің ансамблі» ұжымына алғаш рет «Халық» атағы берілді.</p> <p>– Алғашқы боп жеке сабақтарды енгізді.</p> <p>– Қазақстан Республикасы Спорттық би федерациясының бірінші президенті.</p>	<p>Қарағанды,</p> <p>1970 жылдардың ортасы</p> <p>1988 ж.</p>
Евсеева Валентина Васильевна	<p>– «Радуга» спорттық-би клубын құрды, ол Қазақстан Республикасында бал биінің дамуына үлкен үлес қосты.</p> <p>– Алматы қалалық спорттық би федерациясының президенті болып сайланды.</p> <p>– «Білім беру ісінің үздігі» төсбелгісімен марапатталған.</p> <p>– Алматы облысы спорттық би федерациясының президенті болып тағайындалды.</p> <p>– Астанадағы мектеп оқушыларының Спартакиадасында спорттық бидегі ең жақсы жаттықтырушы ретінде құрметті дипломмен марапатталды .</p> <p>– Алғаш рет Т.Қ. Жүргенов атындағы ҚазҰӨА-да «Спорттық-бал билерін оқытудың теориясы мен әдістемесі» атты сабақты енгізді.</p> <p>– Т.Қ. Жүргенов атындағы ҚазҰӨА-ның «Құрметті профессоры» атағы берілді.</p>	<p>Алматы, 1980 ж.</p> <p>1997 ж.</p> <p>1997 ж.</p> <p>1999 ж.</p> <p>2001 ж.</p> <p>2001 ж.</p> <p>2012 ж.</p>

Пікірталас пен нәтижелері. Ресейдегі бал билерінің шеберлерімен қатар спорттық-бал биі Қазақстандағы әуесқойлар арасында белсенді дами бастады. Республикада бал билерінің дамуына Валентина Васильевна Евсеева үлкен үлес қосты. Ол Ленинград жоғары кәсіподақтар мектебін, хореография факультетін бітірген, әрі қарай Н. Крупская атындағы Ленинград мемлекеттік мәдениет институтында және Мәскеудегі халықтық өнер университетінде біліктілігін арттырған тәжірибелі маман еді [9]. Сонымен қатар, ұйымдастырушылық тәжірибесі бар еді – Омбы авиациялық зауыттың Мәдениет сарайының басшылығы.

1980 жылы орындаушылық шеберлікті жетілдіру мақсатында В.В. Евсеева Алматы қаласында Пионерлер мен оқушылар сарайында «Радуга» спорттық-би клубын ашты. «Радуга» ұжымы 16 топтан тұрды, оларды 12 жаттықтырушы оқытады. Оқыту бағдарламасына еуропалық және латынамерикалық билер кірді, сонымен қатар кеңестік бағдарламаның билері де болды. Ұжым сайыстарға қатысумен қатар, әртүрлі конференциялар мен сайлаулардың, Коммунистік партия съездерінің және теледидар бағдарламаларының жұмысына белсенді қатысты [10].

1982 жылдан бастап қалалық Пионерлер мен оқушылар сарайында жыл сайынғы дәстүрлі «Көктем ырғағы», «Қысқы армандар», «Күзгі марафон», «Би рингі», «Бақытты балалық шақ» конкурстары

өткізіліп келеді. Бұл жарыстарға бишілер Қазақстан қалаларынан ғана емес, Ресейден, Қырғызстаннан және Өзбекстаннан да қатысты. 1988 жылы «Радуга» спорттық-би клубы спорттық-бал билері бойынша ашық чемпионат өткізді.

Хореографиялық ұжымда оқу процесі білім беру және тәрбие жұмыстарынан тұрады [11], осы міндеттерді тиімді шешу үшін В.В. Евсеева - Илья Данилов, Александр Лебедев, Сергей Рюпин, Елена Хворова, Ирина Соломатина, Александр, Елена мен Евгений Саватиндер, Ольга, Юлия және Евгений Бережнойлар сияқты жетекші ресейлік мұғалімдерді дәріс беруге шақырады.

Валентина Васильевна Евсееваның шәкірттері арасында жетекші бишілер мен жаттықтырушылар, мысалы: Максим Якуба, Елена Глыбовская, Ровальд Нагаев, Темірлан және Данияр Атарбаевтар, Максим Аксенов, Анна Григорьева, Елена Воронова, Камаль Бердиев, Светлана Маливанова, Әлібек Исалиев, Наталья Меньшикова, Хамит Бекежанов. Оксана Лебедева - Германиядағы Франко Формикамен жұптасқан, кәсіпқойлар арасындағы 2010 жылғы Латын Америкасы билері бойынша әлем чемпионатының қола жүлдегері [12].

Қорытынды. Осылайша, осы уақыт аралығында республикада бал билері белсенді дамып келеді. КСРО-да, оның ішінде Қазақстанда да ұйымдық құрылым қалыптасуда. Кенес билері міндетті түрде бал билері бағдарламасынан шығарылады.

Пайдаланылған әдеби қайнар көздер тізімі

- [1] Ключникова Е.А. Немного истории /Танго. – 2003. – №1. – с. 3.
- [2] Стриганов В.М., Уральская В.И. Современный бальный танец. – М.: Просвещение, 1977. – 327 с.
- [3] Николаева Л.А. Развитие педагогических идей выдающихся хореографов Казахстана (1933-1993 гг): Автореф... к.п.н.: 13.00.01. – Алматы: КазНАИ им. Т.Жургенова, 2009. – 27 с.
- [4] Ключникова Е.А. Немного истории /Танго. – 2007. – №5. – с. 3.
- [5] Акуленок С.В. из главы книги «Кто есть кто?» Выпуск 5, Т.2, 2003 М.: Межд.объедн.биограф центр, www.rts.ru (дата обращения: 20.10.2018).
- [6] Исалиев А.Т. История спортивного бального танца. – Алматы: Goodprint, 2012. – 151 с.
- [7] Ключникова Е.А. Немного истории /Танго. – 2008. – №6. – с. 3.

- [8] Говард Г. Техника европейских танцев (пер. с англ. Белгородский А.) – М.: Артис, 2003. – 256 с.
[9] Powers R., Enge N., Enge M. «Cross-Step Waltz: A Dancer's Guide». – London: Redowa Press, 2019. – 236 p.
[10] Лэрд У. Техника латиноамериканских танцев, часть первая, Румба, Самба (пер. с англ. Белгородский А.) – М.: Артис, 2003. – 178 с.
[11] Кусанова А.Е. Хореографиядағы оқу үдерісі /Педагогика және психология. – 2017. – №2(31). – С.100.
[12] Официальный сайт Ассоциации федераций спортивного танца Республики Казахстан www.fstrk.kz. (дата обращения 12.02.2019).

References

- [1] Klyuchnikova E.A. Nemnogo istorii /Tango. – 2003. – №1. – с. 3.
[2] Striganov V.M., Ural'skaya V.I. Sovremenniy bal'nyi tanec. – М.: Prosveshchenie, 1977. – 327s.
[3] Nikolaeva L.A. Razvitie pedagogicheskikh idej vydayushchihsya horeografov Kazahstana (1933-1993 gg): Avtoreferat...k.p.n.: 13.00.01. – Almaty: KazNAI im. T.ZHurganova, 2009. – 27 s.
[4] Klyuchnikova E.A. Nemnogo istorii /Tango. – 2007. – №5. – с. 3.
[5] Akulenok S.V. iz glavy knigi «Kto est' kto?» Vypusk 5, T.2, 2003 – М.: Mezhd.ob`dn.biograf centr, www.rts.ru (data obrashcheniya: 20.10.2018).
[6] Isaliev A.T. Istoriya sportivnogo bal'nogo tanca. – Almaty: Goodprint, 2012. – 151 s.
[7] Klyuchnikova E.A. Nemnogo istorii /Tango. – 2008. – №6. – с. 3.
[8] Govard G. Tehnika evropejskikh tancev (per. s angl. Belogorodskii A.) – М.: Artis, 2003. – 256 s.
[9] Powers R., Enge N., Enge M. «Cross-Step Waltz: A Dancer's Guide». – London: Redowa Press, 2019. – 236 p.
[10] Le'rd U. Tehnika latinoamerikanskikh tancev, chast' pervaya, Rumba, Samba (per. s angl. Belogorodskii A.) – М.: Artis, 2003. – 178 s.
[11] Kusanova A.E. Horeografiyadagy oku uderisi /Pedagogika zhane psihologiya. – 2017. – №2(31). – с.100.
[12] Oficial'nyi sajt Associacii federacii sportivnogo tanca Respubliki Kazahstan www.fstrk.kz. (data obrashcheniya: 12.02.2019).

**Основные этапы и тенденции развития спортивно-бального танца в
Республике Казахстан (период 1968-1988 гг.)**

А.Т. Исалиев¹, А.Б. Абакаева¹, А.Н. Карымбаева¹

¹Казахская национальная академия искусств имени Т.К. Жургенова (Алматы, Казахстан)

Аннотация

В статье описаны основные этапы и тенденции развития спортивно-бальных танцев в Республике Казахстан. Способ изложения данных избран хронологический, поскольку он позволяет проследить динамику процесса развития и формирования педагогической деятельности тренеров спортивно-бального танца. Приведены два основных этапа становления и развития отечественных спортивно-бальных танцев. Описан вклад таких деятелей, как Леонид Петрович Векшин, Валентина Васильевна Евсеева, Валерий Валентинович Анцышкин, в развитие спортивно-бальных танцев в Республике. Были установлены первые школы по европейским и латиноамериканским танцам, танцевально-спортивные клубы в нашей стране, а также первые соревнования по данным танцам. Приведены имена зарубежных специалистов, помогавших развитию спортивных танцев в Казахстане. Описаны трудности, с которыми пришлось встретиться спортивно-бальным танцам в период существования СССР. Приведены сведения о становлении танцевально-спортивного клуба «Радуга».

Ключевые слова: спортивно-бальный танец; хореография; этап; танцевально-спортивный клуб; «Радуга».

**The main stages and trends in the development of sports ballroom dance in the
Republic of Kazakhstan (period 1968-1988)**

A.T. Isaliyev¹, A.B. Abakaeva¹, A.N. Karymbaeva¹

¹Kazakh national academy of arts named T.K. Zhurgenov (Almaty, Kazakhstan)

Abstract

The article describes the main stages and trends in the development of sports ballroom dancing in the Republic of Kazakhstan. The method of data presentation was chosen chronological, since it allows us to trace the dynamics of the process of development and formation of the pedagogical activity of trainers of ballroom dance. Two main stages of the formation and development of domestic sports ballroom dancing are given. The contribution of such figures as Leonid Petrovich Vekshin, Valentina Vasilyevna Evseeva, Valery Valentinovich Antsyshkin to the development of sports and ballroom dancing in the Republic is described. The first schools for European and Latin American dances, dance-sport clubs in our country, as well as the first competitions in these dances were established. The names of foreign experts who helped the development of sports dancing in Kazakhstan are given. The difficulties with which ballroom dancing was encountered during the existence of the USSR are described. The information on the formation of the dance-sport club «Raduga».

Keywords: sports ballroom dance; choreography; stage; dance-sport club; «Raduga».

Редакцияға 08.04.2020 қабылданды.

**Абай атындағы ҚазҰПУ-да педагогтың цифрлық сауаттылығын
арттыру өзекті мәселесі**

Білім беруді мейлінше ыңғайлы ету, оқушылар мен студенттерді қашықтан оқыту әдістемесін дайындау, еліміздің оқу орындарын нақты цифрландыруды аяқтау, сонымен қатар, жаңа талаптарды есепке ала отырып, педагогтардың дайындығын жүзеге асыру керек.
Қ.Тоқаев, 11 мамыр, 2020 - Sputniknews.kz

Елімізде COVID-19 індетінің таралуына байланысты білім беру жүйесінің барлық салалары, атап айтқанда, жалпы білім беретін орта мектеп, колледж және жоғары оқу орындары қашықтықтан оқыту жүйесіне көшті. Әрине, бұл пандемиядан талай бұрын оқытудың цифрлық құралдарының тиімділігі, оның білім алушының дербес траекториясын қалыптастырудағы рөлі туралы ізденістер де, қолданыстағы озық тәжірибелер де болмады емес болды. Бірақ бір мезетте дерлік бүкіл Ғаламшардағы білім алушылардың бірдей цифрлық оқу платформаларына тәуелді болып қалуын ешкім күтпеген болатын. Сол себепті де педагогтар қауымының біразының цифрлық сауаттылығы, қашықтықтан оқыту процесін жүргізуге құзіреттілік деңгейінің жеткіліксіздігі анық байқалды. Сондықтан тез арада оқу процесінде цифрлық платформалар мен онлайн-сервистерді оңтайлы қолдану үшін профессор-оқытушылардың цифрлық сауаттылығы мен құзыреттілігін дамыту, ІТ технологиялар туралы біліктілігін арттыру қажеттілігі туындады.

Бұл туралы Абай атындағы ҚазҰПУ ректоры, профессор Т.Балықбаев Мәскеу қаласында 19-20 маусым аралығында өткен Ресей Федерациясының білім беру министрлігі, Ресей білім беру академиясы, Мәскеу педагогикалық мемлекеттік университеті, Педагогикалық университеттердің Еуразия ассоциациясы ұйымдастырған «Педагогическое образование в условиях системной трансформации современного общества» атты форумында «Инновационные концепции подготовки педагогических кадров в Казахстане» баяндамасында ерекше атап көрсетті.

Сондай-ақ, университет білім беру саласын цифрландыру аясында озық тәжірибесі бар алыс-жақын шетелдік әдіскер ғалымдардың авторлық курстарын ұйымдастыру арқылы да университеттің профессор-оқытушы құрамының біліктілігін арттыру міндетін өз уақытында қоя білді. Атап айтқанда, Абай атындағы ҚазҰПУ-нде келесідей вебинарлар мен тренингтер жүргізілді:

– «Актуальные протоколы дистанционного изучения английского языка в условиях COVID-19 и посткарантинной реальности» атты Халықаралық эксперт Р.Лукьянец;

– «Новая образовательная реальность: экстренный переход на дистанционное обучение или полноценное онлайн-образование» атты Казан федеральды университетінің профессоры Т.Алишев;

– «Стратегии цифрового маркетинга» атты Цифрлық бизнес Лондон мектебінің профессоры С.Парех;

– «Разработка системы подготовки педагогов для обучения и воспитания учащихся в условиях общественной цифровизации» атты Мәскеу мемлекеттік педагогикалық университеті,

В.П.Астафьев атындағы Красноярск мемлекеттік педагогикалық университеті, Мәскеу педагогикалық мемлекеттік университетінің алдыңғы қатарлы профессорларының С.Г.Григорьев, В.В.Гриншкун және т.б.

“Цифровая трансформация Казахстана” атты “Университет 2035” А.Комиссаровтың онлайн мектебі.

Осы курстардан алынған білім және информатика және білімді ақпараттандыру саласы бойынша жинақталған тәжірибелер бойынша Абай атындағы ҚазҰПУ-де «Цифрлы педагог» онлайн курсының бағдарламасы құрылды. Курс бағдарламасы негізінде алдыңғы қатарлы цифрлық сауаттылығы жоғары деңгейдегі педагогтар 620 профессор оқытушылар құрамы және 60 мектеп мұғалімі оқытылды.

«Цифрлы педагог» онлайн мектебінің кең ауқымды және қызықты бағдарламасында қашықтан оқытуға қажетті «Білім берудегі цифрлық құралдар», «Диагностика және іріктеу», «Білім беру нәтижелерінің рубрикаторлары», «Педагогикалық дизайн негіздері», «Білім беру үдерісіндегі цифрлық ізбен жұмыс істеу», «Интерактивті өзара әрекеттесуге арналған цифрлық құралдар», «Видеосабақтарды түсіру тәсілдері», «Бақылау және бағалау тапсырмаларын құру», «Виртуалды лаборатория» тақырыптары қарастырылды.

Тренинг барысында көптеген тартымды онлайн платформалар қолданылды. Атап айтсақ, топтық жұмысты ұйымдастыру үшін Miro, Discord, Mindmap, Googledocs; видеосабақтарды түсіру OBS Studio, жүктеу және таратуды ұйымдастыру үшін Youtube; Оқу ортасын ұйымдастыру үшін: Discord сервері және Coreapp.ai; Видеоконференция жүргізу, видеоны жазу және тарату үшін Zoom видеослужбасы; видеоның субтитрын жүктеп алу үшін: Subdown; Тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру үшін: ClassDojo; Семантикалық талдау, түйінді сөздерді бөліп көрсету, тыңдаушылардың эмоционалды көңіл-күйін анықтау үшін деректерді талдау құралдары: ALOT, Advego, dandelion.eu; Бақылауды ұйымдастыру мен бағалау үшін: onlinetestpad, Padlet, Kahoot, Mentimeter құралдарын тиімді пайдалану жолдары үйретілді. Тренингтің әртүрлі платформалар мен жүйелерде өтуі оқу құралдарын тиімді меңгеруге және педагогикалық дизайн негіздерін сапалы игеруге жағдай жасады.

